

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (28-шығарылым) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 ақпандығы № 79-о-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 07 наурызда № 8359 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 119 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 02.04.2020 № 119 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125-бабына сәйкес жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігін белгілеу, жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру және кәсіптерінің дұрыс атауларын айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (28-шығарылым) бекітілсін.
2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасов) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Қ. Егембердіге жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Әбденов

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 27 ақпандығы
№ 79-о-м бұйрығымен
бекітілген

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (28-шығарылым) 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (бұдан әрі - БТБА) (28-шығарылымы): "Шыныталышқ, шыныталышқ материалдар, шыныпластик, химиялық талышқ және солардан жасалатын бүйімдар өндірісі" бөлімінен тұрады.

2. Жұмыс разрядтары олардың күрделілігіне қарай, әдетте, еңбек жағдайлары ескерілмей белгіленген. Қажетті жағдайларда, еңбек жағдайлары (ауырлығы, зияндылы және тағы басқа) тиісті органдар бекітетін тарифтік ставкаларды белгілеу жолымен ескеріледі.

3. Әр кәсіп бойынша тарифтік-біліктілік сипаттаманың екі бөлімі бар. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімі жұмысшы орындаған білуге тиіс жұмыстардың сипаттамасын қамтиды. "Білуге тиіс" бөлімінде арнаулы білімге, сондай-ақ ережелерді, нұсқаулықтар мен басшы материалдарды, жұмысшы қолдануға тиісті әдістер мен құралдарды білуіне қатысты жұмысшыға қойылатын негізгі талаптар қамтылған.

4. Тарифтік-біліктілік сипаттамасында жұмысшы кәсібінің осы разрядына анағұрлым тән жұмыстардың тізбесі келтіріледі. Бұл тізбе жұмысшы орындаған алатын және орындауға тиісті жұмыстардың барлығын қамти алмайды. Жұмыс беруші қажетті жағдайда, жұмыс ерекшелігін ескере отырып, тиісті разряд жұмысшылары кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында қамтылған жұмыстарға сәйкес келетін жұмыстардың қосымша тізбесін әзірлей алады.

5. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімінде көзделген жұмыстардан басқа, жұмысшы ауысымды қабылдау және тапсыру, жұмыс орнын, айлабұйымдарды, құралдарды жинастыру, сондай-ақ оларды тиісінше ұстау, белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындауға тиіс.

6. "Білуге тиіс" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық білімдермен қатар, жұмысшы: еңбекті қорғау, өндірістік санитария мен өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі ереже мен нормаларды; жеке қорғану құралдарын пайдалану ережесін; орындалатын жұмыс (қызмет) сапасына қойылатын талаптарды; жарамсыздықтың түрлері мен оның алдын алу және жоюдың тәсілдерін; өндірістік дабылдатқышты; жұмыс орнында еңбекті ұтымды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды білуге тиіс.

7. Біліктілігі анағұрлым жоғары жұмысшы өзінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында санамаланған жұмыстармен қатар, біліктілігі анағұрлым тәмен жұмысшылардың тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстарды

орындаі білуге, сондай-ақ осы кәсіптегі разряды төмен жұмысшыларға басшылық жасай білуге тиіс. Осыған байланысты, анағұрлым төмен разряд кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында келтірілген жұмыстар, анағұрлым жоғары тарифтік-біліктілік сипаттамасында, әдетте келтірілмейді.

8. Тарифтік-біліктілік сипаттамалар ерекше айтылған жағдайлардан басқа, осы бөлімде көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдарда, меншік және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, жұмыстарды тарифтеу және жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру кезінде қолданылады.

9. Тарифтік-біліктілік сипаттама алты разрядтық тарифтік кестеге орай әзірленді.

10. Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды толтырган кезде, сондай-ақ тарифтік разряды өзгерген кезде, оның кәсібінің атауы БТБА-ға сәйкес жазылады.

11. Қолданылуға ыңғайлы болу мақсатында, БТБА-да алфавиттік көрсеткіш қосымшасында көзделген, онда жұмысшылар кәсіптерінің атауы, разрядтардың диапазондары және беттердің нөмірленуі қарастырылған.

12. "Шыныталшық, шыныталшық материалдар, шыныпластик, химиялық талшық және солардан жасалатын бұйымдар өндірісі" бөлімінде қарастырылған жұмысшы кәсіптері атауларының, олардың БТБА 28-шығарылымы бойынша қолданыстағы атаулары көрсетілген тізбесі 1985 жылғы редакциясында берілген.

2-бөлім. Шыныталшық, шыныталшық материалдар, шыныпластик және олардан жасалатын бұйымдар өндірісі

1. Армирленген престеу материалдарын дайындаитын аппаратшы

1. Армирленген престеу материалдарын дайындаитын аппаратшы, 3-разряд

13. Жұмыс сипаттамасы:

алдын ала сінірмеленген, арнаулы қондырғыларда шыны талшығымен армирленген престеу материалдарын дайындау технологиялық процесінің жекелеген сатыларын орындау;

қондырғыға май қюю, сінірмеледеу ваннасына байланыстыруыш ерітіндін қюю, дозаторды құрғақ байланыстыруыш ерітіндіге толтыру;

жіптерді, холстарды, маталарды байланыстыруышмен сінірмеледеу процесін жүргізу;

сінірмеледі қадағалау;

кептіру камерасына сінірмеледеу материалдарының (жіптердің, холстардың, маталардың) берілуін реттеу;

үзіктерді жою;

жабдықты тазалау және майлау;

"Премикс" типтес прес – материалдарға арналған араластырышты жұмысқа дайындау;

араластырышты ерітінді рецептіне сәйкес пресс - материал компоненттерімен толтыру;

компоненттерді салу кезектілігін сақтау;

араластырыштағы композицияны араластыру;

дайын материалды түсіру.

14. Білуге тиіс:

пресс-материалдар өндірісі технологиясын;

байланыстырыштардың физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізатқа, материалдар мен дайын өнімге арналған техникалық шарттарды немесе мемлекеттік стандарттарды;

арнаулы қондырғылардың құрылымы мен жұмыс принципін.

Параграф 2. Армирленген престеу материалдарын дайындаудын аппаратшы, 4-разряд

15. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық процесі жартылай автоматты реттелетін арнаулы қондырғыларда шыны талшығымен армирленген, алдын ала сінірмеленген және сінірмеленбеген престеу материалдарын дайындаудың технологиялық процесін жүргізу;

қондырғыны басқару пультінен қосу, оны оңтайлы технологиялық режимге баптау, қондырғының барлық тораптарының жұмысын қадағалау;

технологиялық режимге сәйкес шикізат дозасын, температуралы, қысымды және тағы басқа реттеу;

технологиялық режим нормаларынан ауытқулардың алдын алу және оның себептерін жою, жабдық жұмысындағы ақауларды жою;

талдама үшін сынама іріктеу;

дайын өнімнің сапасын көзben бақылау;

дайын өнімді есепке алу;

көрсеткіштерді өндірістік журналға жазу.

16. Білуге тиіс:

пресс-материалдарды дайындаудың технологиялық схемасын және дайындау технологиясын;

қондырғының және бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін;

қызмет көрсететін жабдықты реттеу ережесін;

қолданылатын байланыстырыштардың физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізатқа, материалдар мен дайын өнімге арналған техникалық шарттарды;

сынама іріктеу ережесін.

Параграф 3. Армирленген престеу материалдарын дайындайтын аппаратшы, 5-разряд

17. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс нұсқаулығына сәйкес процесті бақылау мен автоматты реттеу аспаптарымен жабдықталған арнаулы қондырғыларда шыны талшығымен армирленген, алдын ала сіңірмеленген және сіңірмеленбеген престеу материалдарын дайындаудың технологиялық процесін жүргізу;

қондырғыны жұмыс жағдайына келтіру, оны жұмысқа қосу және оңтайлы технологиялық режимге шығару;

конвейердің, қондырғының және технологиялық параметрлерді автоматты басқару мен реттеу жүйесінің барлық тораптарының жұмысын қадағалау;

технологиялық режим нормаларынан ауытқулардың алдын алу және оның себептерін жою, жабдық жұмысындағы ақауларды жою;

талдама үшін сынама іріктеу;

дайын өнімнің сапасын бақылау;

дайын өнімді есепке алу;

көрсеткіштерді өндірістік журналға жазу;

біліктілігі анағұрлым төмен аппаратшының жұмысына басшылық ету.

18. Білуге тиіс:

пресс-материалдарды дайындаудың технологиялық схемасын және дайындау технологиясын;

қондырғының, бақылау-өлшеу аспаптарының және автоматтандыру жүйесінің құрылымы мен жұмыс принципін;

жабдықты реттеу және қызмет көрсету ережесін;

технологиялық процесте қолданылатын байланыстырғыштардың физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізатқа, материалдар мен дайын өнімге арналған техникалық шарттарды; сынама іріктеу ережесін.

Параграф 4. Армирленген престеу материалдарын дайындайтын аппаратшы, 6-разряд

19. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық процесі қашықтықтан басқарылатын бақылау мен автоматты реттеу аспаптарымен жабдықтарған арнаулы қондырғыларда шыны талшығымен армирленген, алдын ала сіңірмеленген және сіңірмеленбеген престеу материалдарын дайындаудың технологиялық процесін жүргізу;

қондырғының жұмысын қашықтықтан бақылау және басқару;

қондырғының жұмысын қашықтықтан басқаруға ауыстыру;

технологиялық режим нормаларынан ауытқулардың алдын алу және оның себептерін жою, жабдық жұмысындағы ақауларды жою;

конвейердің, қондырғының және автоматты және қашықтықтан бақылау мен реттеу жүйелерінің барлық тораптарының жұмысын, технологиялық параметрлерін қадағалау;

талдама үшін сынама іріктеу;

дайын өнімнің сапасын бақылау;

көрсеткіштерді өндірістік журналға жазу;

біліктілігі анағұрлым төмен аппаратшының жұмысына басшылық ету.

20. Білуге тиіс:

пресс-материалдарды дайындаудың технологиялық схемасын және дайындау технологиясын;

қондырғының, бақылау-өлшеу аспаптарының және автоматтандыру және қашықтықтан бақылау жүйесінің құрылымы мен жұмыс принципін;

жабдықты реттеу және қызмет көрсету ережесін;

технологиялық процесте қолданылатын байланыстырғыштардың физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізатқа, материалдар мен дайын өнімге арналған техникалық шарттарды; сынама іріктеу ережесін.

21. Орта арнаулы білім талап етіледі.

2. Тоқылмаған шыны талшықты материалдарды дайындаудың аппаратшы

Параграф 1. Тоқылмаған шыны талшықты материалдарды дайындаудың аппаратшы, 4-разряд

22. Жұмыс сипаттамасы:

тоқылмаған шыны талшықты материалдарды дайындаудың технологиялық процесін автоматты басқарылатын арнаулы қондырғыда жүргізу;

шикізатты жұмысқа дайындау;

рамкаларды шыны жібімен толтыру;

байланыстыруышы ерітінділерді дайындау;

өнім сапасын аралық бақылауды жүзеге асыру (салынған байланыстыруушы қабатты анықтау және тағы басқа);

кептіру мен полимерлеудің температуралық режимін бақылайтын аспаптарды қадағалау;

бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен байланыстыруушының сапалық сипаттамасын анықтау;

дайын өнімнің сапасын бақылау;

технологиялық журналды жүргізу;

дайын өнімді өлшеу және буып-тұю.

23. Білуге тиіс:

тоқылмаған материалдарды дайындаудың технологиялық тәсілін;

қондырғының құрылымын; температура режимін;

бақылау және автоматы басқару аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін;

шыны жібін алудың тәсілдерін;

байланыстыруышыны салу процентін анықтау ережесін;

талдау таразысының құрылымын және онымен жұмыс істеу ережесін.

3. Шыны талшықты материалдарды тозандату аппаратшысы

Параграф 1. Шыны талшықты материалдарды тозандату аппаратшысы, 3-разряд

24. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым және күрделігі орташа бұйымдар мен күрделі бұйымдарды байланыстыруышылармен шыны талшықты материалдарды тозандатудың технологиялық процесін арнаулы агрегаттарда немесе конвейер желілерінде жабдықталған қондырғыларда біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылығымен жүргізу;

тозандатқыш қондырғыны дайындау;

сыйымдылықтарға байланыстыруышыны толтыру, тозандатылған және жүргізілген қабаттың қалындығын өлшеу қуралының өлшеу;

жұмыс орнына жабдықтарды, шаблондарды, оларға алдын ала бөлу қабаты салынған пресс-қалыптарды жеткізу;

қондырғыны тозандатудан кейін тазалау және майлау, ыдыстарды, шлангілер мен тозандатқыш жабдықты жуу.

25. Білуге тиіс:

тозандатудың технологиялық процесін;

орындалатын жұмыс жолдарын;

арнаулы агрегаттар мен тозандату қондырғысының жұмыс принципі мен оларды дайындау ережесін;

қолданылатын материалдардың физикалық-химиялық қасиеттерін;

өлшеу жабдығының құрылымы мен пайдалану ережесін.

26. Жұмыс үлгілері:

1) қоршамалар, пластиналар, тегістіктер – тозандату.

Параграф 2. Шыны талшықты материалдарды тозандату аппаратшысы, 4-разряд

27. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі бұйымдарды, жоғары талап қойылатын ірі габаритті бұйымдарды байланыстыруышылармен шыны талшықты материалдарды тозандатудың технологиялық процесін арнаулы агрегаттарда немесе конвейер желілерінде жабдықталған қондырғыларда біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылығымен жүргізу;

ерекше күрделі құрылғыларды қолмен престемелеу және илектеу;

арнаулы агрегаттар мен тозандату қондырғысын баптау.

28. Білуге тиіс:

тозандатудың технологиялық процесін;
қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын және баптау ережесін;
байланыстыруыш құрамының проценттік арасалмағын;
дайын өнімге арналған мемлекеттік стандарттарды;
декоративтік жабынның дайындығын анықтау ережесін.

29. Жұмыс үлгілері:

- 1) мандайшалар – тозандату;
- 2) серуендеу қайықтарының корпустары мен палубалары – тозандату;
- 3) платформалар - тозандату.

Параграф 3. Шыны талшықты материалдарды тозандату аппаратшысы, 5-разряд

30. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым және күрделігі орташа бұйымдар мен күрделі бұйымдарды байланыстыруышлармен шыны талшықты материалдарды тозандатудың технологиялық процесін арнаулы агрегаттарда немесе конвейер желілерінде жабдықталған қондырғыларда жүргізу;

тозандатылған қабатты біркелкі тығыздау үшін бұйымның конфигурациясына қарай арнаулы тығыздағыш валиктерді іріктеу;

тозандату процесін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен реттеу;

шыныжгут пен шайыр қоспасын біркелкі қабатпен түсіру;

технологиялық процестен ауытқудың алдын алу және оның себептерін жою;

көрсеткіштерді өндірістік журналға жазу;

арнаулы агрегаттар мен тозандату қондырғысын ағымдық және алдын ала жөндеуге қатысу;

біліктілігі анағұрлым тәмен аппаратшының жұмысына басшылық жасау және үйлестіру.

31. Білуге тиіс:

әртүрлі тозандату тәсілдерінің (тік, төбелік, жазықтық және тағы басқа) технологиялық процесін;

ылғал мен температуралың байланыстыруыш компоненттеріне әсерін; полимерлеу процесінің мәнін;

тозандатылған бұйымдарды әкелу ережесін;

дайын бұйымдарға арналған техникалық шарттарды.

32. Жұмыс үлгілері:

- 1) дейдвуд құбырлары, комингстер, қондырмалар, кеспелер, түп секциялары, корпус секциялары, стабилизаторлар – тозандату;
- 2) терендетілген серуен қайықтары корпусының палубалары – тозандату;

3) бұйымдардың қабырғасы жүқа және тереңдетілген участкелері - тозандату.

4. Шыны талшықты никелдейтін аппаратшы

Параграф 1. Шыны талшықты никелдейтін аппаратшы, 4-разряд

33. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты никелдеу технологиялық процесін арнаулы аппарата жүргізу;

аппаратты жұмысқа дайындау;

ерітінді әзірлеу;

шыны талшықты аппаратқа салу, ерітінді қосу;

матаны никелдеу, шаю және кептіру;

матаның қозғалу жылдамдығын белгілеу және жұмыс процесінде жылдамдықты реттеу;

аппарат жұмысының берілген режимін қамтамасыз ету;

өндөлген шыны талшықтың сапасын бақылау;

жабдық жұмысындағы ақауларды жою;

өндірістік журналға жазба жүргізу.

34. Білуге тиіс:

никелдеудің технологиялық процесін;

шыны талшықты никелдеуге арналған аппараттың құрылымын;

шикізат материалдарының қасиеттерін және олармен жұмыс істеу ережесін;

бақылау аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін;

ерітінділерді бақылау ережесін;

талдау таразыларының құрылымын және олармен жұмыс істеу ережесін.

5. Өндөу аппаратшысы

Параграф 1. Өндөу аппаратшысы, 2-разряд

35. Жұмыс сипаттамасы:

орынжайлар мен әртүрлі конструкцияларды (палубалардың, қондырманың, блоктардың борттарын, ашық бөліктерін және тағы басқа) термоөндөу технологиялық процесін біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылығымен жүргізу;

іске жарамды заттардың қарапайым бөлшектері мен бұйымдарын термоөндөу технологиялық процесін жүргізу;

батареяларды, термобуды, бақылау-өлшеу аспаптарын технология бойынша монтаждау;

айлабұйымдар мен саңылауларға арналған тығындарды дайындау;

жабдықты профилактикалық қарастыру.

36. Білуге тиіс:

термоөндөу тәсілдерін, негізгі конструкциялардың атауын және тәсім бойынша орналасуын;

конструкцияларды термоөндөу жөніндегі негізгі деректерді;
шыны пластик қассиеттерін;

термоөндөу кезінде қолданылатын жабдықты және термоөндөу режимін сақтау үшін жабдық сипаттамаларын пайдалануды.

Параграф 2. Өндеу аппаратшысы, 3-разряд

37. Жұмыс сипаттамасы:

конструкцияларды (палубалардың, қондырманың, блоктардың борттарын, ашық бөліктерін және тағы басқа) термоөндөу технологиялық процесін жүргізу;

термоөндөлетін конструкцияның үстіндегі бетінің жылу изоляциясы жай-күйін тексеру;

аяу құбырын корпусқа, корпус жиынтығына және сінірмеледеу бөлшектеріне бекіту;

жабдықты, бақылау-өлшеу аспаптарын және айлабұйымдарды тәсім бойынша орнату;

жабдықты монтаждау және бөлшектеу;

жазық шыны микросфераларды химиялық өндеу технологиялық процесін жүргізу, ванналардағы температура режимін бейтараптандыру, реттеу;

рецепт бойынша химиялық ерітіндіні жасау;

өндөлген микросфераларды кептіру температурасын қадағалау;

талдамаға сынама алу;

ерітінді концентрациясын, өнімнің суалу және шығымдылық процентін өндеуге дейін және кейін айқындау;

дайын өнімді буып-түю және таңбалау;

жабдықты ағымдық жөндеу және баптау.

38. Білуге тиіс:

шыны пластиктен жасалған конструкцияларды термоөндөу технологиясын, термокамералардың, қызмет көрсететін жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін, аспаптар мен жабдықтың жұмыс сипаттамасын түсіру ережесін;

негізгі конструкциялардың атауын және тәсім бойынша орналасуын;

контсрукцияларды термоөндөу жөніндегі негізгі деректерді;

шыны пластик қассиеттерін;

термоөндөу кезінде қолданылатын жабдықты оборудование, және термоөндөу режимін сақтау үшін жабдық сипаттамаларын пайдалануды;

жартылай өткізгіштердің диэлектр сипаттамасын анықтауға арналған аспаптардың құрылымын және оларды пайдалану ережесін;

ыстық және зиянды газдармен жұмыс істеу ережесін;

шыны таспаны сутегімен өндеудің жолдарын.

Параграф 3. Өндеу аппаратшысы, 4-разряд

39. Жұмыс сипаттамасы:

жергілікті термостаттау және арнаулы термокамераларда термоөндөудің екі сатылы режимін жүргізу;

бу калорифер қондырғыларын, ауа тарталаларын, бақылау-өлшеу аспаптарын монтаждауға және бөлшектеуге басшылық ету;

конструкцияларды термокамераға орналастыру;

шыны жібін термоөндөу процесін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен технологиялық процесс регламентіне сәйкес жүргізу;

камераға берілген температурадағы ыстық ауаны беру;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

біліктілігі анағұрлым төмен аппаратшының жұмысына басшылық ету;

шыны таспаны арнаулы қондырғыда сутегімен өндеудің технологиялық процесін жүргізу;

газды рампа мен қондырғыны жұмысқа дайындау;

шыны таспаны қондырғыға орнату;

қондырғыны қыздыруға қосу;

жұмыстың газ режимін реттеу;

қондырғыны қайта толтыру;

өндөлген таспаның диэлектрлік сипаттамасын арнаулы аспаптардың көмегімен алу;

өндірістік журналға көрсеткіштер жазбасын жүргізу;

термохимиялық өндеу процесін біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылығымен жүргізу.

40. Білуге тиіс:

шыны пластиктен жасалатын конструкцияларды термоөндөу технологиясын, термокамералардың, қызмет көрсететін жабдықтар мен бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін, жабдықтар мен аспаптардың жұмыс сипаттамасын алу ережесін;

есеп құжаттамасын толтыру ережесін;

конструкция материалының (үстіңгі) және орынжайдағы ауаның температурасын бақылау ережесін;

термоөндөу режимі мен шарттарын; шыны таспаны сутегімен өндеуге арналған қондырғының, газды рампаның, газ тарату жүйесінің, жаппа және реттеу аппаратурасының құрылымы мен жұмыс принципін;

жартылай өткізгіштердің диэлектрлік сипаттамасын анықтауға арналған аспаптардың құрылымы мен оларды қолдану ережесін;

ыстық және зиянды газдармен жұмыс ережесін;

шыны таспаны сутегімен өндеу жолдарын.

Параграф 4. Өндеу аппаратшысы, 5-разряд

41. Жұмыс сипаттамасы:

шыны матаны өндеу және бояу, шыны жіптерді арнаулы агрегаттарда бақылау және автоматы реттеу аспаптарының көмегімен термохимиялық өндеу процесін жүргізу;

шыны матаның қозғалу жылдамдығы мен дұрыстығын, термоөндеу температурасын реттеу;

статикалық электр түсіргіш жұмысын, аппреттің берілуін, ванналардағы берілген деңгейдің ұсталуын және тұрақтылығын, жану өнімдерінің электр пешінен, жұмысталған жылу жеткізушінің кептіргіштен әкетілуін, аппретирлендірілген шыны матаның сапасын қадағалау.

42. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылымы мен жұмыс принципін;

шыны мата мен шыны жібін термиялық және химиялық өндеу негіздерін; процесті реттеу ережесін;

бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану және баптау ережесін;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды.

6. Бос қуыс микросфераларды алу аппаратшысы

Параграф 1. Бос қуыс микросфераларды алу аппаратшысы, 5-разряд

43. Жұмыс сипаттамасы:

бос қуыс микросфераларды арнаулы конструкциядағы газ пештерінде алуштың технологиялық процесін жүргізу;

пештердің температуралық режимін реттеу және оларды электронды потенциометр мен манометрлердің көмегімен разрядтау;

микросфералардың шығымы процесін арнаулы аспаптардың көрсеткіштері бойынша қадағалау;

фриттың берілуін секундомер бойынша реттеу;

микросфералардың шығымы процентін анықтау;

технологиялық жабдықты алдын ала қараша және ақауларын жою;

көрсеткіштер журналына аспаптардың көрсеткіштерін, микросфералардың шығымы процентін, пайдаланылатын фриттың санын белгіленген нысан бойынша жазу.

44. Білуге тиіс:

жабдықтар мен тетіктердің құрылымы мен жұмыс принципін;

қуыс шыны микросфера алуштың технологиялық процесін, бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесін;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды;

акаулардың шығу себептерін және олардың алдын алу және жою шараларын.

7. Тоқымашы

Параграф 1. Тоқымашы, 4-разряд

45. Жұмыс сипаттамасы:

тоқу-тігу және жазық-фангілі агрегаттарда тоқудың технологиялық процесін жүргізу;

агрегатты технологиялық есепке сәйкес толтыру;

жабдықтың жарамдылығын тексеру;

жабдықты қосу және тоқтату;

технологиялық процестің барысын қадағалау;

ровингтер мен шыны жіптердің үзіктерін жою;

тоқудың тығыздығы мен тартылуын, ровингтер мен шыны жіптердің сапасын бақылау және реттеу;

ақауларды жою;

тігу иенелерін ауыстыру, инелерді түзету;

жұмысталған өнімді түсіру;

қабылдау валиктерін ауыстыру;

жабдықтың жұмысы мен метраж есептеуішті қадағалау;

үйкелетін үстіңгі қабаттарды қағу, тазалау және майлау.

46. Білуге тиіс:

агрегаттың негізгі тетіктерінің құрылымын, өзара әрекетін және жұмыс принципін;

тоқыма емес материалдарды шығарудың негізгі деректерін;

ровингтерді, тігу шыны матасының, қою ережесін, үзік себептері мен оның алдын алу тәсілдерін;

шығарылатын өнімге арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды;

жабдықты баптаудың кестесі мен ережесін;

жұмыс тәсілдерін.

8. Дыбыс жұтушы сыналарды жасаушы

Параграф 1. Дыбыс жұтушы сыналарды жасаушы, 2-разряд

47. Жұмыс сипаттамасы:

штапельді шыны талшықтан жасалған жолақтарды станокта тегістеп жылтырату; дыбыс жұтушы сыналарды берілген өлшемдер бойынша жинақтау, оларды техникалық шарттарға сәйкес желімдеу.

48. Білуге тиіс:

желімделетін құрамның рецептурасын;

дыбыс жұтушы сыналарды желімдеу жолдарын.

9. Шыны блоктарды жасаушы

Параграф 1. Шыны блоктарды жасаушы, 3-разряд

49. Жұмыс сипаттамасы:

шыны матадан блоктарды арнаулы станоктарда жасау;

желім ерітіндісін дайындау, шыны матаны термокамерада кептіру, дайындаманы шаблон бойынша кесу; станокты дайындау, профильдендірілген валиктердің жарамдылығын, плитаның қызуын тексеру, төменгі тарақты рама пазасына орнату, тараққа фольганы орналастыру және валикпен жүргізу, бурмеленген фольгағы желім салу, ұстіңгі тарақты рама пазасына орнату, тараққа шыны мата дайында масын қою, валикпен жүргізу және қызған плитамен қысу, плитаны түсіру және келесі операцияға дайындау; шыны блок сапасын сырттай тексеру, ыстық шыны блокты термоөңдеуге беру.

50. Білуге тиіс:

желім ерітіндісін дайындау ережесін;

шыны блоктарды дайындаудың технологиялық процесін;

парақтарды желімдеу және бурмелуеу кезіндегі операциялардың кезектілігі мен орындалу жолдарын;

дайын өнімге арналған техникалық шарттарды.

10. Шыны пластикті есу винттерін жасаушы

Параграф 1. Шыны пластикті есу винттерін жасаушы, 2-разряд

51. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктердің орауын жазу және қалақтар мен есу винттеріне арнап шаблон бойынша кесу;

шыны пластикті сінірмелеуге арналған қоспаны берілген рецептура бойынша жасау;

байланыстырушыны шыны мата бойынша қолмен, ауа көбігі мен ағындарына жол бермей біркелкі бөліп салу;

шыны пластик бұйымдарды 5-7 дәлдік сыныбы бойынша өндеу;

шыны мата қалақтары мен есу винттерінің беріктігін сынауға қатысу;

болат және латунь дайында маларын шыны пластик қалақтарына арнап кесу;

дайында маларды арамен қолмен және пневматикалық машинкалармен кесу;

шыны пластик бұйымдарды престерде ыстық престеу әдісімен жасау.

52. Білуге тиіс:

қарапайым шыны пластик бөлшектер мен тораптарды өндеу, құрастыру және престеу жолдарын;

түрлі типтегі гидравликалық престердің құрылымын;

қарапайым жұмыс құралының атауы мен нысанын;

сызбалардағы дәлдік сыныбы мен өндеу тазалығы белгілерін;

шайырларды, жылдамдатқыштардың және шыны толтырғыштардың қасиеттерін.

53. Жұмыс үлгілері:

1) пресс-қалып бөлшектері - тазалау, шаю, сұрту, құрғақ ауамен үрлеу;

2) сыналар – алдын ала өндеу;

3) пласмасса қалақтар мен винттер - кесу, қалақтардың жиектерін өндеу;

4) армобетон престерге арналған қоспалар - қалып жасау;

5) эпоксидті шайырмен сіңірмеленген шыны мatalар - қалактар мен есу винттеріне арнап шаблон бойынша белгілеу және кесу.

Параграф 2. Шыны пластикті есу винттерін жасаушы, 3-разряд

54. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктерден жасалған күрделі емес бұйымдарды ыстық престеу әдісімен жасау;

пресс-қалыптарды преске тексере, реттей және бекіте отырып орнату;

шыны пластик дайындаударын пресс-қалыпқа салу;

шыны пластик бұйымдарды 4 дәлдік сыныбы бойынша өндеу;

қырларын кесу;

шыны мата қалақтары мен есу винттерінің беріктігін синауға қатысу;

болат және латунь дайындаударын шыны пластик қалақтарына арнап кесу;

дайындаударды арамен қолмен және пневматикалық машинкалармен кесу;

шыны пластик есу винттерінің геометриялық мен теңгерімділігіне арналған паспортты жасауға қатысу;

армо-бетонды пресс-қалыптар мен копирлерді жасау;

армо-бетонды пресс-қалыптарды құюға арналған қоспаны берілген рецептура бойынша әзірлеу;

күрделі емес бұйымдарды шаблондар бойынша орнында белгілеу.

55. Білуге тиіс:

шыны пластик бұйымдарды әртүрлі әдіспен престеудің технологиялық процесін;

бөлшектер мен тораптарды өндеу, құрастыру және престеу жолдарын;

түрлі типтегі гидравликалық престердің құрылымын;

қарапайым жұмыс құралының атауы мен нысанын;

өндөлетін бөлшектердің нысанын; сіңірмеледеу лагінің рецептурасын;

армо-бетонды пресс-қалыптар мен копирлерді құю ережесін;

такелаж және көтеру-тасымалдау құралдарының құрылымын және пайдалану ережесін.

56. Жұмыс үлгілері:

1) эпоксидті шайырмен сіңірмеленген, шыны пластиктен жасалған бөлшектер – престеу;

2) шыны пластиктен жасалған дайындаудар – кесу;

3) лактар – шыны пластикті сіңірмеледеуге арналған рецепт бойынша дайындау ;

4) винт қалақтары – қадамдық жағдайын өлшеуге қатысу;

5) шыны пластик қалақтар - өндеу және ступицаға жеткеру;

6) армо-бетонды пресс-қалыптар мен копирлерді құюға арналған қоспалар - рецепт бойынша жасау.

Параграф 3. Шыны пластикті есу винттерін жасаушы, 4-разряд

57. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктерден жасалған ірі және курделі бөлшектер мен тораптарды 4 дәлдік сыныбы бойынша өндөу, кесу және жеткеру;

қалақтарды ступица пазасына қадамдық жағдайын тексерे отырып жеткеру;

шыны пластик есу винттерінің геометриясына арналған паспортты жасауға қатысу;

винттерді теңгермелегенде арналған жабдықты бақылау-өлшеу аспаптары бойынша дәлдігін тексере отырып дайындау;

конструкциясы курделі 4 метрге дейінгі есу винттерін теңгермелегенде қатысу;

тіркемелі адымды шыны пластик есу винттерін құрастыру кезінде анықталған ақауларды жою;

бұйымдарды сынау.

58. Білуге тиіс:

шыны пластик бұйымдарды әртүрлі әдіспен престеудің технологиялық процесін;

бөлшектер мен тораптарды өндөу, құрастыру және престеу жолдарын;

түрлі типтегі гидравликалық престердің құрылымын;

қарапайым жұмыс құралының атауы мен нысанын;

өндөлетін бөлшектердің нысанын; сіңірмелегенде құрастыру және өндөлеу;

армо-бетонды пресс-қалыптар мен копирлерді құю ережесін;

шыны пластик бөлшектердің деформацияларының алдын алу және жою тәсілдерін.

59. Жұмыс үлгілері.

1) шыны пластик есу винттері – техникалық шарттарға сәйкес статикалық теңгермелегенде әдіспен және дебалансты анықтау;

2) шыны пластиктен жасалған винттердің курделі бөлшектері - өндөу және оларды метал бөлшектермен қосу;

3) винт қалақтары – беріктігін сынау;

4) армобетонных пресс - қалыптар – жасау;

5) армобетонных пресс - қалыптар – қалыптау, құю және мыс қалыптаушы қабығына дейін техникалық шарттарға дейін жеткеру.

Параграф 4. Шыны пластикті есу винттерін жасаушы, 5-разряд

60. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктерден курделі құрылғыларды престеу әдісімен жасау;

эпоксидті шайырмен сіңірмеленген шыны пластикті пресс-қалыпқа салу, метал армировканы орнату;

ірі және жауапты шыны пластик бөлшектер мен күрделі тораптарды 2-3 дәлдік сыйныбы бойынша өндөу, кесу;

шыны пластик есу винттері – техникалық шарттарға сәйкес статикалық теңгермелеку және дебалансты анықтау, шыны пластик есу винттерін техникалық шарт талаптарына дейін теңгермелеку;

винт геометриясына арналған паспортты жасау, шыны пластик есу винттерін, ағызбалар мен басқа да күрделі тораптарды құрастыру кезіндегі ақауларды жою;

қалақтарды ВРШ фланцыларымен монтаждау тақталарында шпилкаларының тартылу дұрыстығын техникалық шарттар бойынша талап етілетін шекке дейін тексере отырып құрастыру.

61. Білуге тиіс:

шыны пластик бұйымдарды әртүрлі әдіспен престеудің технологиялық процесін;

бөлшектер мен тораптарды өндөу, құрастыру және престеу жолдарын;

түрлі типтегі гидравликалық престердің құрылымын;

қарапайым жұмыс құралының атавы мен нысанын;

өндөлетін бөлшектердің нысанын;

сінірмелеку лагінің рецептурасын;

армо-бетонды пресс-қалыптар мен копирлерді құю ережесін;

шыны пластик бөлшектердің деформацияларының алдын алу және жою тәсілдерін;

есу винттерін статикалық және динамикалық теңгермелеку ережесін және олардың пайдалану деректерін;

армо-бетонды пресс-қалыптар мен копирлерді құю технологиясын.

62. Жұмыс үлгілері:

1) балансирлер – қондырғының дәлдігін станина бойынша тексеру;

2) 6-8 метрге дейінгі шыны пластикті есу винттері – шыны пластик қалақтарды ступица пазасына жеткеру және оларды адымдық жағдайда орналастыру;

3) тіркелген адымды шыны пластикті есу винттері – теңгемелеку;

4) ВРШ шыны пластик қалақтары - құрастыру, синау және статикалық теңгермелеку.

11. Шыны пластик бұйымдарды орап жасаушы

Параграф 1. Шыны пластик бұйымдарды орап жасаушы, 2-разряд

63. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен бұйымдар (құбырлар, рештактар мен тағы басқа) жасауды орау әдісімен орындау;

байланыстырушыны ваннаға құю;

артық байланыстырушыны бұйымнан сығып алу;

дорндағы жіптің біркелкі бөлінуін қадағалау;

орауға арналған түземенің жұмыс қабатын дайындау (тазалау, майсыздандыру, жұмыс қабатына бөлуші қабатты салу);

бөлуші қабатты берілген рецептура бойынша жасау.

64. Білуге тиіс:

орау станогының құрылымын; шыны пластиктен жасалған бұйымдарды орау принципін;

шыны талшықтың, байланыстыруышының қасиеттерін және олармен жұмыс істеу ережесін;

жұмыс жолдарын; қоспаның құрамын.

Параграф 2. Шыны пластик бұйымдарды орап жасаушы, 3-разряд

65. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен бұйымдар (құбырлар, рештактар мен тағы басқа) жасаудың технологиялық процесін орау әдісімен біліктілігі анағұрлым жоғары ораушылының басшылығымен орындау;

шыны жгут бобиналарын жылжымалы кареткаға салу;

шыны жгут бобиналарының дұрыс орауын және оамам сапасын қадағалау;

шикізат есебін жүргізу;

станоктың үйкелетін бөліктерін тазалау және майлау.

66. Білуге тиіс:

орау станогының құрылымын; шыны пластиктен жасалған бұйымдарды жасау жолдарын;

қолданылатын материалдардың физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізатқа және дайын өнімге қойылатын техникалық талаптарды.

Параграф 3. Шыны пластик бұйымдарды орап жасаушы, 4-разряд

67. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалған қарапайым және күрделілігі орташа бұйымдарды (құбырлар, рештактар мен тағы басқа) жасаудың технологиялық процесін жүргізу;

жабдықты жұмысқа дайындау – орау станогының, полимерлеу камерасының, дорндарды тарту станогының, бұйымды кесу және өндеу механизмдерінің жарамдылығын тексеру және баптау;

қондырғы жұмысын бақылау;

бағдарламалық басқарылмайтын станоктардың жіп салғышындағы шпулярник пен блока жіп орнату;

шыны пластиктен жасалған қарапайым және күрделілігі орташа бұйымдарды бағдарламалық басқарылмайтын станоктарда қарапайым армирлеу тәсімі кезінде орау;

сінірмелеу ваннасындағы байланыстырылыштың температурасын бақылау және ұстап түру;

қолданылатын материалға және оралған қабаттардың санына қарай оаралатын бұйымның қалындығын есептеу;

жұмыс процесіндегі ұсақ жөндеу;

шикізаттың, жартылай шикізаттың шығысын есептеу және дайын өнімнің есебін жүргізу;

станоктарға біліктілігі анағұрлым жоғары дайындаушының басшылығымен қызмет көрсету;

бағдарламалық басқарылмайтын станоктарға қызмет көрсетуші жұмысшыларды басқару.

68. Білуге тиіс:

бұйымдарды түрлі тәсілдермен ораудың технологиялық процесін;

жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

құрғақ орау тәсілі кезінде ауырлатқыштар мен ауырлық өлшеуіштерін, таспаны қыздыру пештерін баптау, реттеу ережесін;

оралатын бұйымның қалындығын есептеу әдіstemесін, қондырғыны ұсақ жөндеу операцияларын;

шикізатқа және дайын өнімге қойылатын техникалық талаптарды.

69. Жұмыс ұлгілері:

1) тангенциальді орау кезіндегі ауқымды шпангоут ұлгілері – жасау;

2) материалды физикалық-механикалық сынау жүргізуге арналған көлемді ұлгілер мен қабықтары – орау әдісімен жасау;

3) қарапайым армирлеу тәсімі кезіндегі шыны пластиктен жасалған құбырлар мен қабықтар - орау әдісімен жасау.

Параграф 4. Шыны пластик бұйымдарды орап жасаушы, 5-разряд

70. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалған курделі бұйымдарды орау әдісімен жасаудың технологиялық процесін жүргізу;

ірі габаритті түземелерді люнеттерге тексере және бекіте отырып орнату;

станокты қосу және бағдарламалық басқарылатын станоктарды ауыстыру кезінде түземеге жіп салу;

технологиялық режим датчиктерінің жұмысын бақылау. Шыны таспаны тарту;

датчиктерді орнату, шпулярникті зарядтау және бағдарламалық басқарылатын станоктардың сінірмелеу трактісіндегі жіптер мен таспаларды салу;

бағдарламалық басқару жүйесі кезінде орау станогын басқару.

71. Білуге тиіс:

бұйымдарды бағдарламалық басқарылатын станоктарда түрлі тәсілдермен ораудың технологиялық процесін;

бағдарламалық сандық басқару жүйесімен орауға арналған станоктардың құрылымын;

берілген қалындықты алу үшін қабаттағы орамның есебі мен қабат сандарын есептеу әдістемесін.

72. Жұмыс үлгілері:

1) жоғары қысымды баллондар – жасау;

2) шахта корпустары мен арнаулы контейнерлер – жасау;

3) цилиндр және кониялық үлгідегі жиынтықсыз, және сыртқы әрі ішкі жиынтығымен армирлеу тәсімді ірі көлемді құбырлар мен қабықтар - жасау.

Параграф 5. Шыны пластик бұйымдарды орап жасаушы, 6-разряд

73. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалған ерекше күрделі кез келген нысандағы бұйымдарды орау әдісімен жасаудың технологиялық процесін бағдарламалық басқарылатын станоктарда жүргізу;

ірі габаритті түземелерді люнеттерге тексере және бекітке отырып орнату;

тәжірибелік бұйымға бағдарлама болмаған жағдайда, тәжірибе жұмыстарын жүргізген кезде бағдарламалық басқарылатын орау станоктарын басқару;

бағдарламалық басқарылатын станоктар авариялық тоқтап қалған жағдайда ұсақ жөндеу және алдын алу жұмыстарын (станокты қосу мүмкіндігін анықтау және осы қосуды қамтамасыз ету жұмыстарын атқару) орындау;

бұйымнан түземені кабестанмен алу;

шыны пластиктен жасалған дайын өнімдерді бұйымды одан әрі өндеу үшін арнаулы станоктарда тексеру және орнату;

бағдарламалық басқарылатын станоктың жол жүйесін баптау;

сандық бағдарламалық басқару жүйесіндегі жұмысты жолдық бағдарламалық жүйеге асуысу процесін жүзеге асыру;

кабестанды баптау кезінде және бұйымнан түземені одан әрі алу режимі кезінде оны басқару;

бағдарламалық басқарылатын станоктарға қызмет көрсететін жұмысшыларға басшылық ету.

74. Білуге тиіс:

бағдарламалық және кабестанмен басқарылатын станоктың кинематикалық және гидравликалық жүйелерін;

жүйелердің ақауларын және оларды жою тәсілдерін;

гидравликалық жүйе жабдығының құрылымын және оның жұмыс принципін;

станоктарды берілген бұрыштар мен орау жылдардықтары бойынша баптау тәсілдерін;

бағдарламалық жүйенің жұмыс принципін.

75. Орта арнаулы кәсіптік білім талап етіледі.

12. Фольгаландырылған шыны тақталарын жасаушы

Параграф 1. Фольгаландырылған шыны тақталарын жасаушы, 3-разряд

76. Жұмыс сипаттамасы:

фольгаландырылған шыны тақталарын жолақтарға немесе шыны тіліктерге берілген мөлшер бойынша кесу;

түрлі мөлшердегі және конфигурациядағы бөлшектерді жинақтау;

бөлшектерді шыны жіппен қолмен тігу және дайын өнімдерді бақылауға тапсыру.

77. Білуге тиіс:

шыны тақталарын жолақтарға немесе шыны тіліктерге берілген кесу ережесін

;

шыны тақта сапасына қойылатын техникалық талаптарды;

шыны маттарды тігу тәсілдерін;

шыны тақтаны фольгалауға және оның сапасына қойылатын шарттар мен талаптарды.

13. Жарық өткізгішті изоляциялаушы

Параграф 1. Жарық өткізгішті изоляциялаушы 4-разряд

78. Жұмыс сипаттамасы:

изоляциялаушы құрамды рецептураға сәйкес әзірлеу;

жартылай фабрикатты (жарық өткізгішті) капрон жіппен орау, ерітіндіден икемді эластик қабықты кигізу, икемді қабық ұштарын өндеу;

дайын өнімдерді (жарық өткізгішті) таңбалау;

технологиялық журналға көрсеткіштерін жазуды жүргізу.

79. Білуге тиіс:

жарық өткізгішті изоляциялаушы құраммен өндеу жолдарын;

кептіру технологиясын;

қолданылатын шикізат материалдарының қасиеттерін;

жарық өткізгішті таңбалау тәсілдерін;

изоляциялаушы құрамды әзірлеу тәсілдерін және олардың концентрациясын анықтау ережесін;

бақылау аспаптары мен талдау таразысын пайдалану ережесін.

14. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластиктерді сынаушы

Параграф 1. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластиктерді сынаушы, 3-разряд

80. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты материалдар мен шыны пластиктерді және олардан жасалған бүйымдардың механикалық және электрлік беріктігін, термиялық

тұрақтылығын, соққыға беріктігін, жылу деформативтілігін сұнау; негізі және арқауы бойынша матаның тығыздығын, шындау кезіндегі шығын процентін, талшықтың ылғалын, жіптің желілік тығыздығын, элементарлық талшықтың диаметрін, жіп орамын, матаның ені мен қалындығын анықтау;

бұйымды сұнауға дайындау, герметикалықты, гидравликалық қысымын, үзіктегі және бұктемедегі беріктігін тексеру, втулканы белгілеуішпен жүріп өту және саңылаудың барлық ұзындығын калибрмен тексеру;

сұнақ нәтижелерінің жазбасын жүргізу.

81. Білуге тиіс:

сұналатын бұйымдар өндірісінің технологиялық процесін, сондай-ақ олардың түрлері мен нысандарын;

сұнауға жататын бұйымдарға арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды;

бақылау-өлшеу аппаратурасының құрылымы мен оны пайдалану ережесін;

сұнау үшін сұнама алу шарттарын және сұнама жүргізу ережесін.

Параграф 2. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластиктерді сұнаушы, 4-разряд

82. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты материалдар мен шыны пластиктерді және олардан жасалған, ерекше жоғары дәлдік пен арнаулы есептерді талап ететін бұйымдарды сұнау;

элементарлық талшықтың диаметрін, жіп орамын, матаның ені мен қалындығын шыны пластиктердің Пуассон коэффициентін анықтау;

сұнақ нәтижелерін тіркеуге арналған журналды жүргізу.

83. Білуге тиіс:

сұналатын бұйымдар өндірісінің технологиялық процесс негіздерін, сондай-ақ олардың түрлері мен нысандарын;

сұнауға жататын бұйымдарға арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды;

бақылау-өлшеу аппаратурасының (айлабұйымдарының) құрылымы мен оны пайдалану ережесін;

жұмыс тәсілдерін; сұнама жүргізу ережесін;

сұнақ нәтижелерін статистикалық өндеу әдістері мен сұнақ нәтижелерін арнаулы қондырғылардың көмегімен өндеу әдістерін.

15. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластик өндірісінің бақылаушысы

Параграф 1. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластик өндірісінің бақылаушысы, 2-разряд

84. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық жабдықтың (шыны иіру агрегаттарының, жазу-орау машиналарының, тоқыма станок тарының және тағы басқа) жұмыс режимін (жылдамдығын және тағы басқа) технологиялық регламенттерге, нормаларға, нұсқаулықтарға сәйкес бақылау;

шыны жіптердің үзіктігін бақылау;
белгіленген құжаттаманы ресімдеу.

85. Білуге тиіс:

өнім өндірісінің технологиялық процесі негіздерін;

технологиялық регламентті, қолданыстағы мемлекеттік стандарттарды, бақылау-өлшеу аппаратурасының (айлабұйымдарының) құрылымы мен оны пайдалану ережесін;

жұмыс тәсілдерін.

Параграф 2. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластик өндірісінің бақылаушысы, 3-разряд

86. Жұмыс сипаттамасы:

шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттар мен шыны таспаның сапасын технологиялық регламенттерге, нормаларға, нұсқаулықтарға сәйкес бақылау;

қабылданған және бракқа шығарылған өнімге арналған құжаттаманы ресімдеу;

брак себептерін анықтау.

87. Білуге тиіс:

бақыланатын өнім өндірісінің технологиялық процесі негіздерін;

технологиялық регламентті, іске қосу жазбаларын, сапаға қойылатын талаптар бөлігіндегі нұсқаулықтарды, бақыланатын өнімге, жартылай фабрикаттар мен шыны таспаға қойылатын қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды, брак түрлерін және олардың пайда болу себептерін;

бақылау ережесін және бұйымдарды тиісті сұрыптар мен топтарға жатқызу ережесін;

бақылау-өлшеу аппаратурасының (айлабұйымдарының) құрылымы мен оны пайдалану ережесін;

жұмыс тәсілдерін.

Параграф 3. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластик өндірісінің бақылаушысы, 4-разряд

88. Жұмыс сипаттамасы:

дайын өнімнің сапасын технологиялық регламенттерге, нормаларға, нұсқаулықтарға, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес бақылау;

қабылданған және бракқа шығарылған өнімге арналған құжаттаманы ресімдеу;

брак себептерін анықтау;

дайын өнімді бақылау брактауға қатысу;

біліктілігі анағұрлым тәмен бақылаушыларға басшылық ету.

89. Білуге тиіс:

бақыланатын өнім өндірісінің технологиялық процесі негіздерін;

технологиялық регламентті, іске қосу жазбаларын, сапаға қойылатын талаптар бөлігіндегі нұсқаулықтарды, бақыланатын дайын өнімге қойылатын қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды;

брак түрлерін және олардың пайда болу себептерін;

бақылау ережесін және бұйымдарды тиісті сұрыптар мен топтарға жатқызу ережесін;

бақылау-өлшеу аппаратурасының (айлабұйымдарының) құрылымы мен оны пайдалану ережесін;

жұмыс тәсілдерін.

Парағраф 4. Шыны талшықты материалдар мен шыны пластик өндірісінің бақылаушысы, 5-разряд

90. Жұмыс сипаттамасы:

жауапты (арнаулы) нысандағы дайын өнімнің сапасын технологиялық регламенттерге, нормаларға, нұсқаулықтарға, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес: түземенің берілген нысан мен конфигурацияға сәйкестігін, бұйымның ауданы мен массасын анықтау есебін; шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттар сапасын, технологиялық процестің барлық операциялары бойынша материалдар мен параметрлерді бақылау;

арнаулы нысандағы дайын өнімді бақылама брактауды жүргізу;

қабылдау-тапсыру сынақтары үшін ұлгі алу және бақылау;

қабылданған және бракқа шығарылған өнімге арналған құжаттаманы ресімдеу;

брак себептерін анықтау;

біліктілігі анағұрлым тәмен бақылаушылардың жұмысын үйлестіру және басшылық ету.

91. Білуге тиіс:

бақыланатын өнім өндірісінің технологиялық процесі негіздерін;

арнаулы нысандағы бақыланатын дайын өнімге қойылатын технологиялық регламентті, іске қосу жазбаларын, сапаға қойылатын талаптар бөлігіндегі нұсқаулықтарды, қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды; бақылау ережесін және бұйымдарды тиісті сұрыптар мен топтарға жатқызу ережесін;

брак түрлерін және олардың пайда болу себептерін;

1 кв. м. бұйымның ауданы мен массасын есептеу әдістерін;

арнаулы нысандағы бұйымдарға қолданылатын шикізаттың сапасына қойылатын қосымша талаптарды.

16. Шыны пластик бұйымдарды контурлаушы

Параграф 1. Шыны пластик бұйымдарды контурлаушы, 2-разряд

92. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалған қарапайым бұйымдарды, композициялық және басқа да материалдарды пневматикалық, қолмен кесетін құралдармен контурлеу;

материалды сұрыптау, жұмыс орнына жеткізу;

кесу сапасын өлшеу құралымен тексеру.

93. Білуге тиіс:

шыны пластиктің физикалық-химиялық қасиеттерін;

кесу және өлшеу құралдарын пайдалану ережесін;

қарапайым конфигурациялы белгі салу және контурлеу жолдарын.

94. Жұмыс үлгілері:

1) банкілер, бракеттер, әуе жәшіктері, кницылар, пластиналар, тік профильдер, қатты қырлар, флагштоктар – контурлеу.

Параграф 2. Шыны пластик бұйымдарды контурлаушы, 3-разряд

95. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен, композициялық материалдардан жасалған күрделі бұйымдарды контурлеу;

материалдарды механизмдердің (станоқтың, машинаның) және пневмокұралдың көмегімен контурлеу;

қозғағыш механизмдердің жарамдылығын тексеру, кесуші құралды орнату және бекіту;

айлабұйымдарды берілген мөлшердегі материалдардың контурына қою, материалдарды дайындау және сұрыптау;

жабдықты қосу;

материалдарды таспалы арамен, фрезбен және дискімен кесу және контурлеу;

бұйымдарды бұргылау және тегістеп жылтыратушы машиналарда берілген мөлшерге өндеу;

материалдардың қалындығы мен қасиеттеріне қарай дискілердің айналу жылдамдығын қадағалау және реттеу;

кесу сапасын өлшеу құралымен тексеру;

материалды түсіру және жинау, өнім есебін жүргізу;

жабдық пен құралды ұсақ жөндеу және баптау.

96. Білуге тиіс:

кесуші құралды орнату және механизмдерді берілген мөлшердегі материал контурына қою ережесін;

сызбаны оку ережесін; бұйымдар мен материалдарды сызба мен шаблондар бойынша белгі салу жолдарын;

өлшеу құралын пайдалану ережесін;

толтырғыштардың физикалық-химиялық қасиеттерін.

97. Жұмыс үлгілері.

1) материалдар: пенопластан жасалған блоктар, шыны пластиктен, гитенакстан, текстолиттен жасалған пластиналар, пленкалық материалдар, қағаз орамдары – контурлеу;

2) бұйымдар: қоршамалар, жарамды заттар мен кеме жиһазы, кнектілер, есік комингстері, корпустар мен палубалар, корпусты стапельде құрастыру кезіндегі қосындылар, күрделі конфигурация жиынтықтары, пиллерстер, маңдайша шыны рамкасы, рубкалар мен қондырмалар, баспалақтар, арқаулар, көмекші және негізгі қозғаыш іргетастары, цистерналар - контурлеу.

Параграф 3. Шыны пластик бұйымдарды контурлаушы, 4-разряд

98. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен, композициялық материалдардан жасалған күрделі конфигурациялы жауапты конструкцияларды барлық кеңістік жағдайында және жұмысқа қолайсыз жерлерде берілген дәлдікпен, сызбалар, шаблондар мен бұрыш өлшеуіштер бойынша контурлеу;

контуршылар бриагадасын басқару.

99. Білуге тиіс:

станоктар мен кесуші құралдардың барлық үлгілерін;

шыны пластиктен, басқа да материалдардан жасалған бұйымдарды контурлеуге арналған кесуші құралды пайдалану ережесін;

пневмоқұрал мен жабдықтың құрастыру жұмыстарына арналған кинематикалық сызбасын;

корпус пен отсектордің тұтастығына қойылатын талаптарды;

өлшеу құралдарын пайдалану ережесін.

100. Жұмыс үлгілері:

1) зәкір және палуба клюздері, корпустары, есу винттерінің кронштейндері, палуба қондырмасы, аралық қабыргалар, еден секциялары, борттық, көмекші және негізгі қозғаыш асына қойылатын палубалық іргетастар, арнаулы қондырғылар - контурлеу.

17. Шыны пластиктерді үлгілеуші

Параграф 1. Шыны пластиктерді үлгілеуші, 3-разряд

101. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен қарапайым үлгілерді қалыптаушы массадан (гипстен және тағы басқа) үлгі және эскиздер бойынша жасау;

байланыстырғышты дайындау және шыны матаңы немесе шыны жгутты сонымен сіңірмелуеу;

сіңірмеленген шыны материалдарды үлгілерге салу;

үлгілерді полимерлеу;

үлгілерді алу;

үлгілерді құрастыру, жеткеру, жылтырату, қажетті мөлшерге жеткізу;

үлгілерді жөндеу.

102. Білуге тиіс:

шыны пластиктен қарапайым үлгілерді жасау әдістерін, үлгілерді полимерлеу режимін, қарапайым үлгілерді құрастыру, жеткеру және жөндеу ережесі мен жолдарын;

өлшеу құралын пайдалану ережесін.

103. Жұмыс үлгілері.

1) тежегіш будкасы бөлшектерінің, бак бөлшектерінің үлгілері және тағы басқа.

Параграф 2. Шыны пластиктерді үлгілеуші, 4-разряд

104. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен күрделігі орташа, тегіс және сфериялы, шығып тұратын бөліктері жоқ қабатты үлгілерді қалыптаушы массадан (гипстен және тағы басқа) үлгі және эскиздер бойынша жасау;

байланыстырғышты дайындау және шыны матаңы немесе шыны жгутты сонымен сіңірмелуеу;

сіңірмеленген шыны материалдарды алғашқы үлгілерге салу;

үлгілерді полимерлеу;

шыны пластиктерден жасалған үлгілерді алғашқы үлгілерден алу;

үлгілерді құрастыру, жеткеру, жылтырату, қажетті мөлшерге жеткізу;

үлгілерді жөндеу.

105. Білуге тиіс:

шыны пластиктен күрделігі орташа, тегіс және сфериялы, шығып тұратын бөліктері жоқ қабатты үлгілерді жасау әдістерін;

үлгілерді полимерлеу режимін, үлгілерге қойылатын техникалық талаптарды;

үлгілерді құрастыру, жеткеру, және жөндеу ережесі мен жолдарын, өлшеу құралын пайдалану ережесін.

106. Жұмыс үлгілері:

1) серуен қайығы бөлшектерінің, "Старт" автобусы қорабы бөлшектерінің, тепловоз кабинасы қорабы бөлшектерінің, кеме жиһазына арналған үлгілер - орындықтар, креслолар және тағы басқа.

Параграф 3. Шыны пластиктерді ұлгілеуші, 5-разряд

107. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен күрделі, фасонды ұлгілерді, шығып тұратын бөліктері бар, түрлі жазықтыққа орналастырылған орташа мөлшердегі және ірі ұлгілерді, қабатты ұлгілерді қалыптаушы массадан (гипстен және тағы басқа) үлгі және эскиздер бойынша жасау;

байланыстырғышты дайындау және шыны матаны немесе шыны жгутты сонымен сіңірмелуе;

сіңірмеленген шыны материалдарды алғашқы ұлгілерге салу;

ұлгілерді полимерлеу;

шыны пластиктерден жасалған ұлгілерді алғашқы ұлгілерден алу;

ұлгілерді құрастыру, жеткеру, жылтырату, қажетті мөлшерге жеткізу;

ұлгілерді жөндеу.

108. Білуге тиіс:

шыны пластиктен күрделі, фасонды ұлгілерді, шығып тұратын бөліктері бар, түрлі жазықтыққа орналастырылған орташа мөлшердегі және ірі ұлгілерді, қабатты ұлгілерді қалыптаушы массадан (гипстен және тағы басқа) үлгі және эскиздер бойынша жасау жасау әдістерін;

байланыстырғыштың, шыны мата мен шыны холстың негізгі қасиеттерін;

ұлгілерді полимерлеу режимін, ұлгілерге қойылатын техникалық талаптарды;

ұлгілерді құрастыру, жеткеру, және жөндеу ережесі мен жолдарын, өлшеу құралын пайдалану ережесін.

109. Жұмыс ұлгілері:

1) серуен қайығы корпусының, тепловоз кабинасы корпусының, ауылшаруашылығы жабдығы авиация бактарының ұлгілері және тағы басқа.

Параграф 4. Шыны пластиктерді ұлгілеуші, 6-разряд

110. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен мөлшері жағынан ерекше дәлдікті талап ететін, ерекше күрделі және фасонды ұлгілерді, портреттік ұқсастығы бар көркем шығарма ұлгілерін жасау;

алғашқы ұлгілерді қалыптаушы массадан (гипстен және тағы басқа) үлгі және эскиздер бойынша жасау;

байланыстырғышты дайындау және шыны матаны немесе шыны жгутты сонымен сіңірмелуе;

сіңірмеленген шыны материалдарды алғашқы ұлгілерге салу;

ұлгілерді полимерлеу;

шыны пластиктерден жасалған ұлгілерді алғашқы ұлгілерден алу;

ерекше күрделі дәлдікті талап ететін, ерекше күрделі және фасонды ұлгілерді, портреттік ұқсастығы бар көркем шығарма ұлгілерін құрастыру, жеткеру, жылтырату, қажетті мөлшерге жеткізу;

ұлгілерді жөндеу.

111. Білуге тиіс:

дәлдікті талап ететін, ерекше күрделі және фасонды ұлгілерді, портреттік ұқсастығы бар көркем шығарма ұлгілерін қалыптаушы массадан (гипстен және тағы басқа) ұлгі және эскиздер бойынша жасау әдістерін;

байланыстырғыштың, шыны мата мен шыны холстың негізгі қасиеттерін, оларды қолдану нысанын;

ұлгілерді полимерлеу режимін, ұлгілерге қойылатын техникалық талаптарды; ұлгілерді құрастыру, жеткеру, және жөндеу ережесі мен жолдарын, өлшеу құралын пайдалану ережесін.

112. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

113. Жұмыс ұлгілері:

1) ауылшаруашылық авиациясына арналған тоннельдік тозандатқыш ұлгілері.

18. Металдандырылған шыны жіпті монтаждаушы

Параграф 1. Металдандырылған шыны жіпті монтаждаушы, 3-разряд

114. Жұмыс сипаттамасы:

таспаларды планшеттерге төсеу, мөлшері бойынша өлшеп алу, ұштарын планшетке және металдандырылған жіпті таспаға жапсыру, таспаны гильзага орау, қағаз таспаларды монтаждау және контейнерлерге буып-түю, таспаларды картон қораптарға, полиэтиленді қапшықтарға және ағаш жәшіктерге буып-түю.

115. Білуге тиіс:

металдандырылған жіп бұйымдарын барлық өтпелер буып-түю процесін жүргізу ережесін;

құралдар мен аспаптарды күту ережесін.

19. Шыны талшық және шыны пластик өндірісіндегі жабдықты баптаушы

Параграф 1. Шыны талшық және шыны пластик өндірісіндегі жабдықты баптаушы, 4-разряд

116. Жұмыс сипаттамасы:

жалпы ауданы 20 кв. м дейінгі, шыны пластик бұйымдар мен конструкцияларды тозандату немесе үздіксіз қалыптау әдісімен жасауға арналған конвейер немесе ағынды желілердегі қондырғылардың (бұйым құралдарын жуу камераларының, байластырушыны салатын, бөлгі және декоративтік жабын, полимерлеу, тозандату, шыны жгутты кесу камерасының, тарту құралының және тағы басқа) жекелеген тораптарын баптау;

қондырғының, ауамай тазалағыштың және құралды жылжытуға арналған айлабұйымдардың жұмысын қадағалау;

жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, жабдықты ұсақ жөндеу, тораптың жекелеген бөліктерін ауыстыру;

механизмдерді майлау және тазалау;

қондырғыларға қызмет көрсететін жұмысшыларға нұсқаулық беру.

117. Білуге тиіс:

қондырғылардың технологиялық сызбасын;

оның тораптарының кинематикалық сызбасын;

қондырғының құрылымын, жұмыс істеу, реттеу, баптау және жөндеу принципін;

шыны жгуттың, шайырдың физикалық-химиялық қасиеттерін және оларға қойылатын техникалық талаптарды;

шыны пластик бүйімдарды жасау технологиясын.

Параграф 2. Шыны талшық және шыны пластик өндірісіндегі жабдықты баптаушы, 5-разряд

118. Жұмыс сипаттамасы:

шыны шарлы автоматтарды, шыны тоқу агрегаттарын, алғашқы талшықты үрлеу тәсілімен шыны талшығын алу үлгісіндегі машиналарды баптау және профилактикалық қарау;

жекелеген бөлшектерді, бөліктер мен қалыптарды ауыстыру;

кесуші аппараты баптау және реттеу, айналыс санын белгілеу;

бобина ұстасының бар бұрма тораптарды, автоматтандыру жүйесін, тиуеу құрылғысын баптау және жөндеу;

жалпы ауданы 20 кв. м дейінгі, шыны пластик бүйімдар мен конструкцияларды жасауға арналған технологиялық қондырғылардың жекелеген тораптарын (сіңірмелуе, пенополиуретан дайындау, шыны матаны пакетке салу, вакуумді престеу, бүйімды түсіріп алу, корпусты құйып сынау, бояу боксын және тағы басқа) баптау;

байланыстырғыштың деңгейін, шыны материалдардың тартылу дәрежесін реттеу;

вакуум-насостар мен пенополиуретан жасау жөніндегі аппараттардың жұмысын бақылау;

бүйімды гидротүсіру жүйелерін қадағалау;

жабдықты ұсақ жөндеу;

жөндеу жұмысшыларын басқару;

қондырғыларға қызмет көрсетуші жұмысшыларға нұсқама беру.

119. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

баптау тәсілдерін;

тиісті механизмдер мен тораптарды жөндеу жүргізуіндегі тәртібін;

слесарлық іс пен электротехниканы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті көлемде;

бұйымдарды жасау технологиясын;
реттеу процесінің параметрлері мен ережесін.

Параграф 3. Шыны талшық және шыны пластик өндірісіндегі жабдықты баптаушы, 6-разряд

120. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшығын алу өндірісіндегі конвейер желілерінде орналастырылған бағдарламалық басқарылатын технологиялық қондырғылардың барлық тораптарын (сінірмелеу, армирленген пресс-материалдарын дайындау, байланыстырғыштарды дайындау және тағы басқа) баптау;

тұйықталған технологиялық циклде, сондай-ақ жалпы технологическом процессте жұмыс істейтін гидравликалық престерді баптау және жөндеу;

жабдықты ағымдық жөндеу;

қондырғыларға қызмет көрсетуші жұмысшыларға нұсқама беру.

21. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық және электр сызбаларын;
баптау тәсілдерін;

бұйымдарды жасау технологиясын;

реттеу процесінің параметрлері мен ережесін.

20. Шыны талшықтан жасалған дайындаударды өндеуші

Параграф 1. Шыны талшықтан жасалған дайындаударды өндеуші, 2-разряд
122. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшық дайындаудардың бүйір жағына пластмассаны және сыртқы бетіне эпоксидті шайырды жағу;

оларды кептіруге дайындау кезінде сым және метал торшамен орау;
дайындаударды вакуумді-кептіру пешіне салу.

123. Білуге тиіс:

пластмассаны және сыртқы бетіне эпоксидті шайырды дайындаударға жағудың ережесі мен жолдарын;

шыны талшықпен жұмыс істей ережесін;
дайындаударды кептіруге әзірлеу жолдарын.

Параграф 2. Шыны талшықтан жасалған дайындаударды өндеуші, 3-разряд
124. Жұмыс сипаттамасы:

базалық шыныны дайындаудардың бүйір беттеріне жапсыру;
дайындаударға белгі салу;

дайындаударды механикалық арамен берілген мөлшер бойынша кесу;
дайындаударды вакуумді-кептіру пешінде кептіру;
аспаптардың көрсетіштерін қадағалау;

сыртқы бетті эпоксидті желіммен сіңірмелеу;
сыртқы беттерді инфрақызыл шаммен термоөндеу;
технологиялық журналға жазба жүргізу.

125. Білуге тиіс:

шыны талшықтың нысаны мен негізгі қасиеттерін;
эпоксидті желімнің құрамы мен оның қасиеттерін;
кептіру режимін;
механикалық араның және вакуумді-кептіру пешінің құрылымы мен жұмыс принципін.

Параграф 3. Шыны талшықтан жасалған дайындаударды өндөуші, 4-разряд

126. Жұмыс сипаттамасы:

дайындаударды вакуумді қондырғыда сіңірмеледі; әзірлеу;
желімдеуші композицияларды жасау;
дайындаудардың сыртқы беттерін эпоксидті желіммен вакуумді сіңірмеледі
қондырғысында сіңірмеледі;
вакуумді қондырғының жұмысын қадағалау;

шыны талшық элементтерін аспап бөлшектеріне желімдеу.

127. Білуге тиіс:

шыны талшықтың оптикалық қасиеттерін;
вакуумді қондырғының құрылымы мен жұмысын;
қолданылатын желімдеуші композициялар мен реактивтердің нысаны мен
химиялық қасиеттерін;
сызбаны оқу ережесін.

21. Сепаратор пластиналарын жиектеуші

Параграф 1. Сепаратор пластиналарын жиектеуші, 1-разряд

128. Жұмыс сипаттамасы:

берілген рецепті бойынша арнаулы мастиканы жасау;
механикаландырылған өндөу кезінде сепаратор пластиналарын сұрыптау;
пластиналарды жиектеу, кептіру шкафына салу, кептіру температурасын
реттеу.

129. Білуге тиіс:

арнаулы мастиканы жасау рецептін;
пластиналарды жиектеу жолдарын; пластиналардың мөлшерін;
кептіру шкафының құрылымы мен жұмыс принципін;

сепаратор пластиналарының сапасына қойылатын мемлекеттік стандарт
талаптарын;

сепаратор пластиналарын қолмен жасау кезіндегі жиектеу жұмыстарын
орындауды.

Параграф 2. Сепаратор пластиналарын жиектеуші, 2-разряд

130. Жұмыс сипаттамасы:

сепаратор пластиналарын механикаландырылған тәсілмен өндіру кезінде берілген рецепті бойынша арнаулы мастиканы жасау;

механикаландырылған өндеу кезінде сепаратор пластиналарын сұрыптау;

механикаландырылған есу, пластиналарды жиектеу, кептіру шкафына салу, кептіру температурасын реттеуді жүргізу.

131. Білуге тиіс:

мастиканы жасау рецептің;

пластиналарды жиектеу жолдарын;

пластиналардың мөлшерін;

сепаратор пластиналарын жасау механизмінің құрылымын;

кептіру шкафының құрылымы мен жұмыс принципін;

сепаратор пластиналарының сапасына қойылатын мемлекеттік стандарт талаптарын;

шыны холсты механикаландырылған тәсілмен жасау және кесу кезіндегі жиектеу жұмыстарын орындау жолдарын.

22. Шыны пластиктен жасалған бұйымдарды бояушы

Параграф 1. Шыны пластиктен жасалған бұйымдарды бояушы, 2-разряд

132. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалған дайын бұйымдарды қолмен қылқаламмен, пульверизатормен немесе краскопультпен бояу кезіндегі жекелеген операцияларды орындау;

жақпа массалары мен бояушы ерітінділерді жасау;

бұйымдарды жақпалау және бояу;

бұйымдарды майлы және спиртті лактармен жабу.

133. Білуге тиіс:

шыны пластиктен жасалған ұлгілер мен бұйымдарды жақпалау және бояу тәсілдерін;

лактардың, бояулардың, жақпалардың сұрыптарын;

ұлгілер мен бұйымдарды қылқаламмен немесе арнаулы айлабұйыммен бояу жолдарын;

негізгі бояу түрлерін.

Параграф 2. Шыны пластиктен жасалған бұйымдарды бояушы, 3-разряд

134. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалған дайын бұйымдарды қолмен кистімен, пульверизатормен немесе краскопультпен бояу;

жақпа массалары мен бояушы ерітінділерді жасау;

бұйымдарды графитпен бояу;

бұйымдарды майлы және спиртті лактармен;

арнаулы құраммен жабу, бұйымдарды ағаш және тас түріне келтіру, құрамды берілген үлгі бойынша колер араластыру отырып дайындау.

135. Білуге тиіс:

шыны пластиктен жасалған үлгілер мен бұйымдарды жақпалау және бояу тәсілдерін;

лактардың, бояулардың, жақпалардың сұрыптарын, қарапайым және күрделі суреттерді қылқаламмен немесе арнаулы айлабұйыммен бояу жолдарын.

23. Ровинг жасау операторы

Параграф 1. Ровинг жасау операторы, 3-разряд

136. Жұмыс сипаттамасы:

ровингті машинада орау;

бобиналарды немесе басқа да шыны жібі бар түймелерді машина рамкасына орнату;

жіпті бір бумаға жинау және ораушы барабанға салу;

машинаны іске қосу және тоқтату;

ровингтің оралу сапасын қадағалау;

жіп үзіктерін жою;

жұмыс процесінде бобиналарды ауыстыру.

137. Білуге тиіс:

машинаның құрылымы мен жұмыс принципін;

алғашқы жіпті бобинаға орау сапасына қойылатын талаптарды;

ровингті түймеге орау ережесін;

брактың шығу себептерін және оның алдын алу мен жою жолдарын.

Параграф 2. Ровинг жасау операторы, 4-разряд

138. Жұмыс сипаттамасы:

автоматтандырылған және көп тұғырлы машиналарды арнаулы бұйымдар өндіру үшін жоғары модульді және сілтісіз шыны құрамдарынан ровинг өндіру;

бобиналарды немесе басқа да шыны жібі бар түймелерді автоматты тоқтату мен жіп тарту жүйесімен жабдықталған машина рамкасына орнату;

үзілген жіп ұштарын желімдеу;

жұмыс процесінде бобиналарды немесе басқа да түймелерді ауыстыру.

139. Білуге тиіс:

кордты талшық алуға арналған тростильдік – орау және қайта орау үлгісіндегі автоматтандырылған және көп тұғырлы машиналардың құрылымын және олардың жұмыс принципін;

автоматты тоқтату мен жіп тарту жүйесінің құрылымын және олардың жұмыс принципін;

алғашқы жіпті бобинаға орау сапасына қойылатын талаптарды.

24. Рулонды-конструкциялық материалдарды жасау операторы

Параграф 1. Рулонды-конструкциялық материалдарды жасау операторы, 4-разряд

140. Жұмыс сипаттамасы:

шайырмен сінірмелеңген және тігу рулонды-конструкциялық материалдарды арнаулы қондырғыда жасау процесін жүргізу;

жгуты салу; қондырғы тораптарының; кесу механизмінің, тозандату құрылғысының, байланыстыруышы құрамға арналған насостың, материалды қалыптау камерасы мен сору камерасының, желдеткіштің, төсеме материалды беру механизмінің, конвейердің және тағы басқа жұмыс режимін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен реттеу;

рулонды-конструкциялық материалдарды жасау процесін қадағалау; жұмыс процесінде анықталатын ұсақ ақауларды түзету.

141. Білуге тиіс:

рулонды-конструкциялық материалдарды жасау технологиясын; қондырғының құрылымын; жұмыс режимін реттеудің ережесі мен тәсілдерін; дайын материалдарға арналған техникалық шарттарды; бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесін.

25. Кварцты шыны талшығын алу операторы

Параграф 1. Кварцты шыны талшығын алу операторы, 3-разряд

142. Жұмыс сипаттамасы:

супер жіңішке және штапельді кварц шыны талшығын арнаулы қондырғы конвейерінен (супер жіңішке және штапельді кварц шыны талшығынан арнаулы бұйым түрлерін жасау кезінде, шыны талшықты конвейерден қалыптаушы құрылғыға салу) қабылдап алу;

жұмысталатын супер жіңішке және штапельді кварц шыны талшығынан талшық ақауларын, бөгде қосындыларды, іріктеу;

алынатын шыны талшықтың сапасын қадағалау, оны тараға салу, таңбалау;

супер жіңішке және штапельді кварц шыны талшығын өндіру кезінде ақау талшықтарды жинау;

қабылдаушы конвейер торшасын және сорғыш сұзгіні ұсақ талшықтардан, ұдайы тазартып отыру, бекітілген жұмыс орнын жұмыс соңында жинастыру;

штапельді кварц шыны талшығын әзірлеу барысында қолданылатын байланыстырғышты жасау, оны шыны талшыққа салу.

143. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін және онда жұмыс істеу қауіпсіздігін;

супер жіңішке және штапельді кварц шыны талшығын алу технологиясын; талшыққа қойылатын техникалық талаптарды; талшық брагының түрлерін;

бракты туындаратын себептерді және оны жою жолдарын;

байланыстырғыштың құрамын және штапельді кварц шыны талшығын алу үшін оны жасау тәсілін.

Параграф 2. Кварцты шыны талшығын алу операторы, 3-разряд

144. Жұмыс сипаттамасы:

супер жіңішке кварц шыны талшығын арнаулы қондырғыларда кварц стерженьдерді алғашқы талшыққа отпен қайта тарту, соңғыларын жанған ағынымен балқыту және үрлеу тәсілімен, және штапельді кварц шыны талшығын арнаулы қондырғыларды кварц стерженьдерді отпен қыздыру және оларды қысымдалған аяа ағынымен үрлеу тәсілімен, берілген қалыңдықтағы үздіксіз кварц талшығын әртүрлі майлауышта кварц стерженьдерді отпен қыздыру және оларды арнаулы қондырғылардың ораушы механизмдерінің көмегімен үздіксіз талшыққа созу тәсілімен алуудың технологиялық процесін жүргізу;

шикізатты (кварц стерженьдерді) жұмысқа дайындау: сыртқы ақаулары бойынша бракка шығару, кассетаға, соңынан – қондырғының беру механизміне салу;

штабик ұштарын балқыту оттығы аумағында балқыту, алғашқы талшықты созу, оны тартушы механизмге іліктіру;

алғашқы талшықты оттық аумағына беру үшін арнаулы құрылғының (гребенканың) көмегімен адымды реттеу;

алғашқы талшықты үрлеу құрылғысымен супер жіңішке талшыққа үрлеу;

балқыту және үрлеу оттығының температурасын, екі оттықтың басқару пультіндегі қысымды өзгерту арқылы реттеу;

қондырғының барлық тораптарының жұмысын: штабиктердің балқыту оттығы аумағына берілуін, алғашқы талшықтың тартылу жылдамдығын, конвейердің ауысу жылдамдығын, үрленетін және сорылатын ауаның көлемін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен реттеу;

айналма су жүйесіндегі судың қысымын және температурасын бақылау;

штапельді кварц талшығын өндіру кезінде сыртқы ақауы бойынша брактау, кассетаға, соңынан – қондырғының беру механизміне салу;

үздіксіз кварц талшығын өндіру кезінде шиқізатты (кварц стерженьдерін) сыртқы ақауы бойынша брактау, кассетаға, соңынан – қондырғының беру механизміне салу;

штабик ұштарын балқыту оттығы аумағында балқыту, алғашқы талшықты созу, оны майлаушы құрылғыға және орау механизмінің бобинасына іліктіру,

оттықтың балқыту температурасын басқару пультіндегі газдың қысымын өзгерту арқылы реттеу, стерженьдердің балқыту оттығының аумағына берілуін реттеу, айналма су жүйесіндегі судың қысымын және температурасын бақылау;

алынатын шикізаттың сапасына қарай қондырғының жұмыс режимін белгілеу

;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ ақаулардың алдын алу және жөндеу;

жұмыс барысында алынатын қалдықты жинау және буып-тую, бекітілген жұмыс орнын жұмыс соңында жинастыру.

145. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың, жабдықтың газ жүйесі сияқты, газ қондырғысын газбен қамтамасыз ететін газ постыларының құрылымын;

ыстық және жарылыс қаупі бар газдардың қасиеттерін; олармен жұмыс қауіпсіздігі ережесін;

қолданылатын шикізатқа арналған техникалық талаптарды;

супер жінішке, кварцты және үздіксіз шыны талшығын алу технологиясын, талшыққа арналған техникалық шарттарды;

брак түрлерін, бракты туындалатын себептерді және оны жою жолдарын.

26. Үздіксіз шыны талшығын алу операторы

Параграф 1. Үздіксіз шыны талшығын алу операторы, 3-разряд

146. Жұмыс сипаттамасы:

берілген қалындықтағы үздіксіз шыны талшығын алудың технологиялық процесін ұзартылған желіде біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен жүргізу кезінде жекелеген операцияларды орындау;

шыны талшықты орауға арналған бобиналарды дайындау, оларды бобина ұстауышқа орнату және оралған бобиналарды алу;

оралған әр бобинадан жіпті жазып алу, таңбалау және оларды конвейерге асу.

147. Білуге тиіс:

механизмдер мен жабдықтың жұмыс принципін;

шығарылатын өнімге арналған технологиялық регламенттерді.

Параграф 2. Үздіксіз шыны талшығын алу операторы, 4-разряд

148. Жұмыс сипаттамасы:

берілген қалындықтағы үздіксіз шыны талшығын технологиялық процесін әртүрлі майлауыштарда ұзартылған желіде алудың немесе біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен жалпы нысандағы шыны талшығын алу кезінде жекелеген операцияларды орындау кезінде технологиялық процесті орындау;

туындаитын технологиялық жаңсақтықтар мен тарту процесінің үзілістерін жою;

технологиялық үзілістер кезінде элементарлық талшықтарды іліктіру, үзілген талшықтардан үздіксіз тамшы жинау есебінен орау циклін жол берілетін шекте көбейту.

149. Білуге тиіс:

жабдық пен механизмдердің жұмыс принципін;
шығарылатын өнімге арналған технологиялық регламенттерді;
бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесін.

Параграф 3. Үздіксіз шыны талшығын алу операторы, 5-разряд

150. Жұмыс сипаттамасы:

берілген қалындықтағы, жалпы нысандағы, шыны балқыту ыдыстарында, фильтерлік қоректендіргіштерде әртүрлі майлауыштарды қолдана отырып бір және екі сатылы әдіспен үздіксіз шыны талшығын алу немесе металдандырылған, кремний топырақты, жоғары модульді жіптерді, З микронды шыны талшықтан жасалған жіптерді, Т-10 матаға арналған жіптерді, әртүрлі майлауыштарда ұзартылған желіде алудың немесе алудың технологиялық процесін арнаулы қондырғыда біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен орындау;

жабдықтың, қоректендіргіштердің жұмыс режимін көзben аспаптар бойынша қадағалау;

ыдыстар мен қоректендіргіштердің, майлаушы құрылғы мен тарту механизмдерінің режимін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен реттеу;

коректендіргіштерді іске қосу және ажырату;

тарту процесінде пайда болған технологиялық жаңсақтықтар мен үзілістерді жою;

белгіленген технологиялық параметрлерді: тарту жылдамдығын, фильтерлік ыдыстар мен қоректендіргіштердің деңгейі мен температурасын аспаптар бойынша қадағалау;

жіптің (буып-тұю конфигурациясын, олардың тазалығы мен салмағын, текстердегі жіптің желімделуі мен қалындығын) бақылау;

технологиялық үзіліс кезінде элементарлық талшықтарды іліктіру;

эрклезді пешке салу;

жабдық жұмысындағы ұсақ ақаулардың алдын алу және жою.

151. Білуге тиіс:

жабдық пен механизмдердің құрылымы мен жұмыс принципін;

үздіксіз шыны талшығын алу шығару технологиясын;

шығарылатын өнімге арналған технологиялық регламенттерді;

брактың шығу себептерін және олардың алдын алу шараларын;

қоректендіргіштерді іске қосу және ажырату ережесін.

Параграф 4. Үздіксіз шыны талшығын алу операторы, 6-разряд

152. Жұмыс сипаттамасы:

екіжүздік фильтердерде және одан да көп фильтерлік ыдыстарда бір мезгілде бірнеше текстердің шыны діптерін тарта отырып, шыны балқыту ыдыстарында, фильтерлік қоректендіргіштерде әртүрлі майлауыштарды қолдана отырып бір және екі сатылы әдіспен үздіксіз шыны талшығын алу немесе металдандырылған

, кремний топырақты, жоғары модульді жіптерді, З микронды шыны талшықтан жасалған жіптерді, Т-10 матаға арналған жіптерді алудың технологиялық процесін жүргізу;

жабдықтың, қоректендіргіштердің жұмыс режимін аспаптар бойынша қадағалау және баптау;

тарту процесінде пайда болған технологиялық жаңсақтықтар мен үзілістерді жою;

белгіленген технологиялық параметрлерді: тарту жылдамдығын, фильтерлік ыдыстар мен қоректендіргіштердің деңгейі мен температурасын аспаптар бойынша қадағалау;

технологиялық үзіліс кезінде элементарлық талшықтарды іліктіру.

153. Білуге тиіс:

жабдық пен механизмдердің құрылымы мен жұмыс принципін;

ұздіксіз шыны талшығын алу шығару технологиясын;

бақылау-өлшеу аспаптарын және автоматика құралдарын пайдалану ережесін

;

шығарылатын өнімге арналған технологиялық регламенттерді;

брактың шығу себептерін және олардың алдын алу шараларын; қоректендіргіштерді іске қосу және ажырату ережесін;

орта кәсіптік білім талап етіледі.

27. Оптикалық шыны талшығын алу операторы

Параграф 1. Оптикалық шыны талшығын алу операторы, 2-разряд

154. Жұмыс сипаттамасы:

оптикалық шыны талшығын УНМ, СПН станоктарында алудың технологиялық процесін біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен жүргізу;

дозаторға дайындаамаларды салу;

жабдықтың жұмысын және аспаптардың көрсеткіштерін қадағалау;

жгут дайындаамаларын қажетті ұзындықпен кесу;

шыны талшықты диаметрін микроскоппен бақылау;

технологиялық журналда жазба жүргізу.

155. Білуге тиіс:

оптикалық шыны мен талшықтың элементарлық қасиеттерін;

дайындаама шыны маркаларын;

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

шыны талшықпен жұмыс істеу ережесін.

Параграф 2. Оптикалық шыны талшығын алу операторы, 3-разряд

156. Жұмыс сипаттамасы:

оптикалық шыны талшығын УНМ, СПН станоктарында немесе КН, ОС-108, Н2Б үлгісіндегі қондырғыларда алудың технологиялық процесін біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен жүргізу;

балқыту ыдыстарының оптикалық шынымен толтырылуын және оның балқуын қадағалау;

шыны балқыту пешін жөндеуден кейін немесе жаңа балқыту ыдысы орнатылғаннан кейін берілген температура режиміне шығару;

талшықты геометриялық мөлшерін есептеу;

қондырғының жұмыс режимін реттеу;

жабдық жұмысын бір технологиялық режимнен екіншісіне аудыстыру.

157. Білуге тиіс:

оптикалық шыны мен талшықтың негізгі қасиеттерін; микроскоптың құрылымын және баптау ережесін;

жабдықты бір технологиялық режимнен екіншісіне аудыстыру ережесін;

шыны балқыту пешін жөндеуден кейін берілген температура режиміне шығару ережесін;

талшықты геометриялық мөлшерін есептеу әдіstemесін;

майлауыш сұйықтардың қасиеттері мен нысанын;

шыны балқыту ыдыстарының құрылымын.

Параграф 3. Оптикалық шыны талшығын алу операторы, 4-разряд

158. Жұмыс сипаттамасы:

оптикалық шыны талшығын УНМ, СПН станоктарында немесе КН, ОС-108 үлгісіндегі қондырғылар мен жіптаратқышы бар басқа да ұқсас қондырғыларда алудың технологиялық процесін жүргізу;

бобинаны орнату және баптау;

жіптің орналасуын және тартылуын реттеу;

штабик – трубка жиынтығындағы оптикалық шыны талшықты жасау;

пешке және тарту механизміне қатысты жиынтықты орнату, тексеру және оны бекіту.

159. Білуге тиіс:

оптикалық шыны талшығын алудың әртүрлі тәсілдерін;

технологиялық режимдердің шығарылатын талшықтың сапасына әсерін;

қызмет көрсететін жабдықтың кинематикалық схемасын;

шыны массасын ыдыстардағы деңгейін автоматты ұстап тұру принципін; жіптің оралуын жою тәсілдерін;

шыны балқыту ыдыстарын дайындауға кететін материалдардың қасиеттерін.

Параграф 4. Оптикалық шыны талшығын алу операторы, 5-разряд

160. Жұмыс сипаттамасы:

оптикалық шыны талшығын УНМ, СПН станоктарында немесе НГЖ-3, СТ-45 үлгісіндегі қондырғылар мен автоматы басқарылатын басқа да ұқсас қондырғыларда алудың технологиялық процесін жүргізу;

шыны талшығын таспаларын талшықты орау жүйелілігін қатаң қамтамасыз ете отырып алу және өзгертуштерді орау;

таспалар мен өзгертуштерді желімдеу және кесу;

белгіленген технологиялық режим нормаларынан ауытқушылықтардың алдын алу және оның себептерін жою;

өндірістік журналға жазба жүргізу.

161. Білуге тиіс:

электротехника негіздерін;

автоматтаты басқарылатын аспаптардың жұмыс принциптерін;

жабдықтың тораптары мен механизмдерінің әрқайсысының нысаны мен өзара байланысын;

жабдықтың механикалық бөлігін реттеу және баптау ережесін.

28. Каолин құрамды шыны талшығын алу операторы

Параграф 1. Каолин құрамды шыны талшығын алу операторы, 4-разряд

162. Жұмыс сипаттамасы:

каолин құрамды отқа төзімді төзімді шыны талшығын шығаратын арнаулы агрегаттың талшық жасау торабына қызмет көрсету;

электр доғалы балқыту пешінің әртүрлі құрылғылары мен бөліктерін баптау және ауыстыру;

балқыма ағынын үрлеу;

пештің өндіру бөлігінің электродтарын қайта жіберу, балқымадан электрод сыйықтарын алу;

үрлегеннен кейін балқыма қалдығын ағызу;

пештің өндіру бөлігін қойылған балқыма массасынан тазарту, электр доғалы балқыту пешінің түрлі механизмдері мен айлабұйымдарын реттеу және тазарту;

аспаптардың көрсеткіштерін қадағалау, тордың тартылуы мен қабылдаушы конвейердің жылжу жылдамдығын реттеу;

жабдықты ұсақ жөндеу жұмыстарын орындау.

163. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың технологиялық схемасын;

негізгі және қосалқы жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының, арматура мен коммуникациялар схемасының құрылымы мен жұмыс принципін;

отқа төзімді төзімді шыны талшығы мен одан жасалған бұйымдардың, майлау материалдарының физикалық-химиялық қасиеттерін; процесті реттеу ережесін.

Параграф 2. Каолин құрамды шыны талшығын алу операторы, 5-разряд

164. Жұмыс сипаттамасы:

каолин құрамды отқа төзімді төзімді шыны талшығы мен одан жасалатын бүйімдарды қашықтықтан басқару пульті бар арнаулы агрегатта технологиялық картағы сәйкес алудың технологиялық процесін жүргізу;

технологиялық регламенттің сақталуын, өнімнің шығымы мен сапасын бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау;

қызмет көрсететін участкениң барлық технологиялық жабдығының жұмысын, кептірудің температуралық режимі мен газ оттықтарының жұмысын аспаптардың көмегімен қадағалау;

электр доғалы балқыту пешін қажет кезінде автоматты басқарудан қолмен және керісінше басқаруға көшіру;

шикізатты берілу және салыну процесін, қондырғы тораптарын тұрақты қалыңдық пен рулонды материал салымын алу үшін электр доғалы пештің режиміне қарай реттеу;

рулонды материалға салынатын байланыстырушының санын анықтау және дозиметр бойынша түзету;

технологиялық режим нормаларынан ауытқу себептерінің алдын алу, күштік электр жабдығы мен қолмен басқарылатын электр доғалы пештің барлық кешені жабдықтарының жұмысындағы ақауларды жою;

электр доғалы балқыту пешіне, газ оттықтарының, байланыстырушыны жасау бөлімі мен қабылдау конвейеріне қызмет көрсетуші персоналдың жұмысын үйлестіру;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

өндірісті бақылау үшін сынама алу, қызмет көрсететін участкедегі өнім сапасына бақылау талдау жасау;

талаң етілетін шикізаттың, байланыстырушының саны мен өнім шығымын есептеу;

жабдықты жөндеу;

участкедегі тұтінді газ болуын газоанализатор көмегімен анықтау.

165. Білуге тиіс:

каолин құрамды отқа төзімді төзімді шыны талшығы мен одан жасалатын бүйімдарды алудың технологиялық процесін;

негізгі және қосалқы жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін;

автоматты басқару аппаратурасы мен коммуникацияларының схемасын;

отқа төзімді төзімді шыны талшығы мен одан жасалатын бүйімдардың, сондай-ақ жағармай мен басқа да қосалқы материалдардың физикалық-химиялық қасиеттерін, шикізат пен дайын өнімге арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды;

сынама іріктеу ережесін және талдамаларды орындау әдістемесін.

29. Шыны холсты бір сатылы әдіспен алу операторы

Параграф 1. Шыны холсты бір сатылы әдіспен алу операторы, 4-разряд

166. Жұмыс сипаттамасы:

шыны холсты бір сатылы әдіспен қондырғы конвейерінде алу процесін жүргізу;

конвейер желісінің жұмыс режимін, кептіру және полимерлеу камерасындағы температуралы, сіңірмелуе конвейерінің ваннасындағы байланыстырушының деңгейін реттеу, шыны пластикке арналған жартылай шикізатты алу кезінде – дозатормен құрғақ шайырының берілуін қадағалау;

белгіленген концентрациядағы байланыстырушыны сіңірмелуе конвейеріне беру.

167. Білуге тиіс: шыны холсты алу технологиясын; бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесін;

конвейер желісінің жұмыс режимін реттеу ережесін;

шығарылатын шыны холстқа арналған техникалық шарттарды.

30. Штапельді шыны талшығын алу операторы

Параграф 1. Штапельді шыны талшығын алу операторы, 3-разряд

168. Жұмыс сипаттамасы:

штапельді шыны талшығын алудың технологиялық процесінің жекелеген операцияларын біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен орындау;

қабылдау-қалыптау конвейерінің, кептіру-полимерлеу камерасының жұмысын, шыны холст пен шыны тақтаның жасалуын және олардағы шыны талшығының біркелкі бөлінуін қадағалау;

конвейер қозғалысының жылдамдығын реттеу;

қызмет көрсететін жабдықты тазалау.

169. Білуге тиіс:

жабдық пен механизмдердің нысанын;

штапельді шыны талшығы мен олардан жасалатын бұйымдарды жасау технологиясын;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды.

Параграф 2. Штапельді шыны талшығын алу операторы, 4-разряд

170. Жұмыс сипаттамасы:

штапельді ультра жіңішке, супер жіңішке және микрожіңішке шыны талшығын алудың технологиялық процесінің жекелеген операцияларын біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен орындау;

аспаптардың көрсеткіштерін, қабылдау-қалыптау конвейерінің, кептіру-полимерлеу камерасының жұмысын, шыны холст пен шыны тақтаның жасалуын және олардағы шыны талшығының біркелкі бөлінуін қадағалау;

конвейер температуралық режимі мен қозғалысының жылдамдығын реттеу; қызмет көрсететін жабдықты тазалау.

171. Білуге тиіс:

жабдық пен механизмдердің жұмыс істеу принципін;

штапельді шыны талшығы мен олардан жасалатын бұйымдарды жасау технологиясы негіздерін;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды.

Параграф 3. Штапельді шыны талшығын алу операторы, 5-разряд

172. Жұмыс сипаттамасы:

штапельді ультра жіңішке, супер жіңішке және микрожіңішке шыны талшығын алудың технологиялық процесін біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен орындау;

фильерлік пластинаның, аспаптардың көрсеткіштерін, қабылдау-қалыптау конвейерінің, кептіру-полимерлеу камерасының жұмысын, шыны холст пен шыны тақтаның жасалуын және олардағы шыны талшығының біркелкі бөлінуін қадағалау;

Ұрлеу мойнының жұмысын, будың немесе ая ақысымын, фильерлік пластинаның қызуын, шыны холсты немесе шыны тақтаны шайырмен сінірмеледеу үшін талшық жасау шахтасына шайыр мен қысымдалған ауаның берілуін, конвейердің температуралық режимі мен қозғалысының жылдамдығын реттеу;

қызмет көрсететін жабдықты тазалау.

173. Білуге тиіс:

жабдық пен механизмдердің құрылымын;

штапельді шыны талшығы мен олардан жасалатын бұйымдарды жасау технологиясы негіздерін;

бақылау-өлшеу аспаптарының, автоматика құралдарының құрылымын;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды.

Параграф 4. Штапельді шыны талшығын алу операторы, 6-разряд

174. Жұмыс сипаттамасы:

штапельді ультра жіңішке, супер жіңішке және микрожіңішке шыны талшығын алудың технологиялық процесін жүргізу;

фильерлік пластинаның, аспаптардың көрсеткіштерін, қабылдау-қалыптау конвейерінің, кептіру-полимерлеу камерасының жұмысын, шыны холст пен шыны тақтаның жасалуын және олардағы шыны талшығының біркелкі бөлінуін, аспаптардың көрсеткіштерін қадағалау;

Ұрлеу мойнының жұмысын, будың немесе ая ақысымын, фильерлік пластинаның қызуын, шыны холсты немесе шыны тақтаны шайырмен сінірмеледеу үшін талшық жасау шахтасына шайыр мен қысымдалған ауаның берілуін, конвейердің температуралық режимі мен қозғалысының жылдамдығын реттеу;

жабдықтың жұмысындағы ықтимал ақаулардың алдын алу және жою.

175. Білуге тиіс:

жабдық пен механизмдердің құрылымын;

штапельді шыны талшығы мен олардан жасалатын бұйымдарды жасау технологиясын;

бақылау-өлшеу аспаптарының, автоматика құралдарының кинематикалық және электр схемаларын;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттар мен технологиялық регламентті;

жабдықтың жұмысында ақаулардың пайда болуы себептерін және оларды жою әдістерін.

176. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

31. Кремний топырақты материалдар өндірісінің операторы

Параграф 1. Кремний топырақты материалдар өндірісінің операторы, 3-разряд

177. Жұмыс сипаттамасы:

кремнетопырақты материалдар өндірудің технологиялық процесін біліктілігі анағұрлым жоғары оператордың басшылығымен жүргізу;

матаны, жіпті, таспаны машинаға салу;

машинаның жұмысын реттеу;

үздіксіз технологиялық процесті қамтамасыз ету үшін матаны, жіпті, таспаны жалғау (қосу);

бобиналы қайта орау машиналарында шыны жіпті паковканың бір түрінен екіншісіне қайта орау, үзіктерді жалғау;

қажетті концентрациядағы ерітіндіні жасау, оны машина ваннасына беру, бұйымды алдын ала шаю, өндеу, жуу және кептіру процестерін арнаулы технологиялық жабдықта жүргізу;

материалдарды термоөндеу процесін жүргізу, газ оттығын тұтату;

дайын өнімді бақылауға тапсыру.

178. Білуге тиіс:

технологиялық жабдық кешенінің құрылымын, жұмыс принципін;

қышқылдардың қасиеттерін және олармен жұмыс істеу ережесін;

бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен оларды пайдалану ережесін;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды, материалды қышқылмен өндеу, шаю және кептірудің технологиялық параметрлерін.

Параграф 2. Кремний топырақты материалдар өндірісінің операторы, 4-разряд

179. Жұмыс сипаттамасы:

кремнетопырақты материалдар өндірудің технологиялық процесін жүргізу;

кремнетопырақты бұйымдарды химиялық өндеу; матаны, жіпті, таспаны машинаға салу; машинаның жұмысын реттеу; үздіксіз технологиялық процесті қамтамасыз ету үшін матаны, жіпті, таспаны жалғау (қосу);

бобиналды қайта орау машиналарында шыны жіпті паковканың бір түрінен екіншісіне қайта орау, үзіктерді жалғау;

қажетті концентрациядағы ерітіндіні жасау, оны машина ваннасына беру, бұйымды алдын ала шаю, өндеу, жуу және кептіру процестерін арнаулы технологиялық кешенінде жүргізу;

берілген технологиялық режимді; өндеудің жылдамдығы мен уақытын, ванналардағы ерітіндінің деңгейін, қышқылдың концентрациясы мен температураны бақылау және автоматы реттеу аспаптарының көмегімен қатаң сақтау;

материалдарды термоөндеу процесін жүргізу, газ оттығын тұтату;

дайын өнімді бақылауға тапсыру;

біліктілігі анағұрлым төмен операторлардың жұмысын басқару.

180. Білуге тиіс:

технологиялық жабдық кешенінің құрылымын, жұмыс принципін;

бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен оларды пайдалану ережесін;

шығарылатын өнімге арналған техникалық шарттарды;

материалды қышқылмен өндеу, шаю және кептірудің технологиялық параметрлерін.

32. Электр пештерін басқару пультінің операторы

Параграф 1. Электр пештерін басқару пультінің операторы, 5-разряд

181. Жұмыс сипаттамасы:

электр пештерінің температурасын берілген технологиялық режимге сәйкес басқару пультінен реттеу;

аспаптардың көрсеткіштерін қадағалау;

токтың күші мен кернеуін және электр пештерінің жұмыс режимін реттеу;

температураны автоматты реттеу аспаптарын ауыстыру;

электр пештерін қосу және ажырату.

182. Білуге тиіс:

электротехника негіздерін;

басқару пультінің және электр аспаптарының құрылымын;

электр пештерін қосу және ажырату ережесін;

электр пештеріне қызмет көрсету жөніндегі технологиялық нұсқаулықты.

33. Қопсыту-тұту машиналардың операторы

Параграф 1. Қопсыту-тұту машиналардың операторы, 3-разряд

183. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшығын тұту және қопсыту процесін тұту машинасымен жүргізу;
тараны босату, талшықты іріктеу, шыны талшықты белгілі бір ұзындықтағы
кесінділерге кесу, қапқа салу және тұту машиналарына апару;
машинаны қосу және тоқтату;
шыны талшықты сіңірмеледеу торшасына төсеу, қопсыту, біркелкі қабатпен
салу;
машинаны тазалау;
жұмыс орнын таза ұстай.

184. Білуге тиіс:

машинаны біркелкі тиесу нормасын;
электр пышақпен жұмыс істеу ережесін, талшықты торшаға дұрыс салу
тәсілдерін, түрлерін, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарт талаптары
мен одан әрі өндеге жіберілетін шыны талшықтың қасиеттерін;
түтілген талшық сапасына қойылатын талаптарды;
шыны талшықпен жұмыс істеу ережесін, жұмыс тәсілдерін.

34. Бүрмеленген парап шыны пластиктерін жасау қондырғысының операторы

Параграф 1. Бүрмеленген парап шыны пластиктерін жасау қондырғысының
операторы, 4-разряд

185. Жұмыс сипаттамасы:

бүрмеленген парап шыны пластиктерін электронды пультпен басқарылатын
арнаулы қондырғыда жоғары разрядты оператордың басшылығымен жасаудың
технологиялық процесін жүргізу;
қондырғыны майлау, сіңірмеледеу ваннасына байланыстырышты құю,
жіптерді, холстарды сіңірмеледеу процесін жүргізу;

сіңірмеледеу процесін қадағалау;
технологиялық режимге сәйкес шикізатты дозалауды, температураны, вакуум
қысымын қамтамасыз етеді;

технологиялық процесті бақылау-өлшеу аспаптары мен шикізаттың талдау
нәтижелері бойынша реттеу;

технологиялық режим нормаларынан ауытқушылық себептерінің алдын алу
және жою;

жабдық пен коммуникациялар жұмысындағы ақауларды жою;
шикізат пен жартылай фабрикаттардың жұмсалуын есептеу, дайын өнім
шығымының есебін жүргізу;
өндірістік журналға көрсеткіштерді жазу.

186. Білуге тиіс:

бүрмеленген парап шыны пластиктерін жасау өндірісінің технологиялық
схемасын, қондырғының барлық тораптарының жұмыс принципін;

қондырғыны бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен оңтайлы технологиялық режимге баптау тәсілдері мен ережесін;

қолданылатын шикізаттың, жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің физикалық-механикалық және технологиялық қасиеттерін;

шикізатқа және дайын өнімге арналған техникалық шарттар мемлекеттік стандарттарды.

Параграф 2. Бүрмеленген парап шыны пластиктерін жасау қондырғысының операторы, 5-разряд

187. Жұмыс сипаттамасы:

бүрмеленген парап шыны пластиктерін электронды пультпен басқарылатын арнаулы қондырғыда жасаудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

қондырғының барлық тораптарының жұмысын бақылау және үйлестіру;

қондырғыны электронды басқару пультінен қосу және оңтайлы технологиялық режимге баптау;

технологиялық режимге сәйкес шикізатты дозалауды, температураны, вакуум қысымын қамтамасыз ету;

технологиялық процесті бақылау-өлшеу аспаптары мен шикізаттың талдау нәтижелері бойынша реттеу;

технологиялық режим нормаларынан ауытқушылық себептерінің алдын алу және жою;

жабдық пен коммуникациялар жұмысындағы ақауларды жою;

шикізат пен жартылай фабрикаттардың жұмсалуын есептеу, дайын өнім шығымының есебін жүргізу;

өндірістік журналға көрсеткіштерді жазу;

қондырғыға қызмет көрсетуші жұмысшыларды басқару.

188. Білуге тиіс:

бүрмеленген парап шыны пластиктерін жасау өндірісінің технологиялық схемасын;

барлық қондырғыны қосу және тоқтату ережесін;

барлық тораптарының жұмыс принципін;

қондырғыны бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен оңтайлы технологиялық режимге баптау тәсілдері мен ережесін;

қолданылатын шикізаттың, жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің физикалық-механикалық және технологиялық қасиеттерін;

шикізатқа және дайын өнімге арналған техникалық шарттар мемлекеттік стандарттарды.

35. Шыныпластик конструкцияларды жасау қондырғысының операторы

Параграф 1. Шыныпластик конструкцияларды жасау қондырғысының операторы, 4-разряд

189. Жұмыс сипаттамасы:

шыныпластик конструкцияларды жекелеген қондырғыларда жасаудың технологиялық процесін жоғары разрядты оператордың басшылығымен жүргізу;

жабдықты дайындау, бөлуші және декоративтік жабынды түсіру, сінірмелеу, шыны матаны, полимерлеу камерасын, гидротүсіргіні жинау, бөліктерді, жуу және бояу боксын пенополиуретанмен толтыру, есу винті бар, гидротежегішті қозғағышты сынау және тағы басқа;

технологиялық процесті бақылау-өлшеу аспаптары мен шикізаттың талдау нәтижелері бойынша реттеу;

технологиялық режим нормаларынан ауытқушылық себептерінің алдын алу және жою;

жабдық жұмысындағы ақауларды жою;

өндірістік журналға көрсеткіштерді жазу.

190. Білуге тиіс:

шыныпластик конструкцияларды жасау технологиялық технологиясын;

режимді реттеу ережесін, дайын өнімге арналған техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттарды, жабдықтың құрылымын;

қолданылатын шикізаттың, жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің физикалық-механикалық және технологиялық қасиеттерін;

алынған ақпаратты өндеу ережесін.

Параграф 2. Шыныпластик конструкцияларды жасау қондырғысының операторы, 5-разряд

191. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалатын конструкцияларды автоматпен жабдықталмаған, басқару пульті бар арнаулы қондырғыларда жасаудың технологиялық процесін жүргізу;

қондырғының барлық тораптарының жұмысын үйлестіру және бақылау: жабдықты дайындау, бөлуші және декоративтік жабынды түсіру, сінірмелеу, шыны матаны, полимерлеу камерасын, гидротүсіргіні жинау, бөліктерді, жуу және бояу боксын пенополиуретанмен толтыру, есу винті бар, гидротежегішті қозғағышты, корпусты құю арқылы сынау сынау және тағы басқа;

қондырғыны электронды басқару пультінен қосу;

технологиялық процесті бақылау-өлшеу аспаптары мен шикізаттың талдау нәтижелері бойынша реттеу;

технологиялық режим нормаларынан ауытқушылық себептерінің алдын алу және жою;

жабдық жұмысындағы ақауларды жою;

көрсеткіштерді өндірістік журналға жазу;
біліктілігі анағұрлым төмен операторларға басшылық ету.

192. Білуге тиіс:

шыныпластик конструкцияларды жасау технологиялық технологиясын; режимді реттеу ережесін, дайын өнімге арналған техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттарды, жабдықтың құрылымын;

қолданылатын шикізаттың, жартылай фабрикаттардың физикалық-механикалық және технологиялық қасиеттерін;

көрсетілген режимдер бойынша бағдарлама әзірлеу әдіstemесін; алынған ақпаратты өндіу ережесін.

Параграф 3. Шыныпластик конструкцияларды жасау қондырғысының операторы, 6-разряд

193. Жұмыс сипаттамасы:

шыны пластиктен жасалатын конструкцияларды автоматпен жабдықталған, бағдарламалық басқарылатын арнаулы қондырғыларда жасаудың технологиялық процесін жүргізу;

қондырғының барлық тораптарының жұмысын үйлестіру және бақылау; қондырғыны басқару пультінен қосу;

технологиялық процесті бақылау-өлшеу аспаптары мен шикізаттың талдау нәтижелері бойынша реттеу;

технологиялық режим нормаларынан ауытқушылық себептерінің алдын алу және жою;

жабдық жұмысындағы ақауларды жою;

көрсеткіштерді өндірістік журналға жазу;

біліктілігі анағұрлым төмен операторларға басшылық ету.

194. Білуге тиіс:

шыныпластик конструкцияларды жасау технологиялық технологиясын;

режимді реттеу ережесін, дайын өнімге арналған техникалық шарттар мен мемлекеттік стандарттарды, жабдықтың құрылымын;

қолданылатын шикізаттың, жартылай фабрикаттардың физикалық-механикалық және технологиялық қасиеттерін;

көрсетілген режимдер бойынша бағдарлама әзірлеу әдіstemесін;

алынған ақпаратты өндіу ережесін; әртүрлі типтегі реттеуіштері бар (үш позиционды, пневматикалық, изотроптық, реостатты задатчиктермен электрлі реттеу және тағы басқа) автоматты электр көпірлердің жұмыс принципін.

195. Орта кәсіптік білім талап етіледі.

36. Шыны жгуттарды өруші

Параграф 1. Шыны жгуттарды өруші, 1-разряд

196. Жұмыс сипаттамасы:

сепаратор пластиналарын кептіруге арналған арнаулы рамкаларды арнаулы жіптерден қолмен торлап өру.

197. Білуге тиіс:

рамкаларды өру тәсілдерін, өрме сапасына қойылатын талаптарды, шығарылатын бұйымға қойылатын техникалық шарттарды, өру жолдарын.

Параграф 2. Шыны жгуттарды өруші, 2-разряд

198. Жұмыс сипаттамасы:

сепаратор пластиналарын кептіруге арналған арнаулы рамкаларды арнаулы жіптерден станоктарда метал сыммен өру немесе шыны жгуттарды жіппен және қағаз таспамен өру станогында өру;

жгуттарға арналған шыны талшығын бөліп жаю және калибрлеу;

станоктың айналу жылдамдығын және өрме адымын реттеу;

жіп пен қағаз таспаны салу;

станокті тазалау және күту.

199. Білуге тиіс:

рамкаларды өру тәсілдерін, өрме сапасына қойылатын талаптарды;

өру станогының құрылымын;

шығарылатын бұйымға қойылатын техникалық шарттарды, өру жолдарын.

37. Шыны матаны қайта ораушы

Параграф 1. Шыны матаны қайта ораушы, 3-разряд

200. Жұмыс сипаттамасы:

шыны матаны тоқу-тігу машиналарында тігуге дайындау; шыны мат орамын жазу, оны ағаш валикten тауарлы валикке (метал) қайта орау, қайта оралған шыны мата орамын тоқу-тігу машиналарында тігуге беру; тоқымашыға шыны матаны тігү машинасының транспортеріне орналастыруға көмектесу;

шыны матаны өлшеу үстелінде мемлекеттік стандарт пен техникалық шарттарға сәйкес келетін белгілі бір ұзындықтағы кесінділерге өлшеу, тауарлы валикten ағаш валикке қайта орау;

шыны матаның сапасын сыртқы түріне қарай тексеру;

буып түю үшін қаптарды дайындау;

шыны матаны буып-түю, таңбалau.

201. Білуге тиіс:

шыны матаны тігудің технологиялық процесінің жалпы схемасын;

өлшеу үстелінің құрылымы мен жұмысын;

шыны матаның негізгі қасиеттерін; шыны матаға мемлекеттік стандарт бойынша қойылатын талаптарды;

шыны мата ақауларының түрлерін; шыны матаны мемлекеттік стандартқа сәйкес келетін белгілі бір ұзындықтағы кесінділерге өлшеу ережесін,

таңбалau талондарын толтырудың тәртібін; жұмыс тәсілдерін.

38. Шыны талшығын балқытушы

Параграф 1. Шыны талшығын балқытушы, 4-разряд

202. Жұмыс сипаттамасы:

каолин құрамды отқа төзімді шыны талшығын жасауға арналған арнаулы агрегаттың электр доғалы пешінде шихтаны балқыту;

толтырма шихтаны электр доғалы пешінің балқыма бетінде тарақтың көмегімен таратып салу, шихтаны балқыту;

балқыма мен қойылған балқыма массасынан электрод сынықтарын алу, пештің гарнисажын, балқыма терендігін бақылау, электроды қаты жіберу, электр пеші механизмдерін тазарту;

пештің механизмдері мен коммуникацияларының жұмысын бақылау және реттеу;

балқыманың үрлеуге дайындығын анықтау.

203. Білуге тиіс:

балқыма режимін;

балқытудың технологиялық процесін;

электр доғалы пеш жабдығының құрылымы мен жұмыс принципін;

электр доғалы пештің күштік жабдығының схемасын;

пешті басқару ережесін;

шикізат материалдарының, электродтардың сипаттамасын;

қауіпсіз жұмыс ережесін.

39. Шыны талшық материалдарды жапсырушы

Параграф 1. Шыны талшық материалдарды жапсырушы, 3-разряд

204. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшық материалдарды жапсыру процесін жүргізу;

жапсыру конвейерінің жұмысын, шыны матаның біркелкі берілуін және шыны матаның шайырмен сіңірмеленуін қадағалау;

конвейердің үстіңгі және төменгі транспортерлерінің жылдамдығын, кептіру камерасындағы температура режимін реттеу;

тақтаны автоматты кесу торабының жұмысын реттеу;

жабдықтың жұмысындағы ұсақ ақаулардың алдын алу және жою.

205. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін технологиялық жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

дайын өнімнің сапасына қойылатын талаптарды;

жұмысты орындау тәсілдерін.

40. Тозандатылған бұйымдарды жатықтаушы

Параграф 1. Тозандатылған бұйымдарды жатықтаушы, 2-разряд

206. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жгуттың тозандатылған қабаттарын шағын габаритті бұйымдардың және қарапайым конфигурациялы күрделі бұйымдардың қалыптарында біркелкі тығыздау технологиялық процесін біліктілігі анағұрлым жоғары жатықтаушының басшылығымен жүргізу;

жатықталған қабаттың қалындығын арнаулы құралдың көмегімен анықтау; валиктерді жуу және кептіру.

207. Білуге тиіс:

тозандатылатын бұйымдар номенклатурасын, жатықтау тәсілдерін, армирлеу материалдарының түрлерін, байланыстыруышының құрамын.

208. Жұмыс үлгілері:

1) қақпақтар, тегіс секциялар, слань, пластиналар - жатықтау.

Параграф 2. Тозандатылған бұйымдарды жатықтаушы, 3-разряд

209. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жгуттың тозандатылған қабаттарын күрделі конфигурациялы бұйымдардың қалыптарында біркелкі тығыздау технологиялық процесін жүргізу; бұйымның конфигурациясына қарай жатықтау валиктерін іріктеу; жатықталған қабаттың қалындығын арнаулы құралдың көмегімен анықтау; тозандатылған конструкциялардағы ақауларды жою.

210. Білуге тиіс:

тозандатылатын бұйымдар номенклатурасын, жатықтау тәсілдерін, жатықталған қабаттың қалындығын анықтау ережесін, майлауыштың ылғалдылығы мен проценттің құрамының жатықтау процесіне әсерін.

211. Жұмыс үлгілері.

1) шағын кеме корпустары, ақпа корпустары, шағын кеме палубасының корпустары, тегіс тақталар, қоршаулар және тағы басқа - жатықтау.

Параграф 3. Тозандатылған бұйымдарды жатықтаушы, 4-разряд

212. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жгуттың тозандатылған қабаттарын ерекше күрделі конфигурациялы бұйымдардың қалыптарында біркелкі тығыздау технологиялық процесін жүргізу; жатықтауды бақылау үшін қарапайым геометриялық құрылымдарды сыйзу; ерекше күрделі конфигурацияларды қолмен жеткеріп престеу; біліктілігі анағұрлым төмен жатықтаушыларды басқару.

213. Білуге тиіс:

тозандатылатын бұйымдар номенклатурасын;

байланыстыруышының құрамын;

армирлеуші материалдарды сіңірмелей шарттарын;

жатықталған қабаттың қалындығын анықтау ережесін;

сызбаларды оқу ережесін.

214. Жұмыс үлгілері:

1) корпустар, рубкалар, қондырмалар, секция корпустары - жатықтау.

41. Сінірмелебеуші

Параграф 1. Сінірмелебеуші, 1-разряд

215. Жұмыс сипаттамасы:

сепаратор матиктерін байланыстыруши ерітіндімен жоғары разрядты сінірмелебеушінің басшылығымен сінірмелебеу;

сінірмеленген матиктерді кептіру үшін конвейерге тасымалдау; жабдықты байланыстырушидан тазарту.

216. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін технологиялық жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

дайын өнім сапасына қойылатын талаптарды; жұмыс тәсілдерін.

Параграф 2. Сінірмелебеуші, 2-разряд

217. Жұмыс сипаттамасы:

байланыстыруши ерітіндіні дайындау;

сепаратор матиктерін байланыстыруши ерітіндімен талшықтардың дұрыс орналасуын және олардың карусель берілуін сақтай отырып сінірмелебеу;

сінірмеленген матиктерді кептіру үшін конвейерге тасымалдау;

байланыстыруши ерітіндін үздіксіз берілуін қамтамасыз ету;

сінірмелебеу сапасын қадағалау;

жабдықты байланыстырушидан тазарту.

218. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін технологиялық жабдықтың құрылымы мен жұмыс принципін;

байланыстырушының қасиеттерін және оны дайындау тәсілдерін;

дайын өнім сапасына қойылатын талаптарды;

жұмыс тәсілдерін.

Параграф 3. Сінірмелебеуші, 3-разряд

219. Жұмыс сипаттамасы:

сінірмелебеу үстелін жұмысқа дайындау, целлофанды пішу, оны үстелге салу;

байланыстырушыны жұқа қабатпен целлофанның төменгі бетіне салу, шыны холст қабаттарын байланыстыруши жағылған целлофанға салу, шыны холстқа байланыстырушыны біркелкі жағу, үстіңгі қабатты төссеу және механизмдердің көмегімен немесе қолмен пакет жасау.

220. Білуге тиіс:

қолданылатын материалдар мен шикізаттың физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізат пен дайын өнімге қойылатын техникалық талаптарды;

ақаудың түрлері мен себептерін және оларды жою шараларын;

шыны холсты сінірмелеудің тәсілдері мен технологиясын.

42. Шыны талшығы жгуттарын жұмыстаушы

Параграф 1. Шыны талшығы жгуттарын жұмыстаушы, 2-разряд

221. Жұмыс сипаттамасы:

жгуттарды қолмен белгі бойынша берілген геометриялық өлшемге дейін жұмыстау және өндіру, жұмсақту ерітінділерін дайындау;

жарықты өткізуге арналған стандарты шыны талшық бұйымдарын жасау; жасалатын жарық өткізгішке қабықтарды кигізу.

222. Білуге тиіс:

жгуттар мен дайындалардың нысаны мен механикалық қасиеттерін;

жгуттарды айыру және өндіру ережесі мен тәсілдерін, жұмсақту ерітінділерін дайындау ережесін;

қабықтарды жасау және жарық өткізгішке кигізу ережесі мен тәсілдерін.

Параграф 2. Шыны талшығы жгуттарын жұмыстаушы, 3-разряд

223. Жұмыс сипаттамасы:

жгуттарды оптикалық сипаттамалары бойынша іріктей отырып, геометриялық өлшемге дейін қолмен жұмыстау және өндіру;

желімдеуші композицияларды жасау;

суретті беруге арналған стандартты бұйымдарды жасау;

жгут сапасының сипаттамаларын технологиялық журналға жазу.

224. Білуге тиіс:

жгуттардың оптикалық қасиеттері мен сипаттамаларын;

желімдеуші композицияларды жасау ережесі мен олардың қасиеттерін;

жгуттарға арналған техникалық шарттарды;

микрометр құрылымын.

Параграф 3. Шыны талшығы жгуттарын жұмыстаушы, 4-разряд

225. Жұмыс сипаттамасы:

жгуттарды механикалық станоктардың айлабұйымдары мен айлабұйымдардың көмегімен, геометриялық өлшемге дейін белгі бойынша жұмыстау және өндіру;

жарық өткізгіштерді блоктарға жинастыру және оларды шайырмен сінірмелеу;

шыны талшық таспалардан өткізу қабілеті шағын жарық өткізгіштерді жасау; жарық өткізгіштерді таңбалау.

226. Білуге тиіс:

аралап кесу станогы мен айлабұйымдардың нысаны мен құрылымын;

нақты сипаттаманың жгуттағы талшықтардың салыну сипатына тәуелділігін;

шыны талшық таспалардың оптикалық қасиеттерін, микроскоптың нысаны мен құрылымын.

Параграф 4. Шыны талшығы жгуттарын жұмыстаушы, 5-разряд

227. Жұмыс сипаттамасы:

жгуттарды оптикалық сипаттамалары бойынша іріктей отырып, механикалық станоктардың айлабұйымдары мен айлабұйымдардың көмегімен, геометриялық елшемге дейін белгі бойынша жұмыстау және өндөу;

шыны талшық элементтерінен стандартты емес бұйымдар жасау;

шыны талшық таспалардан өткізу қабілеті жоғары жарық өткізгіштерді жасау

;

жоғары күрделі әртүрлі бұйымдарды жасау.

228. Білуге тиіс:

жарық өткізгіштер оптикасы туралы негізгі ұғымдарды;

жарық өткізгіштерді бұйымның құрамында пайдалану шарттарын;

жарық өткізгіш қасиеттерінің материалға, талшықтың түрі мен қасиетіне, технологиялық режимдер мен талшықтың және одан жасалатын бұйымның жасалу жолдарына тәуелділігін.

43. Шыны талшық орамын жазушы

Параграф 1. Шыны талшық орамын жазушы, 3-разряд

229. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықтарды бобинадан жазу кезіндегі жекелеген операциядарды біліктілі анағұрлым жоғары жазушының басшылығымен орындау және және орауды жазу машиналарында бірінші айналымды жасау;

бобиналарды орауды жазу машиналарындағы бобина ұстасуышқа орнату;

жіптің үзігін желімдеу арқылы жою;

өндөлген бобиналарды ауыстыру;

машиналарды тазалау, сақиналарын майлау.

230. Білуге тиіс:

орауды жазу машиналарының құрылымын;

машинаға қызмет көрсету ережесін;

брактың және үзіктің туындау себептерін;

жіптің орауын жазу тәсілдерін.

Параграф 2. Шыны талшық орамын жазушы, 4-разряд

231. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықтарды бобинадан жазу және орауды жазу машиналарында бірінші айналымды жасау;

бобиналарды орауды жазу машиналарындағы бобина ұстасуышқа орнату және жіпті патронға іліктіру;

жіптің үзігін желімдеу арқылы жою;

өндөлген бобиналарды ауыстыру;

орамды және оның сапасын қадағалау;

жүгіртені ауыстыру;
дайын өнімді алу және тапсыру.

232. Білуге тиіс:

орауды жазу машиналарының құрылымын;
克莱нканың құрылымын және оған қызмет көрсету ережесін;

жазылатын шыны жіптерінің түрі мен қасиеттерін, жазу кезіндегі брак түрлерін, причины брактың және үзіктің туындау себептерін, олардың алдын алу және азайту шараларын, оларды қысқарту нормаларын, жіпті жазу тәсілдерін.

Параграф 3. Шыны талшық орамын жазушы, 5-разряд

233. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықтарды бобинадан жазу және технологиялық процесті автоматы басқаратын айналдыру машиналарында орау;

бобиналарды орауды жазу машиналарындағы бобина ұстауышқа орнату және жіпті патронға іліктіру;

жіптің үзігін желімдеу арқылы жою;

өндөлген бобиналарды ауыстыру;

орамды және оның сапасын қадағалау;

машинаны тазалау, сақиналарды майлау, жүгіртені ауыстыру;

дайын өнімді алу және тапсыру.

234. Білуге тиіс:

технологиялық процесті автоматы басқаратын айналдыру машиналарының құрылымы мен нысанын; машинаны толтырудың технологиялық параметрлерін, клеянканың құрылымын;

жазу кезіндегі брак түрлерін, причины брактың және үзіктің туындау себептерін, олардың алдын алу және азайту шараларын, оларды қысқарту нормаларын, жіпті жазу тәсілдерін;

технологиялық процесті автоматты реттеу жүйесінің нысаны мен жұмыс принципін;

машинаны басқару және бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану ережесін;

жабдықты күтіп баптау режимін.

44. Шыны талшықты таратып салушы

Параграф 1. Шыны талшықты таратып салушы, 2-разряд

235. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты үстелдерде қабаттың берілген қалындығы бойынша таратып салу және созу;

салынған қабаттың қалындығын толщиномермен өлшеу;

шыны маттарға арналған дайындаударды шаблон бойынша кесу және оларды тігуге тасымалдау.

236. Білуге тиіс:

шыны талшықты таратып салу және созу ережесін;

толщиномердің құрылымы мен жұмыс принципін.

Параграф 2. Шыны талшықты таратып салушы, 3-разряд

237. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты үстелдерде қабаттың берілген қалындығы бойынша 1 мм дейінгі дәлдікпен таратып салу және созу;

салынған қабаттың қалындығын толщиномермен өлшеу;

сепаратор платиналарына арналған дайындаударды кесу және сумен бүрку, жіппен немесе сыммен торланған рамкаларды жеткізу;

дайындаударды рамага салу оларды сінірмелеге тасымалдау.

238. Білуге тиіс:

шыны талшықты таратып салу және созу ережесін, толщиномердің құрылымы мен жұмыс принципін;

шыны сепараторға арналған техникалық шарттарды.

45. Шыны талшықты материалдарды пішуші

Параграф 1. Шыны талшықты материалдарды пішуші, 1- разряд

239. Жұмыс сипаттамасы:

орамдағы шыны талшықты материалдарды қарапайым кесу құралын (линейканы, пышақты, қайшыны) пайдалана отырып, пішу картасына сәйкес белгілі бір ұзындықтағы полотноларға кесу;

шыны материалдарды кептіру камераларында алдын ала кептіру.

240. Білуге тиіс:

пішу және орауын жазу жолдарын;

шыны материал сұрыптарын шаблондарды, линейканы, лекалдарды пайдалану ережесін.

241. Жұмыс үлгілер:

1) тігу парақтары, қақпақтар мен басқа да қарапайым конфигурациялы бұйымдар, қалыптау шыны мата орамын пішу;

2) қалыпшаларға арналған шыны мата жолақтары - пішу.

Параграф 2. Шыны талшықты материалдарды пішуші, 2-разряд

242. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты материалдарды пішу картасына сәйкес чертеждар мен шаблондар бойынша пневматикалық кесу құралын қолдана отырып пішу.

243. Білуге тиіс:

қолданылатын материалдың нысанын; шыны материалдарды тиімді пішу ережесін; пішу тәсілдерін;

қарапайым чертеждерді оку ережесін;

шыны материалдарды сақтау ережесін.

244. Жұмыс үлгілері:

- 1) қатер корпусы – шыны матаны пішу;
- 2) қайта іріктеу - шыны матаны пішу;
- 3) 45°, 135° бұрышты қалыптау жолақтары - пішу.

Параграф 3. Шыны талшықты материалдарды пішуші, 3-разряд

245. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты материалдардан күрделі конфигурациялы корпустық бөлшектерді плазадан немесе орнынан салынған чертеждар мен шаблондар бойынша пневматикалық кесу құралы мен таспалы араны қолдана отырып пішу.

246. Білуге тиіс:

күрделілігі орташа чертеждерді оқу ережесін;

пішу тәсілдерін;

шыны материалдарды пішу жолдарын, шыны материалдарды сактаудың жарамдылық мерзімін, шыны материалдарды ылғалдылық процентін;

шыны пластиктерден бұйым жасау технологиясын.

247. Жұмыс үлгілері.

1) қоршаулар, комингстер, қайықтар, рубкалар, цистерналар – пішу.

Параграф 4. Шыны талшықты материалдарды пішуші, 4-разряд

248. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты материалдар мен ерекше күрделі корпустық конструкциялы толтырғыштарды (шыны жгут, шыны мақта, шынырогожка және тағы басқа) тиісті кесу құралын қолдана отырып пішу;

тиімді пішу картасын немесе ұтымды орналастыру схемасын жасау;

материалдар шығыстарының есебін жүргізу, біліктілігі анағұрлым төмен пішушілердің жұмысына басшылық ету және олардың жұмыс есебін жүргізу.

249. Білуге тиіс:

күрделі чертеждерді оқу ережесін;

тиімді пішу тәсілдерін, шыны мата полотносын бұйымның (конструкцияның) контуры шегінде орналастыру картасын жасау ережесін.

250. Жұмыс үлгілері:

1) күрделі және ірі габаритті бұйымдар: корпустар мен палубалар, қондырмалар, түп секциялары - пішу.

46. Шыны талшықты және шыны пластик материалдарды кесуші

Параграф 1. Шыны талшықты және шыны пластик материалдарды кесуші, 2-разряд

251. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жгуттарды берілген мөлшердегі пачкаларға (диполиге) маятникті және фрезер станоктарында кесу;

пачкаларды калибрлеу;

пачкаларды жәшіктерге салу және оларды өлшеуге жіберу;
станоктарды ұсақ жөндеу және баптау;
шыны пластик табағының жиегін механикалық пышақтың, қайшының және басқа да айлабұйымдардың көмегімен кесу.

252. Білуге тиіс:

шыны жгуттар мен парақ шыны пластиктердің негізгі қасиеттерін;
жгуты кесуге арналған станоктар мен шыны пластик табағының жиегін кесетін айлабұйымдардың құрылымын;
кесудің жолдарын.

Параграф 2. Шыны талшықты және шыны пластик материалдарды кесуші, 3-разряд

253. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жгуттарды, парақты каолин құрамды орама материалды кесу;
шыны жгуттарды бүрмеленген парақты шыны пластик жасау қондырғысында кесу кезінде – шпулярникті бобинамен, дозаторды талькпен жасақтау; кесу торабын берілген режимге баптау; келіп түскен ұнтақталған жгуты реттеу және оның шыны холста біркелкі салынуын қадағалау;

шыны пластикті пышақтың, қайшының және басқа да айлабұйымдардың көмегімен кесу кезінде парактардың берілген мөлшерін сақтау, оларды өлшеу және одан әрі өндіреу жіберу;

каолин құрамды орама материалды кесу кезінде – кесу бұрышын қадағалау, қабылдау конвейерінен дайын өнімнің түсін реттеу; орама материалдың техникалық сипаттамаларын аспаптардың көмегімен анықтау;

дайын өнімді өлшеу және буып-тұю;

цилиндрлерді өлшеу, оларды салмағына қарай іріктеу, цилиндрлерді бобина ұстауышқа бекіту, бобиналарды кесу, фаскіні алу, шыны талшығын бобинадан кесіп алу, бобиналарды жылтырату;

жабдықты тазалау және үйкелетін бөлшектерін майлау.

254. Білуге тиіс:

шыны жгуттың физикалық-химиялық қасиеттерін, шыны пластиктер мен орама материалдың негізгі қасиеттерін;

шыны жгутты үздіксіз кесудің техникалық параметрлерін және оны шыны холста біркелкі салуды;

шыны жгуттарды, орама материалды кесу торабының немесе парақты шыны пластикті кесуге арналған айлабұйымдардың құрылымы мен жұмыс принципін;

шыны жгутты холста біркелкі таратып салуды реттеу механизмін реттеу ережесін;

шыны жгутке және каолин құрамды орама материал талькіне қойылатын технологиялық талаптарды;

парақты шыны пластик сұрыптылығы мен мөлшерін;
кесу сапасына қойылатын талаптарды;
өлшеу құралдарын пайдалану ережесін.

47. Таспаларды құрастыруши

Параграф 1. Таспаларды құрастыруши, 2-разряд

255. Жұмыс сипаттамасы:

таспаларды белгі мөлшері бойынша белгілі бірізділікпен құрастыру, картон қораптарға галеттерді толтыру, оларды бандерольге құрастыру;

металданған шыны талшығынан жасалған галеттерді техникалық шарттарға сәйкес қағаз тапталарға салу;

талшықты дипольдердің белгілі бір санына дәлме дәл салу және оларды контейнерге құрастыру, таспаларды жинау және бақылауға тапсыру.

256. Білуге тиіс:

өлшеу аспаптарының құрылымын және оларды пайдалану ережесін; жинақталатын бұйымдардың барлық түрлеріне арналған техникалық шарттарды;

таспаларды, қораптарды, бандерольдерді контейнерлерді құрастыруға қойылатын талаптарды, олардың нормалиларын, таспа жасауға кететін негізгі және қосалқы материалдарға арналған мемлекеттік стандарттарды.

48. Шыны талшығын жентектеуші

Параграф 1. Шыны талшығын жентектеуші, 2-разряд

257. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты дайындаударды жентектеу процесін біліктігі анағұрлым жоғары жентектеушінің басшылығымен жүргізу;

пресс - қалыптарды, пресс-пештерді және күйдіру пештерін дайындау; аспаптардың жұмысын қадағалау.

258. Білуге тиіс:

жентектеу мен күйдірудің температуралық режимдерін;

пресс-қалыптарды, пресс-пештерді және күйдіру пештерін жұмысқа дайындау ережесін;

пресс-қалыптардың, пресс-пештердің және күйдіру пештерінің нысанын және олар туралы негізгі деректерді.

Параграф 2. Шыны талшығын жентектеуші, 3-разряд

259. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты дайындаударды жентектеу және престеу процесін вакуумді емес пеште жүргізу;

шыны талшық дайындаударын күйдіру;

температура режимін реттеу;

жабдықтың үздіксіз жұмыс істеуін бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша қадағалау;

шыны талшықты штабиктерден фокондарды суырып тарту.

260. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын және жұмыс принципін;

шыны талшықты дайындаударды жентектеу және престеуді технологиялық процесін;

жентектелетін дайындаудардың физикалық-химиялық және технологиялық қасиеттерін.

261. Жұмыс үлгілері.

1) диаметрі 60 мм дейінгі бұйымдарды алуға арналған шыны талшық дайындаудары - жентектеу және құйдіру;

2) диаметрі 20 мм дейінгі фокондар – тарту.

Параграф 3. Шыны талшығын жентектеуші, 4-разряд

262. Жұмыс сипаттамасы:

шыны талшықты дайындаударды жентектеу және престеу процесін вакуумді пеште жүргізу;

технологиялық режим параметрлерін бақылау және реттеу;

дайын өнімдерді құйдіру процесін жүргізу;

технологиялық журналға жазба жүргізу.

263. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтың құрылымын;

процесті реттеу ережесін;

дайын өнімнің сапасына қойылатын талаптарды;

брактың түрлерін және оларды жою мен алдын алу тәсілдерін.

264. Жұмыс үлгілері.

1) диаметрі 60 мм жоғары бұйымдарды алуға арналған шыны талшық дайындаудары - жентектеу және құйдіру;

2) талшықты-оптикалық пластиналар – құйдіру;

3) диаметром 20 мм жоғары фокондар – тарту.

Параграф 4. Шыны талшығын жентектеуші, 5-разряд

265. Жұмыс сипаттамасы:

жарық өткізгіштерді бағдарламалық басқарылатын арнаулы пресс-пештерде жентектеу процесін жүргізу;

пресс-қалыпта үлгілерді құрастыру;

кесу үшін бөліп кесу станогын дайындау;

бұйымдарды ұсақ үлгілермен кесу;

жылтыратуға арналған абразивті ерітінді жасау;

пластина сыртқы бетін жылтырату.

266. Білуге тиіс:

жентектеудің технологиялық процесін;
қызмет көрсететін участке қондырғысының құрылымын;
дайын өнім сапасының өндөу режиміне тәуелділігін;
вакуумді техника негіздерін.

49. Оптикалық сипаттамаларды алушы

Параграф 1. Оптикалық сипаттамаларды алушы, 2-разряд

267. Жұмыс сипаттамасы:

оптикалық сипаттамаларды алу және талшықты-оптикалық пластиналар мен жгуттарды механикалық сынауды біліктілігі анағұрлым жоғары алушының басшылығымен жүргізу;

бұйымдарды орнату және бекіту, микроскопты бұйымның қажетті бетіне фокустеу;

аспалтар мен қондырғыларды желіге қосу және ажырату, оптикалық сипаттамаларды бұйымның паспортына жазу.

268. Білуге тиіс:

жарық өткізгіштердің нысаны мен қолданылуын;

шыны талшықты бұйымдардың қысқаша механикалық және оптикалық сипаттамаларын;

пайдаланылатын аспалтар мен қондырғылардың жұмыс принципін.

269. Жұмыс үлгілері:

1) жгуттар, пластиналар – арқаулары мен қабаттарының мөлшерін елшеу;

2) жгуттар – ең төменгі радиуске сынау;

3) жгуттар, пластиналар – рұқсатты анықтау;

4) пластиналар – ақау санын есептеу.

Параграф 2. Оптикалық сипаттамаларды алушы, 3-разряд

270. Жұмыс сипаттамасы:

оптикалық сипаттамаларды алу және талшықты-оптикалық пластиналарды, жгуттар мен талшықтарды механикалық сынауды жүргізу;

жұмыста пайдаланылатын аспалтар мен қондырғыларды баптау;

өлшеу аумағын анықтау және оптикалық сипаттамаларды есептеу;

окуляр – микрометрдің немесе объективті ауыстыру кезінде окуляр торшасының бөлу адымын анықтау;

жоғары кернеулі қоректендіру көздерін ажырату.

271. Білуге тиіс:

электротехника, геометриялық оптика мен жарық өткізгіш оптика негіздерін;

пайдаланылатын аспалтар мен қондырғылардың құрылым мен баптау ережесін.

272. Жұмыс үлгілері:

1) бір өзекті және көп өзекті талшықтар – беріктік шегін анықтау;

2) жгуттар мен пластиналар – жалпы және спектральдік жарық өткізуін өлшеу;

3) пластиналар – тік сзыық суретінің бұзылуын өлшеу;

4) пластиналар- тік сзыық суретінің мөлшерін өлшеу.

Параграф 3. Оптикалық сипаттамаларды түсіруші, 4-разряд

273. Жұмыс сипаттамасы:

пайдаланылатын аспаптар мен қондырғыларды талап етілетін режимдер бойынша баптай отырып оптикалық сипаттамаларын алу;

бұйымдарды айлабұйымдарға орнату және тексеру;

талишықты оптикалық пластиналардың ваккумді тығыздығы мен электр беріктігін анықтау;

галийлі ағын іздеуіштің жекелеген бөлшектерін қарау, тазалау және ауыстыру;

жарық дабылын фотопластинкаға жазу және шешу.

274. Білуге тиіс:

аспаптар мен қондырғылардың берілген дәлдігін тексеру, белгілеу және баптау тәсілдерін;

бұйымдардың микроскоптың көмегімен суретке түсіру тәсілдерін;

фотометрия негіздерін, пайдаланылатын аспаптар мен қондырғылардың принципті электр схемаларын.

275. Жұмыс үлгілері:

1) жгуттар мен пластинкалар – жарық өткізу индикатористерін және монохроматикалық ақ жарықтағы рұқсатын анықтау;

2) пластиналар – жиілік-контраст сипаттамалары мен құрылымдық шуды анықтау.

50. Шыны талшық және шыны пластик бұйымдарды түсіріп алушылар

Параграф 1. Шыны талшық және шыны пластик бұйымдарды түсіріп алушылар, 2-разряд

276. Жұмыс сипаттамасы:

орауды жазатын немесе айналдыратын машина топтарына қызмет көрсету;

машиналарды, тараны, патрондар мен катушкаларды бұйымды алуға дайындау;

ұршықтан жұмысталған паковкаларды алу;

ұршыққа патрондар мен катушкаларды кигізу;

түсірілген шыны жіпті әкету;

түсіру кезінде пайда болған үзіктерді жою, машинаны іске қосу;

ұршықтан подметкаларды алу;

машинаға май қуюға және қайталап қуюға қатысу;

қажет кезінде жазып ораушы мен айналдырушыға ставкаларды ауыстыруға және машинаны күтіп-баптауға, шыны жіп үзігін жоюға көмектесу;

сақиналарды майлау;

полимерленген шыны пластика бұйымдары жабдығынан қажетті құралдар мен айлабұйымдарды түсіріп алуға дайындау;

бұйымдарды жабдықтан қолмен немесе құралдың, айлабұйымның көмегімен түсіру;

қарапайым бұйымдарды бөлшектеу және құрастыру;

шыны талшығынан жасалған бұйымдарды конвейерден алу, әкету және жинау;

өнімді түрі бойынша сұрыптау;

өнім ақауларын анықтау.

277. Білуге тиіс:

өндірілетін шыны жібінің ассортиментін;

өнімді алу және қою ережесін, ораушы мен айналдырушының жұмыс тәсілдерін, машинаны күту режимін;

бұйымды түсіріп алуға арналған құрал мен айлабұйымды (бұта, лом) пайдалану ережесін;

бұйымды түсіріп алу ережесін;

шыны пластик бұйымдарға арналған техникалық шарттарды; шыны пластик бұйымдарды сақтау ережесін;

шыны талшықтан жасалған өнім ассортиментін;

жартылай фабрикат пен дайын өнімге арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды.

278. Жұмыс үлгілері:

1) банкілер, бракеттер, кнектылар, парактар, пластиналар, тік профилдер, рымалар, уткілер – жабдықтан түсіріп алу.

Параграф 2. Шыны талшық және шыны пластик бұйымдарды түсіріп алушылар, 3-разряд

279. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымдарды жабдықтан гидросъем немесе тельфердің көмегімен түсіріп алу;

бұйымдардың, конструкциялардың құрделі үлгілерін бөлшектеу және құрастыру.

280. Білуге тиіс:

бұйымдарды түсіріп алу жолдарын, бұйымдарды түсіріп алуға арналған техникалық шарттарды;

гидросъем жүйесінің жұмыс принципін;

ірі габаритті бұйымдарды ілмектеу және стеллаждарға немесе кондуктор стапеліне ауыстыру ережесін.

281. Жұмыс үлгілері:

1) қоршамалар, есік комингстері, корпустар, палубалар, рубкалар мен қондырғылар, іргетастар, цистерналар – жабдықтан түсіріп алу.

51. Тоқымашы

Параграф 1. Тоқымашы, 3-разряд

282. Жұмыс сипаттамасы:

қарапайым шыны матаны, торлар мен таспаларды қайықты және қайықсыз тоқыма және таспа тоқу станоктарында шығару;

қайықтарын зарядтау және ауыстыру;

негізгі және жанама жіптердің үзіктерін жою;

негіздің үзілген жіптерін желімдеу және оларды ламельдерге, галдар мен бердоға жапсыру;

қындыны жою және мата ақауын өндеу;

станокты негіз салынғаннан кейін өндеу;

технологиялық процестің үздіксіз болуын, өнімнің сапасы мен шикізаттың үнемді пайдаланылуын қамтамасыз ететін жұмыс тәсілдерін орындау;

негізгі жіптердің үзілуінің және мата ақауларының алдын алу жұмыстарын орындау, жеке жіптің тарқатылуын желімдеу, жұмысталған түбітті негіз жібіне жинау, шатасуын болдырмау;

негіз жібінің тартылуын реттеу;

келіп түскен негіздер мен жанаманың сапасын бақылау;

матаны кесіп алу және тауар валигін орнату;

матаны тауарлы валикке желімдеу;

жанама паковкаларды қайықсыз тоқыма және таспа тоқу станоктарына орнату;

белгіленген режимді және станоктардың тазалау әрі майлау сапасын бақылау; жұмыс орнын күту, тазалау және станоктарды балтау.

283. Білуге тиіс:

тоқыма және таспа тоқу станоктарының құрылымын, оның жекелеген тораптары мен механизмдерінің жұмысы мен өзара әрекетін;

полотно тоқу ассортиментін және мата мен таспа ақауларын, олардың туындау себептері мен алдын алу және жою тәсілдерін;

матаның сыныбын, жіптердің сызық тығыздығын анықтауды;

қалдықтың түрлері мен нормасын, және оны қысқарту жолдарын;

ұтымды жұмыс тәсілдерін; тоқыма станогына қызмет көрсету бағыттарын.

284. Жұмыс үлгілері:

1) шыны құрылыш торлары;

2) Т-23 үлгісіндегі шыны мата;

3) ЛЭСБ-0,25 маркалы шыны таспалар.

Параграф 2. Тоқымашы, 4-разряд

285. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі шыны матаны, торлар мен электротехникалық, конструкциондық және басқа да нысандардағы таспаларды барлық жүйелер мен конструкциялардағы қайықты және қайықсыз тоқыма және таспа тоқу станоктарында кешенді шыны бұрамалы және аз бұрамалы жіптер мен ровингтерді қолдана отырып шығару;

негізгі және жанама жіптердің үзіктерін жою;

негіздің үзілген жіптерін желімдеу және оларды ламельдерге, галдар мен бердоға жапсыру;

негізгі жіптердің үзілуінің және мата ақауларының алдын алу жұмыстарын орындау, жеке жіптің тарқатылуын желімдеу, жұмысталған түбітті негіз жібіне жинау, шатасуын болдырмау;

негіз жібінің тартылуын реттеу;

негіздер мен жанаманың сапасын бақылау;

станоктарды тазалау және баптау;

біліктілігі анағұрлым төмен тоқымашыларға басшылық ету.

286. Білуге тиіс:

тоқыма және таспа тоқу станоктарының құрылымын, оның жекелеген тораптары мен механизмдерінің жұмысы мен өзара әрекетін, мата мен таспалардың ассортиментін және салу есебін;

айқасу мен сзық тарту түрлерін;

сыртқы түріне қарай шыны мата мен шыны таспаға қойылатын талаптарды; шыны мата мен таспаның физикалық-механикалық қасиеттерін.

287. Жұмыс үлгілері:

- 1) Т-13; Э3-200; Э3-250; Э-125 үлгісіндегі шыны мatalар;
- 2) ровингтен жасалған шыны мatalар;
- 3) Э4/1-46 маркалы шыны мatalар;
- 4) ЛЭС-010, ЛЭС-0,15, ЛЭС-0,20, ЛЭСБ-0,10, ЛЭСБ-0,15, ЛЭСБ-0,20 маркалы таспалар.

Параграф 3. Тоқымашы, 5-разряд

288. Жұмыс сипаттамасы:

күрделі шыны мatalар мен мемлекеттік стандарт пен техникалық шарттар бойынша арнаулы талаптар қойылатын, жоғары берік, кремнитопырақ, кварцы, металданған жіптерден жасалған таспаларды, электротехникалық, конструкциондық және басқа да нысандардағы шыны мatalарды барлық жүйелер мен конструкциялардағы, қайықсыз тоқыма және таспа тоқу станоктарында, қайықты орау жөніндегі қосымша құрылғысы бар "Рюти" станогында, Жаккард машинасы бар станоктарда, күрделі айқаспалы:

декоративтік, көріп қабатты, контурлы-профильді, шыны сымды тікелей майлауштарда шығару;

матаның үзіктері мен мата ақауларын жою;

қайықтың және тоқу станогының ұсақ ақауларын жою, жекелеген галдарды, Жаккард машинасы бар станоктардағы аркатты ауыстыру, призмалардағы карталардың кезектілігін бақылау, айқас тоқу рапортын есепке және картаға сәйкес қалпына келтіру;

біліктілігі анағұрлым төмен тоқымашыларға басшылық ету.

289. Білуге тиіс:

тоқыма және таспа тоқу станоктарының, Жаккард машинасы бар станоктардың құрылымын, оның жекелеген тораптары мен механизмдерінің жұмысы мен өзара әрекетін: мата жібін есептеу әдістемесін, ассортиментін, айқас тоқу түрлерін;

мата мен таспа ақауларын, олардың туындау себептері мен алдын алу және жою тәсілдерін;

технологиялық шығынның түрлері мен нормасын, оларды қысқарту шараларын; ұтымды жұмыс тәсілдерін;

тоқыма станогына қызмет көрсету бағыттарын.

290. Жұмыс үлгілері:

1). А-1, А-2, ТСУ-8/3, Т, ЛА, КС-11-ЛА үлгісіндегі шыны мatalар;

2) Э-25, Э-30, Э-60, Э-80, Э-100, Т-10, Т-14, Т-11 үлгісіндегі шыны мatalар;

3) 0,025-тен 0,18 мм дейінгі электр изоляциялау мatalары;

4) сатин арқаулы конструкциондық мatalар;

5) шыны авиациялық мatalар;

6) радиотехникалық, сұзгілік мatalар;

7) КЛ-11, ЛФС-0,6, ЛСК-ВМ-0,1, ЛЭС-0,06x20-80, ЛЭС-0,08, ЛЭ-ВМП маркалы шыны таспалар.

52. Шыны жіпті бұйымға төсеушілер

Параграф 1. Шыны жіпті бұйымға төсеушілер, 2-разряд

291. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жіпті қарапайым бұйымдарға арналған дайындаларға төсеу;

ұлғіні сулау, түзеу және қондырғыға бекіту;

сулаушы ерітінділеріне арналған компоненттерді дайындау.

292. Білуге тиіс:

талшықты төсеуге арналған қондырғының нысанын және жұмыс принципін, шыны жіпті бұйымдарға төсеудің ережесі мен тәсілдерін.

293. Жұмыс үлгілері:

1) ұзындығы 1 м, суреті 0,5 м дейінгі жарықты беруге арналған дайындалар - сулау, түзеу және қондырғыға бекіту, төсеу.

Параграф 2. Шыны жіпті бұйымға төсеушілер, 3-разряд

294. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жіпті күрделілігі орташа бұйымдарға арналған дайындауда төсей; сулауши ертінділердің дайындау және оның концентрациясын анықтау; сулауши ертінділердің берілуін реттеу; технологическом журнале жазба жүргізу; дистилляторды қолдану.

295. Білуге тиіс:

шыны талшықты бұйымдардың оптикалық сипаттамасын; төсеге арналған қондырығының нысанын және жұмыс принципін, шыны жіпті бұйымдарға төседің ережесі мен тәсілдерін.

296. Жұмыс үлгілері.

1) ұзындығы 1 м, суреті 0,5 м жоғары жарықты беруге арналған дайындаудар - сулау, түзеу және қондырыға бекіту, төсей.

Параграф 3. Шыны жіпті бұйымға төсеушілер, 4-разряд

297. Жұмыс сипаттамасы:

шыны жіпті күрделі бұйымдарға арналған дайындаударға төсей; шыны талшықты төсеге арналған механизмді баптау; суды тазалауға арналған ион алмастыру қондырығысына қызмет көрсету; ион алмастыру қондырығысын регенерациялау.

298. Білуге тиіс:

дайындаған сапасының талшықтың төсеге процессі мен геометриялық мөлшеріне тәуелділігін;

ион алмастыру қондырығысының құрылымын және оны регенерациялау тәсілдерін;

шыны талшықты төсеге арналған механизмді баптау ережесін.

53. Шыны балқыту ыдыстарын орналастырушы

Параграф 1. Шыны балқыту ыдыстарын орналастырушы, 5-разряд

299. Жұмыс сипаттамасы:

шыны балқытатын платина-родийлі ыдыстың жасалу сапасы мен ток өткізу қыспаларының герметикалығын тексеру, тоқазытқышты пешке монтаждау, футерлеу ертінділері мен материалдарын дайындау, шыны балқыту ыдысын электр пешінің каркасын монтаждау және футерлеу;

электр пешті агрегатқа орнату, оны трансформаторға қосу, пешті кептіру және баптау;

пайдалану процесінде пеш жұмысындағы ақауларды жою;

ыдыстардың пайдалану мерзімі өткендегі электр пештерді демонтаждау, жұмысталған футерлеу материалдары мен олардың ұнтағын жинау, тозандатылған пластинаны бөліп алу.

300. Білуге тиіс:

шыны балқытатын ыдыстың құрылымы мен оларға қойылатын техникалық талаптарды, керамикалық материалдардың қасиеттерін;

электр пешін монтаждау жөніндегі нұсқаулықты;

пештің күштік электр жабдығын пайдалану ережесін;

электр пешті баптау тәсілдерін.

Параграф 2. Шыны балқыту ыдыстарын орналастыруши, 6-разряд

301. Жұмыс сипаттамасы:

шыны балқытатын платина-родийлі ыдыстың жасалу сапасы мен ток өткізу қыспаларының герметикалығын тексеру, тоқазытқышты пешке монтаждау, футерлеу ерітінділері мен материалдарын дайындау, шыны балқыту ыдысын электр пешінің каркасына монтаждау және футерлеу;

электр пешті агрегатқа орнату, оны трансформаторға қосу, пешті кептіру және баптау;

пайдалану процесінде пеш жұмысындағы ақауларды жою;

ыдыстардың пайдалану мерзімі өткенде электр пештерді демонтаждау, жұмысталған футерлеу материалдары мен олардың ұнтағын жинау, тозандатылған пластинаны бөліп алу;

тоқазытқышты монтаждау, демонтаждау, жөндеу, орнату, қызмет көрсету және жоғары өнімді 400 және одан да көп фильтерлік ыдыстарды жұмыс режиміне шығару;

металдандырылған, кремний топырақты жоғары модульдік жіптерді, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименталдық ыдыстарды алуға арналған шыны балқыту ыдыстарын монтаждау.

302. Білуге тиіс:

шыны балқытатын ыдыстың құрылымы мен оларға қойылатын техникалық талаптарды, керамикалық материалдардың қасиеттерін;

электр пешін монтаждау жөніндегі нұсқаулықты;

пештің күштік электр жабдығын пайдалану ережесін;

электр пешті баптау тәсілдерін.

тоқазытқышты монтаждау, демонтаждау, жөндеу, орнату, қызмет көрсету және жоғары өнімді 400 және одан да көп фильтерлік ыдыстарды жұмыс режиміне шығару кезінде орта арнаулы білім талап етіледі.

54. Фильтерлік пластиналарды орнатушы

Параграф 1. Фильтерлік пластиналарды орнатушы, 4-разряд

303. Жұмыс сипаттамасы:

шыны балқыту пештерінің жұмысы процесінде фильтерлік пластиналарды ауыстыру;

фильтерлік пластиналарды ауыстыру үшін дайындық жұмыстарын жүргізу;

жұмысталған пластиналарды алу және жаңасын орнату.

304. Білуге тиіс:

шыны балқыту пештерінің құрылымын және жұмыс істеп тұрған пештегі фильтерлік пластиналарды дайындау және ауыстыру ережесін.

55. Бөлуші және декоративтік қабаттарды қалыптаушы

Параграф 1. Бөлуші және декоративтік қабаттарды қалыптаушы, 2-разряд

305. Жұмыс сипаттамасы:

бөлуші және декоративтік жабындарды қабаттарды салуға арналған жабдықтың жұмыс бетін дайындау (сүрту, бензинмен майсыздандыру);

бөлуші және декоративтік қабаттарды күрделі емес жабдыққа поролонның, қылқаламның, пульверизатордың және арнаулы қондырғының көмегімен берілген қалындықта жағу.

306. Білуге тиіс:

бөлуші және декоративтік жабындарды жағу тәсілдерін;

бөлуші және декоративтік қабаттардың құрамы мен арақатынасын;

жабдықтың жұмыс бетінің сапасына қойылатын талаптарды;

бөлуші және декоративтік қабаттардың дайындық деңгейін анықтауды;

құралды пайдалану ережесін.

307. Жұмыс үлгілері:

1) көлденең банкілер, қоршамалар, қақпақтар, күрделі емес корпус жиынтығы, пластина жасауға арналған жабдық, серуендеу қайығының палубасы, бұрыштық, таврлық профилдер, аккумулятор жәшіктері - бөлуші және декоративтік қабаттарды жағу.

Параграф 2. Бөлуші және декоративтік қабаттарды қалыптаушы, 3-разряд

308. Жұмыс сипаттамасы:

бөлуші және декоративтік жабындарды қабаттарды салуға арналған жабдықтың жұмыс бетін дайындау;

бөлуші және декоративтік қабаттарды күрделі жабдыққа тербелмeden және көпіршеден поролонның, қылқаламның, пульверизатордың және арнаулы қондырғының көмегімен берілген қалындықта жағу;

жабдықтағы ақауларды жою;

тозандату құрылғысын баптау және реттеу.

309. Білуге тиіс:

пульверизаторлардың түрлерін;

бөлуші және декоративтік жабындарды кез келген жағдайда жағу тәсілдерін;

жабдықтың жұмыс бетінің сапасына қойылатын талаптарды;

бөлуші және декоративтік қабаттардың дайындық деңгейін анықтауды;

өнімнің сапасына қойылатын техникалық талаптарды;

бүйімдағы ақауды жою жолдарын.

310. Жұмыс үлгілері:

1) қондырмалар, сыртқы және ішкі ыдыстардың корпусын жасауға арналған жабдықтар, палубалар, рубкалар, іргетастар - бөлүші және декоративтік қабаттарды жағу.

56. Шыны пластик бұйымдарды қалыптаушы

Параграф 1. Шыны пластик бұйымдарды қалыптаушы, 1-разряд

311. Жұмыс сипаттамасы:

композиционды материалдардан жасалған қарапайым конфигурациялы шыны пластик бұйымдарды біліктілігі анағұрлым жоғары қалыптаушының басшылығымен қалыптау;

жабдықтың жұмыс бетін дайындау (бөлүші қабат қалдығынан, байланыстырғыштан, ластан тазарту, жабдықты жуу);

шыны матаны алдын ала қолмен сіңірмелеу;

құралдар мен қалыптау кезінде қолданылатын ыдыстарды ыстық сумен жуу; оларды кептіру шкафында кептіру.

312. Білуге тиіс:

жұмысты орындаудың тәртібі мен жолдарын, байланыстырғыштың нысаны мен құрамын, шыны толтырғыштың түрлерін, бөлүші және декоративтік қабаттардың нысанын.

Параграф 2. Шыны пластик бұйымдарды қалыптаушы, 2-разряд

313. Жұмыс сипаттамасы:

композиционды материалдардан жасалған қарапайым конфигурациялы шыны пластик бұйымдарды біліктілігі анағұрлым жоғары қалыптаушының басшылығымен контактілі әдіспен немесе күрделі бұйымдарды: контактілі, шыны мата пакеттерін көлденең салып вакуумды және гравитациялық пресстеу әдістерімен қалыптау;

бөлүші және декоративтік жабындарға арналған қоспаларды берілген рецепт бойынша дайындау;

жабдықтың бетіне қабаттарды қолмен немесе пистолетпен жағу;

күрделі емес жиынтықты қалыптау;

Тұндыру ваннасын регенерацияладың жекелеген операцияларын анағұрлым жоғары разрядты аппаратшының басшылығымен орындау кезінде - 2-разряд

Параграф 2. Тұндыру ваннасын регенерациялау аппаратшысы, 4-разряд
378. Жұмыс сипаттамасы:

тұндыру ваннасын бу шығару аппараттарында буландыру, сұзу, еріту және бекітуші компоненттерді қосу және натрий сульфатын кристалдау жолымен регенерациялаудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

жылыштыруды, сұзгілерді, еріткіштерді, буландыру аппараттарын, горизонтальдік төрт сатылы және буландырғыш циркуляционды кристаллизаторларды, центрифугаларды, кептіру агрегаттарын, буып-тұю машиналары мен басқа да қызмет көрсететін жабдықты іске қосу және тоқтату;

тұндыру ваннасының денгейін, концентрациясын, температурасын, ваккумды, судың, будың температурасы мен қысымын, өтпелерден өтуін жабдықтың жұмысын бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен және талдау нәтижелері бойынша бақылау және реттеу;

жұмыс нұсқаулығында көзделген талдауларды жүргізу;

натрий сульфатын қаптарға буып-тұю;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

жабдық пен коммуникациялардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

379. Білуге тиіс:

тұндыру ваннасын натрий сульфатын кристалдау жолымен регенерациялаудың технологиялық процесін және қызмет көрсететін участкениң схемасын;

қызмет көрсететін жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылымы мен жұмыс принципін;

арматура мен коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

тұндыру ваннасы мен бекітуші компоненттердің физикалық-химиялық қасиеттерін;

технологиялық режим параметрлерін; жабдықты күтіп баптау ережесін; талдау әдістемесін.

Параграф 3. Тұндыру ваннасын регенерациялау аппаратшысы, 5-разряд

380. Жұмыс сипаттамасы:

тұндыру ваннасын регенерациялау, натрий тұндыру ваннасынан сульфатын кристалдау процесін, іру машиналарын тұндыру ваннасымен үздіксіз жабдықталуын бақылау. "Лурги" ұлгісіндегі аппараттарға қызмет көрсетумен айналысатын және қышқыл стансасының барлық жұмысшыларына басшылық ету;

қышқыл стансасының барлық жабдығын іске қосу және тоқтату;

тұндыру ваннасы компоненттерінің қосылуын химиялық талдау нәтижелері бойынша есептеу, іру үшін қажетті тұндыру ваннасы көлемін есептеу;

шикізат пен материалдардың тұсімі мен шығысын есепке алу;

қышқыл стансасының барлық учаскесіндегі жұмыс ақауларын анықтау және жою.

381. Білуге тиіс:

тұндыру ваннасын регенерациялау, натрий тұндыру ваннасынан сульфатын кристалдаудың технологиялық процесін;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін;

іру үшін қажетті тұндыру ваннасы көлемін және компоненттер қоспасын есептеу әдістемесін.

70. Күкірт көміртегін регенерациялау аппаратшысы

Параграф 1. Күкірт көміртегін регенерациялау аппаратшысы, 4-разряд

382. Жұмыс сипаттамасы:

булы газ қоспасынан күкірт көміртегін регенерациялаудың технологиялық процесін регенерациялау қондырғысында біліктілігі анағұрлым жоғары аппаратшының басшылығымен жүргізу;

регенерациялау қондырғысын іске қосу және тоқтату;

булы газ қоспасын қабылдау, күкірт көміртегін аралық қоймаға айдау және күкірт көміртегі бактарындағы деңгейін өлшеу;

колонкалардағы сілтіні ауыстыру, күкірт көміртегін шлам шұнқырынан айдалап шығару;

қарау фонарларын, суды бөлгішті, сілтілі және жуу колонкаларын, күкірт көміртегінің жұру желілерін жуу;

булы газ қоспасының қысымын, күкірт көміртегін регенерациялау құбырларындағы температура мен судың деңгейін, тоңазытқыштардағы булы газ қоспасының температурасы мен қысымын бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

күкірт көміртегінің колонкалар бойынша өтуін, конденсаттың ағызылуын және ағынды-тарту желдеткішінің жұмысын қадағалау. Өндірісті бақылау үшін талдауға сынама алу;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

жабдық пен коммуникациялардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оларды күтіп баптау.

383. Білуге тиіс:

булы газ қоспасынан күкірт көміртегін регенерациялаудың технологиялық процесін және қызмет көрсететін учаскенің схемасын;

тоңазытқыштардың, колонкалардың, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін;

арматура мен коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін;

жабдықты күтіп баптау ережесін;

слесарь ісін.

Вискозды штапельді талшық өндірісінің иіру-өндідеу агрегаттарындағы күкірт көміртегін шығару аппараттарына қызмет көрсету кезінде - 3-разряд

Параграф 2. Күкірт көміртегін регенерациялау аппаратшысы, 5-разряд

384. Жұмыс сипаттамасы:

булы газ қоспасынан күкірт көміртегін регенерациялаудың технологиялық процесін регенерациялау қондырғысында жүргізу;

жабдық пен коммуникациялардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

регенерацияланған күкірт көміртегін есепке алу және өндірістік журналға жазу;

бағынысты жұмысшылардың жұмысын үйлестіру және басшылық жасау;

сілтінің жұмсалуы мен күкірт көміртегінің шығымын есептеу.

385. Білуге тиіс:

булы газ қоспасынан күкірт көміртегін регенерациялаудың технологиялық процесін және қызмет көрсететін учаскенің схемасын;

технологиялық процесті бақылау мен реттеу ережесін;

күкірт көміртегі мен сілтінің физикалық-химиялық қасиеттерін;

сілтінің жұмсалуы мен күкірт көміртегінің шығымын есептеу әдістемесін;

жабдықты алдын ала қарауды жүргізу әдістерін.

71. Талшықты кептіру аппаратшысы

Параграф 1. Талшықты кептіру аппаратшысы, 3-разряд

386. Жұмыс сипаттамасы:

химиялық талшықтың және қылдың әртүрлі түрлерін тоннельді және таспалы үлгідегі кептіргіштерде кептірудің технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

кептіргіштер мен басқа да жабдықтарды іске қосу және тоқтату;

жібек пен қылды тоннельді үлгідегі кептіргіштерге салу, жгуттағы талшықты кептіру кезінде жгуты салу, жібек пен қылды кептіргіштен алу;

бұдың температурасы мен қысымын, аймақтар бойынша кептіру температурасын, ылғалдау камерасындағы температура мен ылғалды бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

транспортер ленталарының жылдамдығын, лентадағы штапельді талшық қабатының қалындығын бақылау және реттеу;

жібек тиелген арбалардың камерада қозғалуын, жібектің уақытылы салынуын және түсірілуін қадағалау;

өндірісті бақылау үшін талдауға сынама алу;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

жабдық пен коммуникациялардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, ұсақ жөндеу; жабдықты күтіп баптау.

387. Білуге тиіс:

талшықты кептіру және ылғалдаудың технологиялық процесін және қызмет көрсететін учаскенің схемасын;

кептіргіштің және басқа да қызмет көрсететін жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін, арматура мен коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

кептірілген және ылғалдандырылған талшықтың физикалық-механикалық қасиеттерін, және оған қойылатын талаптарды;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін; жабдықты күтіп баптау ережесін; слесарь ісін.

Мыс аммиакты және хлоринді талшықты кептіру және ылғалдаудың технологиялық процесін жүргізу кезінде - 2-разряд

Параграф 2. Талшықты кептіру аппаратшысы, 4-разряд

389. Жұмыс сипаттамасы:

талшықты кептірудің, термотұрақтандырудың немесе тартудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

машиналарды іске қосу және тоқтату;

жгуты агрегаттың ііру бөлігіне қабылдау, оны кептіру барабанына, антистатикалық ионизаторға, термотұрақтандыру немесе ыстықтай тарту қондырғысына салу;

кептіргіштегі температураны стабилизатор аймақтары бойынша немесе ыстықтай тарту машинасындағы температураны басқару щитінің және бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

барабандар мен вальцілердің айналу жылдамдығын есептеу;

өндірістік журналға жазу;

жабдық пен коммуникациялардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

жабдықты ұсақ жөндеу; жабдықты күтіп баптау.

390. Білуге тиіс:

технологиялық процесті және қызмет көрсететін участкенің схемасын; кептіргіштің, стабилизатордың, ыстықтай тарту машинасының және басқа да қызмет көрсететін жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін, қызмет көрсететін участкедегі арматура мен коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

талшықтың физикалық-механикалық қасиеттерін, және оған қойылатын талаптарды;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін; слесарь ісін; жабдықты күтіп баптау ережесін.

72. Қалдықтарды кәдеге жарату аппаратшысы

Параграф 1. Қалдықтарды кәдеге жарату аппаратшысы, 3-разряд

391. Жұмыс сипаттамасы:

Мыс аммиакты талшық және күкірт көміртегі өндірісінің қалдықтарын шламды аппаратта буландыру немесе баркаларда химиялық өңдеу әдісімен кәдеге жаратудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу; қызмет көрсететін жабдықты іске қосу және тоқтату;

бұды күкірт көміртегі буландырудың қондырғысына беру, таркаға иіру қалдықтары мен мыс аммиакты талшық өндірісі шламды багінен шалм салу, жұмсақтылған су мен күкіртті баркаға беру, қолмен араластыру, күкірт көміртегін конденсатордан қоймаға ағызу, регенерацияланған мысты өндіріске жіберу, кәдеге жаратылған шламды түсіру және оны жою;

шлам бактары мен аппараттарды шлам қабылдауға дайындау;

шлам аппаратында кәдеге жаратқаннан кейін шламды салқындау;

шлам аппараты мен конденсатордағы температуралы, будың қысымы мен күкірт көміртегін, қалдықты кәдеге жарату процесін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

аппараттағы шламның санын тексеру;

өндірісті бақылау үшін талдауға сынама алу;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

жабдық пен коммуникациялардың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, ұсақ жөндеу; жабдықты күтіп баптау.

392. Білуге тиіс:

мыс аммиакты талшық және күкірт көміртегі өндірісінің қалдықтарын кәдеге жаратудың технологиялық процесін және қызмет көрсететін участкенің схемасын;

қызмет көрсететін жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс принципін, қызмет көрсететін участкедегі арматура мен коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

күкірт көміртегінің, мыс купоросының, күкірт қышқылсының физикалық-механикалық қасиеттерін, және оған қойылатын талаптарды; технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін; слесарь ісін; жабдықты күтіп баптау ережесін.

Параграф 2. Қалдықтарды кәдеге жарату аппаратшысы, 4-разряд

393. Жұмыс сипаттамасы:

штапельді талшық өндірісінің қалдықтарын тұндыру насосында және виброелекте коагуляциялау және полимерді еріткіштен ажырату әдісімен кәдеге жаратудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу; қызмет көрсететін жабдықты іске қосу және тоқтату;

бұды күкірт көміртегі буландырудың қондырғысына беру, таркаға иіру қалдықтары мен мыс аммиакты талшық өндірісі шламды багінен шалм салу, жұмсартылған су мен күкіртті баркаға беру, қолмен араластыру, күкірт көміртегін конденсатордан қоймаға ағызу, регенерацияланған мысты өндіріске жіберу, кәдеге жаратылған шламды түсіру және оны жою;

сүзгі полотнолары мен жгут қалдықтарын тұзсыздандырылған суда жұмсарту ;

полимерден босатылған роданийлі натрийді және жұмысталған иіру ерітіндісін сұзу;

тұндырылған полимер гранулаларының қысымын, конденсатордағы температураны, бұдың қысымы мен күкірт көміртегін, қалдықты кәдеге жарату процесін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

өндірісті бақылау үшін талдауға сынама алу;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

жабдық жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; жабдықты ұсақ жөндеу және күтіп баптау.

394. Білуге тиіс:

жұмысталған иіру ерітіндісін тұндыру насосында және виброелекте коагуляциялау және полимерді еріткіштен ажырату әдісімен кәдеге жаратудың технологиялық процесін және қызмет көрсететін участкениң схемасын;

жабдықтың құрылымын, бақылау-өлшеу аспаптарының, арматура мен коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін;

иіру ерітіндісінің, роданийлі натрийдің физикалық-химиялық қасиеттерін, және оған қойылатын талаптарды;

жабдықты күтіп баптау ережесін;

слесарь ісін.

73. Фиксациялау аппаратшысы

Параграф 1. Фиксациялау аппаратшысы, 2-разряд

395. Жұмыс сипаттамасы:

жібек орамдарын фиксациялау камераларында фиксациялаудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

жібекті фиксациялау камерасына салу және буды, ылғалды, айналымның уақыты мен фиксацияны, тарту желдеткішінің, бу құбырының жұмысын бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

жібектің санын есепке алу және өндірістік журналға жазу;

фиксациялау камерасының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; жабдықты күтіп баптау.

396. Білуге тиіс:

жібек орамдарын фиксациялау камераларында фиксациялаудың технологиялық процесін;

тарту желдеткішінің құрылымы мен жұмыс принципін;

бу құбырлары, бақылау-өлшеу аспаптарының схемасын;

жібектің физикалық-химиялық қасиеттерін, оған қойылатын талаптарды;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін;

жабдықты күтіп баптау ережесін.

Параграф 2. Фиксациялау аппаратшысы, 3-разряд

397. Жұмыс сипаттамасы:

жібек орамдарын жоғары қысымды автоклавтарда фиксациялаудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

автоклавовтарды, вакуум-насостарын іске қосу және тоқтату;

жібекті автоклавтарға салу және фиксациядан кейін алу;

фиксациялау уақытын және температуралы бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

жібектің санын есепке алу және өндірістік журналға жазу;

фиксациялау камерасының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

жабдықты күтіп баптау.

398. Білуге тиіс:

жібек орамдарын автоклавтарда фиксациялаудың технологиялық процесін;

тарту желдеткішінің құрылымы мен жұмыс принципін;

бу құбырлары, бақылау-өлшеу аспаптарының схемасын;

жібектің физикалық-химиялық қасиеттерін, оған қойылатын талаптарды;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін;

жабдықты күтіп баптау ережесін.

Параграф 3. Фиксациялау аппаратшысы, 4-разряд

399. Жұмыс сипаттамасы:

лавсанды техникалық және кордты талшықты бір процесті машиналарда фиксациялаудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

машинаны іске қосу және тоқтату, шахтаны жылтыруды қосу және ажырату; жібекті шпульді машинаның шпулярнегіне орнату, тарту құрылғысы арқылы жіпті кигізу, тарту вальцыларын фиксациялау шахтасына және шпульге салу; жұмысталған өнімді алу;

жіптің дұрыс салынуын, шахтадағы ауаның температурасы мен ауаның циркуляциясын, жіптің оралу жылдамдығын, үршықтардың дұрыс жұмыс істеуін бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен бақылау және реттеу;

жіп өткізгіш гарнитураның, тарту вальцыларының сапасын қадағалау; өндірісті бақылау үшін сынама алу;

жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

жабдықты ұсақ жөндеу және күтіп баптау.

400. Білуге тиіс:

кордты талшықты фиксациялаудың технологиялық процесін және өткізу схемасын;

машинаның, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын, жұмыс принципін;

кордты жіптің жібектің физикалық-химиялық қасиеттерін, оған қойылатын талаптарды;

технологиялық режим параметрлері мен процесті реттеу ережесін;

жабдықты күтіп баптау ережесін; слесарь істерін.

74. Этиленгликольді қондырғының аппаратшысы

Параграф 1. Этиленгликольді қондырғының аппаратшысы, 4-й разряд

401. Жұмыс сипаттамасы:

балқыту агрегаттарының торшаларын полиамидті балқыманы кетіру, сумен жуу, тазалау және сығымдалған ауамен үрлеу мақсатымен этиленгликольмен өңдеу процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

этіленгликолльді қондырғына өңдеу процесіне дайындау;

балқыту агрегатын бөлшектеу, этиленгликольмен өңдеу үшін оны құрастыру және өңдеуден кейін жұмысқа құрастыру;

жылтыруды қосу және ажырату, этиленгликолльді қондырғыны иіру агрегатына қосу және ажырату;

қондырғыны қосу және тоқтату;

этіленгликолъ циркуляциясын, жылтыту температурасын бақылау және реттеу;

балқыту агрегатының өңдеу сапасын және құрастырудың герметикалығын тексеру;

қондырғының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою;

жабдықты ұсақ жөндеу және күтіп баптау.

402. Білуге тиіс:

балқыту агрегаттарының торшасын сумен жуу, тазалау және сығымдалған ауамен үрлеу, этиленгликольмен өндөуді жүргізу процесін;

етиленгликолльді қондырғының құрылымы мен жұмыс принципін, пайдалану ережесін;

етиленгликолльдің құрамы мен қасиеттерін;

машинаны динилмен жылтыу жүйесін, азот пен ауаның берілуін;

балқыту агрегаттарының торшасын өндөуге қойылатын талаптарды;

торшаны өндөу процесін реттеу ережесін жабдықты күтіп баптау ережесін; слесарь істерін.

75. Химиялық іру гарнитуршысы

Параграф 1. Химиялық іру гарнитуршысы, 1-разряд

403. Жұмыс сипаттамасы:

іру машиналарына арналған сұзгі пальцыларын сұзгі материалымен жұмыс нұсқаулығына сәйкес орамдау;

сұзгі материалы мен жіпті дайындау;

жұмыс орнын жинастыру.

404. Білуге тиіс:

сұзгі пальцыларын сұзгі материалымен орамдаудың тәртібі мен ережесін;

сұзгі материалының нысанын және дұрыс орамдаудың шығарылатын талшық сапасына әсерін;

гарнитура құрылымын.

Параграф 2. Химиялық іру гарнитуршысы, 2-разряд

405. Жұмыс сипаттамасы:

іру гарнитурасын жұмыс нұсқаулығына бөлшектеу, өндөу және құрастыру;

гарнитура бөлшектерін баркаларға салу, оларды химикат ерітінділерімен толтыру;

іру гарнитурасы мен жіп өткізу жүйесі бөлшектерін ыстық және суық сумен шаю;

гарнитура бөлшектерін қысымдалған ауамен үрлеу және герметикалығын тексеру;

жұмыс орнын күтіп баптау.

406. Білуге тиіс:

іру гарнитурасы мен жіп өткізу жүйесі бөлшектерін өндөу процесін;

гарнитура бөлшектерін бөлшектеу мен құрастырудың тәртібін;

гарнитураның құрылымын, нысанын және оның бөлшектерінің өзара әрекет етуін;

манометрдің құрылымы мен жұмысын;

суық және ыстық судың сығымдалған ауаның коммуникация схемасын;

іру гарнитурасы жуу және құрастыру сапасына қойылатын талаптарды;

жұмыс орнын күтіп балтау режимін.

Параграф 3. Химиялық іиру гарнитуршысы, 3-разряд

407. Жұмыс сипаттамасы:

гарнитура бөлшектерінің өнделу сапасын, гарнитураның құрастырылу сапасын, сұзгі пальцыларының орамдалу тығыздығы тексеру;

іиру машинасынан алынған гарнитураны қабылдау, дайындалғанын беру;

гарнитураның қажетті санын қамтамасыз ету;

сұзгі материалының, шеберханадағы гарнитура санын есепке алу және оның қажеттілігін есептеу;

бағынысты жұмысшыларға басшылық ету.

408. Білуге тиіс:

іиру машиналарында талшықты қалыптастырудың технологиялық процесін;

гарнитураның өнделу сапасын, гарнитураның құрастырылуын тексеру ережесін және әдістерін;

есеп жүргізу ережесін;

машиналардағы гарнитураны аудыстыру кестесін және гарнитура қажеттілігін есептеу әдістемесін.

76. Канализатор-трапшы

Параграф 1. Канализатор-трапшы, 2-разряд

409. Жұмыс сипаттамасы:

іиру цехары мен өндірістік тоннельдерді канализация арналары мен торшаларын тазалау;

машина асты еденін, машина жанын және өтпе жолдарды жинастыру;

іиру машиналарындағы қышқыл қиқымдар мен қалдық жәшіктерін тазалау; тазалаудан кейінгі жинастыру.

410. Білуге тиіс:

цехтағы канализация жүйесін тазалау және жинау ережесін.

77. Фильерді бақылаушы-толтырушы

Параграф 1. Фильерді бақылаушы-толтырушы, 3-разряд

411. Жұмыс сипаттамасы:

іиру машиналарындағы фильердің жай-күйін және ірудің стандарттылығын жұмыс нұсқаулығына сәйкес бақылау;

кептелген фильерді анықтау және оларды тоқымашымен бірлесіп ажырату, олардың тазасына аудыстыру және іиру орындарына салу;

іиру стандарттылығы бұзылған іиру орындарын белгілеу, осы орындарда іірілген қуличтер мен бобиналарды ақаулы ретінде шығару және журналға жазу.

412. Білуге тиіс:

талшықты ірудің технологиялық схемасын және жіпті салу схемасын;

өндірілетін өнімнің ассортиментін;

иіру машинасының құрылымын, жұмыс принципін;

тұндыру ваннасының, иіру ерітіндісінің және іірілген талшықтың физикалық-химиялық қасиеттерін;

талшыққа қойылатын талаптар мен техникалық шарттарды.

78. Технологиялық процесті бақылаушы

Параграф 1. Технологиялық процесті бақылаушы, 3-разряд

413. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық процесс параметрлерінің сақталуын (температураның, қысымның, вакуумның, ерітінді концентрациясының, кернеудің және тағы басқа), толтыру схемасы стандарттылығының сақталуын, иіру машиналары гарнитурасының жай-күйін, паковкаға дұрыс оралуын, паковканың мөлшері мен орам тығыздығының сақталуын бақылау;

талшықтың метрикалық нөмірін, штапельді талшықтың кесілу ұзындығы мен біркелкілігін, химиялық ерітінді концентрациясын, цехтардағы температура мен ылғалды бақылау;

ыдыстардың, вагондардың тазалығын, шикізат пен химикаттардың қоймаларды сақталуын бақылау;

машинаның жұмысшы органдарының жылдамдығын (ұршықтың, валдардың, барабан айналу санын, тоқыма становындағы батанның ұру санын), тұрып қалуды, үзіктің болуын, жұмыс орнының пайдаланылуын қадағалау және өлшеу;

бракталған өнімді, шикізат пен химикат талдама сынамаларын іріктеу, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес талдауға жіберу және оны жұмысшыларға көрсету;

іріктелген сынаманы таңбалау;

талдау нәтижелері бойынша шикізат пен химикат жарамдылығын анықтау;

тараның, шикізат пен химикатты буып-түюдің және таңбалаудың жарамсыз жағдайына акті жасау;

бақылау және өлшеуге арналған тиісті аспаптар мен құралдарды (тахометрді, секундомерді, шаблонды, квадраттар және тағы басқа) пайдалану;

өлшеу және қадағалау нәтижелерін тиісті карталарға немесе белгіленген нысандағы қадағалау парақтарына жазу;

өлшеу және қадағалау нәтижелерін қарапайым статистикалық өндегеу;

өндеген деректерді журналға жазу.

414. Білуге тиіс:

өндірілетін өнімнің ассортиментін;

технологиялық процесс параметрлерін және толтыру схемасын;

жабдықтың жай-күйінің өнімнің сапасына әсерін;

химикат талдама сынамаларын іріктеу ережесін;

шикізат пен химикаттарды қоймаларда сақтау тәртібін;

өндірілетін өнімнің сапасына қойылатын талаптарды және ақау түрлерін; өлшеу және қадағалауды жүргізу ережесін; қадағалау карталарын толтырудың тәртібін;

өлшеу және қадағалау нәтижелерін қарапайым статистикалық өндеуді (орташа шаманы, топтаманы есептеуді және тағы басқа);

акті жасау ережесін.

Жіптің үзігін және жіпті қайта ораудың жылдамдығын қадағалау кезінде - 2-разряд

Параграф 2. Технологиялық процесті бақылаушы, 4-разряд

415. Жұмыс сипаттамасы:

өндірісті бақылаумен байланысты қадағалаулар мен өлшеулерді жоғары біліктілікті талап ететін деректерді кейіннен өндеп талдай отырып, тексерілетін участкенің жұмысы туралы қорытынды береді отырып жүргізу;

біліктілігі анағұрлым төмен бақылаушыларға басшылық ету және нұсқама беру;

технологиялық процесс параметрлері жаза отырып, талдауға сынама іріктеу; ақаулы өнім шығарылғаны туралы акті жасау.

416. Білуге тиіс:

технологиялық процесс параметрлерін;

тексерілетін участкедегі жабдық пен бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын, жұмыс принципін;

қадағалау әдістемесін;

оларды өндеудің, осы қадағалаудың есебі мен талдау тәсілдерін;

сынама алу және акті жасау ережесін.

79. Шағын насостарды бақылаушы-реттеуші

Параграф 1. Шағын насостарды бақылаушы-реттеуші, 3-разряд

417. Жұмыс сипаттамасы:

шағын иіру насостарын жұмыс нұсқаулығына сәйкес бақылау және реттеу;

иіру машиналарындағы шағын насостардың беруін фильтер ластануын алдын ала тексере отырып бақылау;

іріктелген сынамаларды өлшеу;

иіру ерітіндісін дұрыс бермейтін шағын насостарды баптау және реттеу;

шағын насостарды, шестерняларды ауыстыру, иіру ерітіндісінің ағуын анықтау және жою;

иіру орнын толтыру;

насос валының, үстінгі және астынғы иіру дискилерінің айналымын, қос журіс сандарын секундомер мен тахометр бойынша, шағын насостың насос валымен дұрыс жалғануын тексеру;

жиналған шағын насостарды қабылдау, олардың май беруін стендіде анықтау; шағын насостарды беру топтары бойынша сұрыптау, оларды машиналарға беру; бақыланатын шағын насостардың ертіндіні беруін есепке алу және шағын насостарды картотекаға және журналға жазу;

жұмыс орнын күтіп балтау.

418. Білуге тиіс:

шағын иіру насостарын бақылау және реттеу әдістерін; дозалаушы және қысымды насос құрылымын; талшықтың әр нөміріне беру және қысымы бойынша шағын иіру насостарына қойылатын талаптарды; талшықты иірудің технологиялық схемасын; бақылау стендінің құрылымын және онда жұмыс істеге ережесін; бақылау-өлшеу асапаптарының құрылымын, жұмыс принципін; шағын насостардың, насос және дискі валдары ақауларының түрлерін; шағын насостиң жарамсыздығынан алынатын талшық ақауларының түрлерін ; шағын насостарды бақылау үшін қолданылатын майлардың қасиеттерін; шағын насостардың беру есебін жүргізу ережесін; жұмыс орнын күтіп балтау ережесін.

80. Тарту машиналарындағы айналдыруышы

Параграф 1. Тарту машиналарындағы айналдыруышы, 4-разряд

419. Жұмыс сипаттамасы:

жібекті барлық жүйедегі айналдыру-тарту машиналарында тарту және айналдырудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

ұршықтар мен машиналарды іске қосу және тоқтату;

коректендіруші паковкаларды ауыстыру, жіпті өткізу жүйесі арқылы жіпті айналдыру паковкасына салу; жұмысталған өнімді алу;

жіп үзіктерін жою;

жұмыс орнының жартылай шикізатпен уақыты қамтамасыз етілуін, салынған жібектің сапасын, жібекті тарту және айналдыру сапасын, айналдырылған жібектік паковкаға оралуын, жіп өткізу жүйесінің, тарту дискілерінің жай-күйін, ыстық арту аумағындағы температуралы, машиналардың уақытылы майлануы мен тазалануын қадағалау;

жабдықты күтіп ұстау.

420. Білуге тиіс:

жібекті тарту және айналдырудың технологиялық процесін; жіпті салу схемасын;

айналдыру-тарту машиналарының құрылымын, жұмыс принципі мен пайдалану ережесін;

жібектің ассортиментін, физикалық-механикалық қасиеттерін;

жібекті тарту және айналдыру, орау сапасына қойылатын талаптарды; жібекке арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды;

жібек брагының түрлерін, брактың және үзіктің пайда болу себептерін, олардың алдын алу және жою жолдарын;

жабдықты күтіп ұстau ережесін.

81. Айналдырушы-кептіруші

Параграф 1. Айналдырушы-кептіруші, 4-разряд

421. Жұмыс сипаттамасы:

вискозды талшықты үздіксіз жұмыс істейтін машиналарды кептіру мен айналдырудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

ұршықтарды іске қосу және тоқтату. Жіпті өңдеуші және кептіруші цилиндрлерге, шпульге салу, жіп пен орамның үзіктерін жою, жұмысталған өнімді алу;

жіптің салынуы мен орналасуы дұрыстырын, өңдеу ерітіндісінің температурасын, кептіру цилиндрлерінің қызу деңгейін және белгіленген айналдыруды, шығатын талшық сапасын қадағалау;

жабдықты күтіп ұстau.

422. Білуге тиіс:

вискозды талшықты үздіксіз алудың технологиялық процесін және жіпті салу схемасын;

үздіксіз жұмыс істейтін машинаның құрылымын, жұмыс принципін;

талшықтың физикалық-механикалық қасиеттерін;

жіпті өткізу жүйесіне қойылатын талаптарды;

талшыққа арналған техникалық шарттарды;

технологиялық режим параметрлерін және процесті реттеу ережесін;

жабдықты күтіп ұстau ережесін.

82. Химиялық талшықты ораушы

Параграф 1. Химиялық талшықты ораушы, 4-разряд

423. Жұмыс сипаттамасы:

химиялық талшықты иіру машиналарының орау бөлігінде ораудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

жұмыс орындарын іске қосу және тоқтату;

иіру орнынан келіп түсken жіпті қабылдау және бобинаға салу, жіп үзіктерін жою, жұмысталған өнімді алу немесе жұмысталған талшықты алуға қатысу;

машинаның орау бөлігінің иіру бөлігімен өзара жұмысын қамтамасыз ету;

жіптің жіп өткізу жүйесі арқылы өткізілу схемасын, шайба мен жіпті өткізу жүйесін майлаушы бөлшектерді; жіпті өткізу жүйесі мен гарнитуралық жай-күйін, машинаның орау бөлігіндегі ауаның температурасы мен ылғалдылығын; майлауыш пен жұмысталған талшықтың сапасын қадағалау;

майлауыштың циркуляциясын, жіптің бобинаға қабылдану жылдамдығын бақылау;

алу адымын сақтау, жабдықты күтіп ұстau.

424. Білуге тиіс:

химиялық талшықты үздіксіз алуудың технологиялық процесін және жіпті салу схемасын;

иіру машиналарының орау бөлігінің машинаның құрылымын, жұмыс принципін;

технологиялық режим параметрлерін және процесті реттеу ережесін;

химиялық талшықтың физикалық-механикалық қасиеттерін;

талшыққа және жіпті өткізу жүйесінің сапасына қойылатын талаптарды;

талшыққа арналған техникалық шарттарды;

жабдықты күтіп ұстau режімін.

Хлоринді талшық иіру машиналарының және "Гамель" типті иіру машиналарының орай бөлігіне қызмет көрсету кезінде - 3-разряд

83. Сұзгі полотноларын төсеуші

Параграф 1. Сұзгі полотноларын төсеуші, 1-разряд

425. Жұмыс сипаттамасы:

жуылған сұзгі полотнолары мен жаңа материалдар мен мактадан жасалған сұзгі престерге арналған полотноларды жұмыс нұсқаулығына сәйкес төсеу;

сұзгі полотноларын төсеуге дайындау, жуылған сұзгі полотноларын тексеру және бракка шығару, бракталған жыртық полотноларды қоймаға тапсыру;

жаңа материалдардан жасалған полотноларды сұзгі пресс тақталарының мөлшеріне сәйкес дайындау;

дайындалған сұзгі полотноларын престер бойынша жеке жиынтықтарға салу.

426. Білуге тиіс:

әр сұзгілеуге арналған сұзгі полотноларын жасау тәртібін және төсеу ережесін; сұзгі материалының сапасына қойылатын талаптарды.

Сұзгі полотноларын қабылдау және беру, оларды есепке алу және өндірістік журналға жазба жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде - 2-разряд.

84. Иіру бөлшектерін күйдіруші

Параграф 1. Иіру бөлшектерін күйдіруші, 3-разряд

427. Жұмыс сипаттамасы:

фильерлі жиынтықтардың, шағын насостардың, иіру блоктарының бөлшектерін электрмен күйдіру пештерінде күйдіру; жиналған фильерлі жиынтықтардың және сыртқы фильерлі оправаларды иіру машинасына орнату алдында электрмен қыздыру пештерінде қыздыру процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

электрмен күйдіру және электрмен қыздыру жүйесін қосу және ажырату;

машинадан алынған фильтерлі жиынтықтардың бөлшектеу және электрмен күйдіру пештеріне апару, фильтерлі жиынтықтардың, шағын насостардың, іру блоктарының бөлшектерін электрмен күйдіру пештеріне салу, оларды түсіру, тазарту және сыйымдалған ауамен ұрлеу;

фильтерлі жиынтықтардың дайын өнімін жеткізу және оны фильтерлік шеберханадан жөнелту, электрмен қыздыру пештеріне салу;

электр пештердегі күйдіру және қыздыру температурасын бақылау және реттеу;

электр пештердің жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, жабдықты ұсақ жәндеу;

жабдықты күтіп ұстау.

428. Білуге тиіс:

фильтерлі жиынтықтардың, шағын насостардың, іру блоктарының бөлшектерін электрмен күйдіру қыздырудың технологиялық процесін;

электрмен күйдіру және электрмен қыздыру пештерінің, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын, жұмыс принципін;

фильтерлі жиынтықтардың, шағын насостардың, іру блоктарының бөлшектеріне қойылатын талаптарды;

күйдіру және қыздыру температурасын және оны реттеу ережесін;

жабдықты күтіп ұстау режимін;

электр пештердің жұмысындағы ақауларды жою әдістерін;

85. Химиялық талшық өндірісіндегі қашықтықтан басқару пультінің операторы

Параграф 1. Химиялық талшық өндірісіндегі қашықтықтан басқару пультінің операторы

429. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты басқару қондырғыларындағы технологиялық процесті жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

қызмет көрсететін жабдықты қосу және тоқтату;

шикізатты, материалдарды, жартылай өнімді салу, жартылай өнімді бір аппараттан басқаларына жіберу, аппараттарға реагенттерді беру, дайын өнімді алу;

технологиялық процесті орталық басқару щитінен бақылау және реттеу;

шикізатты, материалдарды, жартылай өнімді, дайын өнім шығымын есептеу және есепке алу;

қызмет көрсететін жабдықтың жай-күйін тексеру, алдын ала қарау және оларды майлау; бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін бақылау;

қызмет көрсететін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою.

430. Білуге тиіс:

учаске қондырғыларындағы технологиялық процесті;

қызмет көрсететін участкедегі автоматты қондырғының, автоматты басқару щитінің, арматураның, коммуникациялардың, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын, жұмыс принципін, пайдалану ережесін;

шикізаттың, реагенттердің, жартылай өнімнің физикалық-химиялық қасиеттерін;

шикізат пен дайын өнімге қойылатын техникалық талаптарды;

технологиялық режим параметрлерін және процесті реттеу ережесін;

шикізат пен дайын өнімнің шығымын есептеу әдістемесін;

дабылдату ережесін; электротехника элементтерін.

Тарифтеу шарттары:

- вискозды иіру ерітіндісін алу; шайырды алу және иіруге дайындау; күкірт көміртегі мен вискозды өндірістің шықпа газдарын тазалау; роданий натрийін регенерациялау кезінде - 6-разряд - капролактамды, өндірістің тұндыру ваннасын регенерациялау, шықпа ерітінділерді тазарту, ерітіндіден артық суды алу және нитрон талшығы өндірісінде ерітіндіні кристалдау; капрон шайырды кептіру кезінде - 5-разряд

86. Химиялық талшықты өндеуші

Параграф 1. Химиялық талшықты өндеуші, 2-разряд

431. Жұмыс сипаттамасы:

вискозды және синтетикалық жібекті, мыс аммиакты талшықты өндеу агрегаттары мен жуу машиналарында ерітіндімен өндеудің технологиялық процесінің жекелеген операцияларын жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

агрегаттарды, машиналарды іске қосу және тоқтату;

жібекті салу және оны жуу машиналарына қою;

жекелеген агрегаттардағы баркаларға жібектің салынуын қадағалау;

жіп салынған арбаны агрегатқа орнату, оны өндеу аумақтары бойынша алып жүру және шығару;

иіру машинасанан жгуты қабылдап алу, оны өндеуші өтпе аппаратқа салу, вальцылар мен өткізу барабанын қосу және тоқтату;

өндірісті бақылау үшін сынама іріктеу;

паспорттарды толтыру және өндірістік журналға жазба жүргізу;

жабдықты баптап ұстау.

432. Білуге тиіс:

жібек пен талшықты өндеудің технологиялық процесін;

жекелеген агрегаттар мен жуу машиналарының, өндеуші өтпе аппараттардың құрылымын, жұмыс принципін; кранды арбаның, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын, арматураның, коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

жібек пен талшықтың физикалық-химиялық қасиеттерін;

оларға қойылатын талаптарды; жабдықты күту ережесін.

Параграф 2. Химиялық талшықты өндеуші, 3-разряд

433. Жұмыс сипаттамасы:

вискозды синтетикалық жібекті, мыс аммиакты талшықты ерітіндімен өндеудің; вискозды және синтетикалық штапельді талшықты өндеу мен тартудың; аммиакты талшықты өндеудің леска мен қылды түрлі өндеу агрегаттарында, жуу машиналарында булау мен жуудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

агрегаттарды іске қосу және тоқтату;

иіру машинасынан жгутты қабылдан алу, немесе кесілген талшықты кесу машинасынан иіру-өндеу агрегатының өндеуші бөлігіне қабылдау; орамдағы немесе шпульдегі леска мен қылды булау баркасына, жуу машинасына, сығу үшін центрифугаға салу; суды, өткір буды, жуу ерітіндісін беру;

леска мен қылды булау баркасынан, жуу машинасынан, центрифугадан түсіріп алу немесе кептіруге беру;

өндеу ерітіндісінің деңгейін, температурасын, қысымын, концентрациясы мен циркуляциясын, жібекті өндеу кезінде суды, бу қысымын, вакуумды; штапельді талшықты өндеу кезінде сығу валдары мен роликті транспортердің жылдамдығын; леска мен қылды булау және жуудың уақытын бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен және осы талдау нәтижелері бойынша бақылау және реттеу;

иіру-өндеу агрегаттарының өндеу бөлігінің иіру немесе кептіру бөліктерімен өзара жұмысын қамтамасыз ету;

күшті күкірт қышқылы мен олеинді сабынды жұмыс ванналарына дозалау, мыс аммиакты талшығын өндеу кезінде химикат ерітінділердің жұмсалу есебін алу;

жекелеген өндеу ерітінділері мен майлауыштың жұмсалуын есептеу;

өндірісті бақылау үшін леска мен қылды сынамасын іріктеу;

өндірістік журналға жазба жүргізу;

жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою, оны ұсақ жөндеу;

жабдықты баптап ұстау.

434. Білуге тиіс:

жібекті, синтетикалық штапельді талшықты өндеудің, леска мен қылды булау мен жуудың технологиялық процесін;

жгутты вальцыға өткізу және ванна арқылы өткізу ережесін;

леска мен қыл өндірісіндегі баркалардың, жуу машинасының, центрифуга мен бақылау-өлшеу аспаптарының, арматураның, коммуникациялардың құрылымын, жұмыс принципін технологиялық режим параметрлерін;

процесті бақылау мен реттеу ережесін;

вискозды және синтетикалық штапельді талшық пен жібектің, леска мен қылдың, өндеу ерітінділері мен басқа да компоненттердің физикалық-химиялық қасиеттерін;

леска мен қылды түрлі өндеу агрегаттарында, жуу машиналарында булау мен жуу кезіндегі брактың түрлерін, олардың болу себептерін, алдын алу және жою шараларын;

өндеу ерітінділері мен майлауыштың жұмсалуын есептеу әдістемесін;
слесарь ісін;
жабдықты құту режимін.

Химиялық талшықты өндеудің технологиялық процесін капронды жібекті өндеушілердің жұмысына басшылық ету және үйлестірумен бір мезгілде жүргізу кезінде -4-разряд

Параграф 3. Химиялық талшықты өндеуші, 4-разряд

435. Жұмыс сипаттамасы:

вискозды корд талшығын үздіксіз процесс машиналарында өндеудің технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

іиру бөлігінен жіпті қабылдау және оны өндеу роликтеріне салу, машинаның кептіру-айналдыру бөлігіне беру;

жіп үзіктері мен роликтердегі орамды жою;

іиру-өндеу агрегаттарының өндеу бөлігінің іиру немесе кептіру бөліктерімен өзара жұмысын қамтамасыз ету;

жіптің дұрыс салынуы мен таратып бөлінуін, өндеу ерітіндісінің температурасы мен берілуін қадағалау;

жабдықты баптап ұстау.

436. Білуге тиіс:

вискозды корд талшығын өндеудің технологиялық процесін;

үздіксіз процесс машиналары мен бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымын, жұмыс принципін;

арматураның, коммуникациялардың нысаны мен схемасын;

корд талшығының физикалық-химиялық қасиеттерін; корд талшығына қойылатын талаптарды;

технологиялық режим параметрлерін және процесті реттеу ережесін;
жабдықты құту режимін.

87. Сұзгі пресстер мен диализаторларды қайта зарядтаушы

Параграф 1. Сұзгі пресстер мен диализаторларды қайта зарядтаушы, 3-разряд

437. Жұмыс сипаттамасы:

свечалы және рамалық сұзгілерді, сұзгі пресстер мен диализаторларды жұмыс нұсқаулығына сәйкес қайта зарядтау;

жабдықты қосу және тоқтату;

сүзгі пресстер сүзгілері мен диализаторларды зарядтауға дайындау; сүзгі пресстер сүзгілері мен диализаторлардан ерітіндіні сығымдалған ауамен жинау және құйып алу;

жұмысталған сүзгі материалы налу, оны арбаға немесе люлькаларға тиесінде;

сүзгі пресстер сүзгілері мен диализаторларды тазалау және сумен жуу;

таза сүзгі материалын салу;

таза сүзгі материалын сүзгі пресстер сүзгілері мен диализаторларға жеткізу және жұмысталғандарын жуу машинасына апару;

өндіреу ерітінділерін жасау бөлімінде – жұмысталған сүзгі материалын жуу машинасында жуу, центрифугада сығу және кептіргішке тасымалдау;

ацетатты талшықты сүзу бөлімінде – қалдықты тасымалдау және еріткішке салу; жұмысталған сүзгі полотноларын тасымалдау және кептіргішке салу, одан алу;

жұмыс орнын күтіп ұстау;

қайта зарядталатын жабдықтың есебін жүргізу.

438. Білуге тиіс:

ерітіндін сүзудің технологиялық процесін;

сүзгілердің, пресстер сүзгілері мен диализаторлардың құрылымын;

оларды қайта зарядтау ережесін;

сүзгілердің, пресстер сүзгілері мен диализаторларды қайта зарядтауға және сүзгі материалының сапасына қойылатын талаптарды;

иіру, өндіреу ерітінділерін сүзудің технологиялық процесі параметрлерін; сілтінің құрамын; жолдарын.

88. Жіпті қайта ораушы

Параграф 1. Жіпті қайта ораушы, 4-разряд

439. Жұмыс сипаттамасы:

химиялық талшықтан жасалған жіпті, талшықты қалыптастыру немесе орау кезінде болған жасарын ақауларды анықтау мақсатымен, иіру куличтерінен, бобинадан, патрондар мен копеден қайта ораудың, жіпке майлауыш қосудың және тасымалдау паковкасын жасаудың технологиялық процесін жұмыс нұсқаулығына сәйкес жүргізу;

коректендіруші паковканы ауыстыру және жұмысталған наработанной шпульді алу, үзіктерді жою және жіп ақауын шпульдің алдынғы сыртына шығара отырып жою;

коректендіруші және жұмысталатын паковкалардың біркелкі алдынуын қамтамасыз ету;

химиялық талшықтан жасалған жіптің сапасына қойылатын мемлекеттік стандарт талаптарын, ораудың тығыздығы мен жіптің майлану деңгейін қатаң сақтау;

жіп өткізу бөлшектерінің, майлау валиктерінің жай-күйін бақылау, жіп кескен бөлшектерін уақыты ауыстыру;

патрондарға нөмірлерді жапсыру;

қызмет көрсететін машинаның барлық механизмдерінің, тарту және бақылау-тазалау айлабұйымдары мен түйін тоқушылардың жұмысын және жай-күйін қадағалау;

келіп түскен талшықты, шпуль жіптерін тексеру;

угарды жинау және тапсыру;

жабдықты жөндеуден қабылдауға қатысу;

машинаны тазалау.

440. Білуге тиіс:

химиялық талшықтан жасалған жіпті қайта ораудың технологиялық процесі мен нысанын;

қайта орау машинасының құрылымын, оның негізгі механизмдерінің жұмысы мен өзара әрекетін;

қайта өндөлетін талшықтың түрлерін, қасиеттері мен нөмірін және оларды қайта орау сапасына қойылатын талаптарды;

жіпті, талшықты қалыптастыру немесе орау кезінде болған жасарын ақауларды;

жіптік ақауын жою әдістерін;

угардың түрлері мен нормасын;

жіпті тарту мен байлауды реттеу ережесін;

жабдықты күту ережесін.

89. Бобиналар мен куличтерді дайындауши

Параграф 1. Бобиналар мен куличтерді дайындаушы, 2-разряд

441. Жұмыс сипаттамасы:

айналдыру және қайта орау машиналарында жіпті орауға және қайта орауға арналған айналдыру бобиналарын, иіру бобиналары мен куличтерді өндеуге және қайта орауға жұмыс нұсқаулығына сәйкес дайындау;

бобиналарды жеткізу, техникалық қаптаманы бобинаға немесе қышқыл бобинаға, куличтерге жібекпен кигізу;

қаптаманы бобина мен куличтерден алу;

қаптама мен бос бобиналарды сұрыптау;

қақпақтарды айналдыру бобиналарына кигізу және алу.

442. Білуге тиіс:

қаптаманы, қақпақтың нысанын;

оларды кигізу мен алу ережесін;

бобина мен куличтерді дайындау сапасына қойылатын талаптарды; жұмыс тәсілдерін.

90. Кварцты құм дайындауши

Параграф 1. Кварцты құм дайындауши, 1-разряд

443. Жұмыс сипаттамасы:

фильерлік жиынтықтарды зарядтауға арналған кварцты құмды дайындау, оны қоймадан жеткізу, диірменде тарту, жұмысталған кварцты құмды фильерлік жиынтықтардан жинау, сумен жуу, азотты қышқылмен өндөуге тапсыру, кептіру, механикалық елек пен магниттік көмегімен фракцияға сұрыптау;

азотты қышқылда ерімейтін бөгде заттарды қолмен іріктеп алу;

дайындалған кварцты құмды фильерлік жиынтықтарды зарядтауға жеткізу;

кварцты құмның келіп түсіі мен жұмсалуы есебін жүргізу.

444. Білуге тиіс:

кварцты құмның нысаны мен фракциясын;

фильерлік жиынтықтарды зарядтау кезінде оған қойылатын талаптарды;

диірменнің, механикалық електің, жууға арналған айлабұйымның құрылымын, жұмыс принципін;

жұмыстың тәсілдерін.

91. Целлюлозаны дайындауши

Параграф 1. Целлюлозаны дайындауши, 1-разряд

445. Жұмыс сипаттамасы:

түрлі қайнатпа кипінен араластыру айналмасында немесе сұрыптау үстелінде целлюлозаны араластыру және дайындау;

айналманы қосу және тоқтату;

целлюлоза киптерін қайнатпа бойынша іріктеу және сұрыптау үстелінде салу, әр киптен белгіленген целлюлоза парагын алу және оларды қатарлап жинау;

жабдықты күтіп баптау.

446. Білуге тиіс:

целлюлоза қоспасының нысанын;

целлюлоза қоспасына қойылатын талаптарды және оның технологиялық процеске әсерін;

қоспаға арналған айналманың құрылымын, жұмыс принципін, пайдалану ережесін;

жабдықты күтіп ұстау режимін;

жұмыс тәсілдерін.

Параграф 2. Целлюлозаны дайындауши, 2-разряд

447. Жұмыс сипаттамасы:

целлюлоза парагын алу кесу машиналарында және агрегаттарында жұмыс нұсқаулығына сәйкес дайындау және кесу;

айналманы қосу және тоқтату;

целлюлозаны өлшеу;

целлюлоза киптерін қайнатпа бойынша іріктеу және кесу машиналарына беру

;

кесілген целлюлозаны қатарлап жинау;

